


К Ә С І П Т І К

Б І Л І М




**Man**



**ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУ  
ӘДІСТЕМЕСІ**

К Ә С І П Т І К

Б І Л І М



Амандықова Г.Н. Мұхтарова Ш. Е.  
Баймұқанова Б.С. Бисенғалиева А.Н.

# ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

*Оқу құралы*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
кәсіптік бастауыш және орта білім беру  
ұйымдарына ұсынады

**Пікір жазған:**

*Ерсұлтанова А. С.* – ағылшын тілі пәнінің оқытушысы

**III 50** **Амандықова Г.Н., Мұхтарова Ш. Е., Баймұқанова Б. С.,  
Бисенғалиева А.Н.**

**Шет тілін оқыту әдістемесі: Оқу құралы.** – Астана:  
Фолиант, 2007. – 264 бет.

**ISBN 9965-35-179-1**

"Шет тілін оқыту әдістемесі" оқу құралында ағылшын тілін оқытудың тиімді әдістемелік әдіс-тәсілдері беріліп, білім, білік, дағдыны қалыптастыру жолдары қарастырылған.

Оқу құралы орта кәсіптік білім беру оқу орындарының студенттеріне арналған.

**III** 4602020102  
00(05)-07

**ББК 81.2 Ағыл**

**ISBN 9965-35-179-1**

© Амандықова Г.Н.,  
Мұхтарова Ш. Е.,  
Баймұқанова Б. С.,  
Бисенғалиева А. Н., 2007  
© "Фолиант" баспасы, 2007

## КІРІСПЕ

Қазіргі заман талаптарының бірі мемлекеттік және халықаралық тілдерді жетік меңгеру болып табылады. Сол себепті мемлекеттік тілде оқытылатын мектептерде ағылшын тілі пәнінен педагог кадрлар даярлау қажеттілігі туып отыр.

Бұл кітап Қазақстан Республикасының педагогикалық колледждеріне "Шет тілін оқыту әдістемесі" пәні бойынша жаңа бағдарлама талаптарына сай жазылып, ағылшын тілі негізгі пән ретінде оқытылатын топтарға арналған (үш семестр).

Оқу құралында орта және бастауыш мектептерде ағылшын тілін оқыту әдістемесінің тиімді әдіс-тәсілдері келтіріледі.

"Шет тілін оқыту әдістемесі" оқу құралы 5 тараудан тұрады:

1. Шет тілін оқыту әдістемесінің теориялық негіздері;
2. Тыңдау, сөйлеу, оқу, жазуды үйрену;
3. Орта мектепте ағылшын тілін оқытуды ұйымдастыру;
4. Мектепке дейінгі және бастауыш сынып оқушыларына ағылшын тілін оқытудың әдістері мен тәсілдері;
5. Қосымша материалдар.

Елімізде мемлекеттік тілде шет тілдерін меңгеруге арналған оқулықтың жетіспеушілігін ескерсек, бұл оқу құралы – сол олқылықтың орнын толтыруға арналған алғашқы басылымдардың бірі.

# I ТАРАУ

## ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Әдістеме ғылымына қысқаша шолу

### *Жоспар:*

- Әдістер атауы туралы түсінік
- Грамматикалық-аудармалық әдіс
- Тура әдіс. Г. Пальмер әдісі
- Қазіргі әдістер

*Әдістер атауы туралы түсінік.* Әдістемелер әр түрлі кезеңдерде оқыту мақсаттарының өзгеруіне байланысты жаңадан аталып отырды: мысалы, логикалық қағидалар бойынша синтетикалық әдіс, аналитикалық әдіс, дедуктивтік әдіс, т.б.; тіл салалары бойынша грамматикалық әдіс, лексикалық әдіс, фонетикалық әдіс; тілдің психологиялық қағидалары бойынша индуктивтік әдіс, тура әдіс; ойлап табушының аты-жөні бойынша Коменский әдісі, Гуэн, Пальмер, Уэст, Фриз, т.б. әдістері. Біз тек негізгі әдістерге ғана тоқталайық:

- 1) Грамматикалық-аудармалық әдіс – әдістеменің ең көне әдісі.
- 2) Тура әдіс 1870 жылдан бастап қолданыла бастады.
- 3) Қазіргі әдістер.

*Грамматикалық-аудармалық әдіс* көбіне классикалық тілдерді, әсіресе, латын тілін оқытуда қолданылған. Бұл әдісте тіл грамматикалық ережелерді жаттау арқылы оқытылады. Жаңа сөздер грамматикалық тақырып

көлемінде алынады. Ал, аударма жаңа сөздерді, сөз құрылымын, ережесін оқытқанда қолданылады. Барлық жаттығулар белгілі грамматикалық ереженің аясында құрылып, ана тілінен шет тіліне, шет тілінен ана тіліне аудару арқылы орындалған.

Грамматикалық-аудармалық әдістің ерекшеліктері:

1. Грамматикалық талдаудың негізі;
2. Тілді оқытудағы грамматикалық сатылар.

Грамматикалық-аудармалық әдіс бойынша сөйлемді талдаудың ең жақсы әдісі – оны әуелі ана тілінде түсініп, сөйлем мүшелерін, яғни бастауыш пен баяндауышты, толықтауышты анықтау. Әрі қарай талдауды етістіктің шағын, етісін анықтап жалғастыруға болады. Содан кейін оқушыға осы сөйлемнің шет тіліндегі аудармасын беру оңайырақ болады.

Дыбыстар, морфемалар, сөздер әр тілдің өзіне ғана төн түрінде болады, ал синтаксистің негізгі қағидалары барлық тілдерге төн. Бірақ ағылшын тіліндегі грамматикалық құрылымдар қазақ тіліндегі құрылымдармен сөйкес келмейді.

Грамматикалық-аудармалық әдіс алғашында XVIII-XIX ғасырларда мектептерде кеңінен қолданылды. Кейіннен педагогика, психология, лингвистика ғылымдарының дамуы бұл әдіске өзгерістер енгізіп, XIX-XX ғасырдың соңында "екі грамматиканың" арақатынасы ажыратылды.

Қазір де әдістемеге дәстүрлі тұрғыдан қарағанда грамматикалық-аудармалық әдіс жиі кездеседі.

Бұл оқулық – ағылшын тілін мемлекеттік тілде меңгерудегі негізгі оқу құралы. Грамматикалық ережелерді игерудің нәтижесінде тіл жаттығып, сөйлемді дұрыс құрастыру оңайға соғады.

*Тура әдіс. Г. Пальмер әдісі.* Тура әдіс грамматикалық-аудармалық әдіске қайшы әдіс ретінде дүниеге келді.

Өндіріс пен сауданың халықаралық көлемде қарқынды дамуы, капиталистік мемлекеттердің үлкен елдерді

отарлауы сияқты процестер шет тілін білетін мамандарға сұранысты арттырды. Бұл өз кезегінде жаңа әдістің пайда болуына себепші болды. Тілді іс жүзінде игеру мектептерде шет тілін оқытудың негізгі мәселесіне айналды.

Тура әдістің негізгі ерекшеліктері мынадай:

1) Шет тілін оқытудың негізгі бағыты – тәжірибелік, яғни, бірінші орынға сөйлеу қойылуы;

2) Ана тілінің екінші орында, тіпті назарсыз қалуы;

3) Тілді үйрету ісінде аударманың өте аз мөлшерде, керісінше, ауызша-жазбаша жаттығулардың көп қолданылуы;

4) Грамматиканы оқытуда индуктивтік әдістің қолданылуы (грамматикалық әдісте грамматикалық ереже бірінші беріліп, жаттығулар орындалады, ал бұл әдісте әуелі жаттығулар орындалып, содан кейін грамматикалық тұжырым жасалады).

5) Айтуды үйретуге үлкен көңіл бөлінеді;

6) Мәтіндердің мазмұнына, әсіресе, тақырыпқа байланысты мәтіндер құрастыруға назар аударылады.

Бұл әдістің тура әдіс деп аталуының себебі – шет тілін оқытуда, шет тілімен беретін түсініктің арасындағы байланыстың тура болып, ана тілінің мүлдем қолданылмауы.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында тура әдістің бірнеше түрлері пайда болды. Тура әдісті жақтаушылар Г. Гуэн, М. Валтер, т.б.

Бұл әдісті пайдаланатын мұғалімдер тіл үйретудің алғашқы күнінен бастап, оқушыны әңгімелесуге тартады, заттарды, суреттерді пайдаланып, сөйлемнің мағынасын түсіндіру үшін қимылдар жасайды.

Тура әдісті қолданушылар өте көп. Осы әдіс оқушылардың шет тілін меңгеруге деген қызығушылығын арттырады.

Дегенмен, бұл әдісті қолданудың қиыншылықтары да жоқ емес. Мәселен:

1) Оқу материалы мен жаңа сөздер ғылыми негізсіз іріктеледі. Бұл әдіс тек тақырыптық негізге сүйенеді, ол үшін оқушы өте көп жаңа сөздерді білуі керек.

2) Мектепте оқушылардың сөйлеп үйренуіне жағдайдың болмауы.

3) Тәжірибесіз мұғалімдер қолданса, өте тиімсіз болып келеді.

Тура әдістің негізгі қағидаларын ұсынған атақты ағылшын әдіскерлері Г.Пальмер мен М.Уэст болды.

Г.Пальмер әдісінің негізгі қағидалары:

– Шет тілін оқыту ауызша сөйлеуден басталады.

– Шет тілін оқыту іріктелген материалдардың негізінде жүзеге асырылады. Г. Пальмердің ұсынуы бойынша оқытылуға тиіс жаңа сөздердің мөлшері 3000 сөз болды.

Пальмер ауызша оқытудың мынадай жолдарын ұсынды:

– іс-қимыл арқылы (Мұнда арнайы жасалған заттарды көрсетіп, қимыл арқылы білдіретін жаттығулар ұсынылады);

– сөйкестендірудің 100 кестесі (Оқушылар осы кестелердегі ағылшын тіліндегі мысалдарға қарап, сөйлемдер құрауы тиіс).

Г.Пальмердің бұл әдістері қазіргі кезде де жиі қолданылады және оқушыларға мынадай мүмкіндіктер береді:

– сөйлем үлгілерінде үнемі қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерінің берілуі ауызекі сөйлеуде көмектеседі;

– тыңдау жаттығуларының көп болуы оқушыға жылдам сөйлегенде ағылшын тілін түсінуге мүмкіндік береді.

Сөйкестендіру кестесінің үлгісі мынадай:

I	saw	two	books	here	yesterday
You	put	three	letters	there	last week
We	left	a few	keys	on the table	on Sunday
They	found	some	good ones	in this book	this morning

Шет тілін оқыту – мұғалімнің үздіксіз еңбегінің және оқушының оған жауабының тізбегі. Шет тілін үйренуде оқушы мынадай кезеңдерден өтеді:



## I. а) Қабылдау.

Бұл кезеңде мұғалім сөйлейді. Оқушы мұғалімнің сөзін тыңдайды. Мысалы: Мұғалім сынып бөлмесіндегі заттарды көрсетіп, оларды атайды.

This is a book. Look at the book. I'm going to put the book on the table.

ә) Мұғалім сөйлейді. Оқушыларға тапсырма береді. Мысалы: "Дауыс ырғағына назар аударыңыз".

б) Бұйрықтарды орындау жаттығулары.

Мұғалім оқушыларға бұйрықтар береді.

Мысалы: Get up. Sit down. Come here.

Мұғалім бұйрықтарды ымдап түсіндіреді.

в) "Yes", "No".

Мұғалім сұрақ қояды. Оқушылар тек "Иә" не "Жоқ" деп жауап береді.

II. Қабылдау – еліктеу.

Мұғалім сөйлейді. Оқушылар қайталайды.

III. Өңгімелесу.

Оқушы әр түрлі сұрақтар қойып, оған жауап беруді үйренеді.

IV. Сөйлеу.

Мұғалім оқушымен ағылшын тілінде сөйлеседі.

Жалпы, Г.Пальмер әдісінің негізі – сөйлеуді үйрету, ал М.Уэст болса, керісінше, басты міндет қылып оқуды қойды. М.Уэст оқу арқылы шет тілін үйренетін әдістемелік жинақтар жасады:

а) оқуға арналған кітаптар

ә) жаттығу кітаптары

Бұл екі ағылшын әдіскерлері ағылшын тілін оқыту әдістемесіне үлкен үлес қосты.

Қазіргі әдістеме *дәстүрлі және аудио-лингвистикалық оқыту* деп екіге бөлінеді. Қазіргі әдістеменің негізгі қағидалары:

- тыңдауды және сөйлеуді дамыту
- сөйлеу үлгілерін пайдалану
- аударманы өте аз қолдану
- грамматиканы үлгі арқылы оқыту

– сөйлеуді үйретуде өмірмен тығыз байланысты жағдайларды қолдану

Мұғалім оқушыларды шет тіліне үйрету үшін өзі:

– шет тілін жетік білуі

– педагогика мен психологияны жақсы білуі

– оқыту әдістері мен техникасын білуі

– оқыту әдістерін оқу процесінде шебер қолдана білуі керек.

### ***Сұрақтар мен тапсырмалар***

1. Грамматикалық-аудармалық әдіс қай уақытта қолданылады? Оның негізгі қағидалары қандай?

2. Тура әдістің негізгі қағидалары қандай?

3. Сәйкестендіру кестесін тұңғыш ұсынған кім?

4. М. Уэст ұсынған әдістердің негізгі қағидасы қандай?

5. Грамматикалық-аудармалық әдіс пен тура әдістің айырмашылықтарын атаңыз.

6. Оқулықтағы сәйкестендіру кестесін тауып, зерттеңіз.

## **АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ**

### **Әдістеме сөзінің түсінігі**

#### ***Жоспар:***

- Әдістеме және әдіс туралы түсінік
- Сабақтағы мұғалімнің қызметтері және қолданатын әдістері
- Сабақтағы оқушының қызметтері
- Ағылшын тілін оқытудағы көрнекілік әдіс

*Әдістеме дегеніміз* – қойылған мақсатқа жету жолы. Педагогика ғылымында әдістеменің екі түрі бар: оқыту және тәрбиелеу әдістемесі.

Әдістеме – мұғалім тәрбиесінің педагогикалық шеберлігінің негізі. Шет тілдеріне оқыту әдістемесінде

"әдіс" сөзі мынадай ұғымда қолданылады: біріншіден, ол оқытудың белгілі бір мақсатына, мазмұнына және қағидаттарына (принциптеріне) негізделген тұтас бір бағыт.



Мысалы: грамматикалық-аудармалық әдіс, тура әдіс, т.б. Грамматикалық-аудармалық әдісінің негізіне логикалық ойлау мен оқушының шет тіліндегі мәтінді оқып аудару білуі мүмкіндігі жатады. Көбіне грамматикалық ережелерді оқып білуге көңіл бөлінеді. Тура әдісте алдымен сөйлеу дағдыларын қалыптастырып, шет тілін түсіне және сөйлей білуге үйретеді, сондай-ақ оқу және жазу да қатар үйретіледі.

Екіншіден, "әдіс" сөзі белгілі бір автордың ұсынған оқыту жүйесіндегі бағытын білдіреді. Мысалы: тура оқыту әдісіндегі Француз Гуэн әдісі, Г.Пальмер әдісі, Майкл Уэст әдісі, т.б.

Үшіншіден, *әдіс* дегеніміз – оқушы мен оқытушының арасындағы белгілі бір тәртіпке байланысты процесс. Бұл ретте әдіс оқытудың қағидаттарымен айқындалатын іс-әрекет арқылы анықталады.

Егер оқытуды тұтас жүйе ретінде алып қарасақ, оның екі құрастырушысы бар: оқытушы (мұғалім) және

оқушы (оқушы, студент). Оқытушы оқушының оқуға деген қызығушылығын оятып, оны басқарып, бағыттап отыруы керек. Оқу – өте белсенді процесс, онда оқушы оқыту жұмыстарының бәріне қатысуы керек. Бұл екі жақты іс-әрекет: біріншісі – оқытады, екіншісі – оқиды, мұнда екі жақтың атқаратын іс-әрекетін бөлек қарауға болады.

*Сабақтағы мұғалімнің қызметтері.* Оқытушы ұйымдастыру, оқыту және бақылау қызметтерін іске асырады. Ал оқушының міндеті – оқу материалымен танысу, үйренген шет тілін арақатынас құралы ретінде қолдана білу, үйрену және шет тілінде түсінгенін айтып, еркін сөйлеуге талпыну және мәтінде кездесетін таныс емес сөздердің мағынасын түсіну.

*Оқытушының өз міндеттерін ұйымдастыруы.* Мұғалімге қойылатын басты талап – оның ұйымдастыру қабілетінің жоғары болуы. Оқушыны оқу материалының (тілдік және сөйлеу) дағдыларын үйретуге, жаттығуға үйретіп, оқу процесін ұйымдастыруы тиіс.

Мұғалімнің бастапқы кездегі ұйымдастыру қызметінің маңызы зор, себебі, шет тілі – оқушылар үшін жаңа пән және ана тілінен кейінгі екінші тіл. Бұл ерекшеліктерді міндетті түрде ескерген жөн. Бірінші сабақтардан бастап әр оқушыны сабаққа тартуға тырысу қажет, ол үшін оқыту тәсілі мен тәртібін дұрыс құра білу керек. Бастапқы кезде хормен, жұппен, топпен жұмыс істеп, сонымен бірге ойын, жарыс ұйымдастырып, көрнекі құралдарды пайдалану қажет. Мысалы, 2-сынып оқушыларына магнитофон тыңдатып, оған еліктеуге үйрету қажет.

Мұғалімнің оқыту қызметіне түсіндіру, талқылау, хабарлау, түзету және үйреніп жатқан тіл арқылы білімді толықтыру, тілді ауызша және жазбаша қарым-қатынас құралы ретінде пайдалануға үйрету жатады.

Мұғалімнің бақылау қызметіне оқу материалын оқушының (түсінгенін, түсінбегенін) білуі және жаттығуды қалай орындағанын (дұрыс, дұрыс еместігі), байланыс құралы ретінде қолданғанда (байланыс құралы

орындалды, орындалмады, қалай орындалды) немесе оны қолдану үшін не кедергі болғанын, т.б. анықтау жатады. Ал енді оқушының қызметіне не жатады, соны қарастырайық.

*Оқушының қызметтері.* Оқушының негізгі міндеті – оқу құралдарымен танысып, формасын, маңызын және қолдануын түсіне білу. Келесі міндеті – жаттығу. Жаттығу дегеніміз – оқу материалын бірнеше рет есту, сөйлеу және көру мүшелері арқылы өткізіп, оны есте сақтау.

Шет тілін жаттығусыз оқып-үйрену мүмкін емес. Оқушының тағы бір міндеті – қолдану, яғни үйренген тілді қатынас құралы ретінде пайдалана білу. Оқу процесінде оқушы мен оқытушының іс-әрекеті тығыз байланысты, бұл оқытудың әдістемесін анықтауы қажет.

Ағылшын тілін оқытудағы көрнекілік әдіс. Әдістеме оқытушының қызметін көрсетіп, оқушының материалымен танысуына, жаттығуына, қолдануына сілтеме жасауы тиіс. Әдістеме дегенімізді оқушының оқуын басқару тәсілі деп түсінуімізге де болады. И.Л.Бим көрсеткендей, әдістемелік негізгі және қосалқы түрлері бар. Негізгі әдістемеге:

- 1) таныстыру
- 2) жаттығу
- 3) қолдануды жатқызуға болады


Қосалқы әдістемеге:

- 1) бақылау
- 2) түзету
- 3) бағалау жатады

Ал оқушының қызметінің негізгі әдістеріне

- 1) танысу
- 2) жаттығу
- 3) қолдануды жатқызуға болады

Қосалқы әдістерге өзін бақылауды алуға болады. Мына сызбамен танысайық.



Сабақтың бір бөлігін беру үшін әуелі көрсету қажет. Мұғалім затты көрсете алады, оның ағылшын тіліндегі атауын айтып көрсетеді. Ағылшын тіліндегі сөздерді атау үшін ол заттың суретін салып көрсетеді, фланелограф, магнитті тақтада көрсете алады. Магнитофон, ұнтаспалар қолдануға болады.



## Шет тілін оқытудың мақсаттары

### Жоспар:

- Шет тілін оқытудың мақсаттары туралы жалпы түсінік
- Тәрбиелік мақсаты

- Білім беру мақсаты
- Дамыту мақсаты
- Әр сабақтың негізгі және қосалқы мақсаттары

*Ағылшын тілін оқыту мақсаттары мен міндеттері.*

Оқытудың мақсаты оқу бағдарламасымен айқындалады.

Оқу бағдарламасында пән атаулары мен тақырыптары, сағат саны белгіленеді, бұл оқытудың негізгі құжаты болып табылады. Бұл құжат оқулықпен салыстыру барысындағы өзгерістердің, толықтырулардың көрінісі. Сондықтан мұғалім өзінің оқыту-тәрбие жұмысын осы бағдарламаларға сүйене отырып жоспарлап, жүзеге асыруы тиіс. Бағдарламаның түпкі және қосалқы мақсаттарын ажырата білу керек, себебі әр сабақтың негізгі және қосалқы мақсаттары болады.

Негізгі және қосалқы мақсаттардың қатынасы, кезектері, байланысы мұғалім үшін айқын болуы керек. Оқытудың негізгі үш түрі бар:

- 1) тәрбиелеу
- 2) ағарту
- 3) дамыту

Оқыту мақсатының төрт түрі бар:

- 1) тәрбиелік
- 2) дамыту
- 3) ағартушылық
- 4) тәжірибелік (практикалық)

*Оқытудың тәрбиелік мақсаттары.* Оқушылардың көпшілігі ағылшын тілін оқуға үлкен қызығушылықпен кіріседі. Олар ағылшын тілінде қалай сөйлейтінін естігісі және сөйлегісі келеді. Бастапқы кезеңде аз сөздерді ғана айтса да, соған қуанады. Олар амандасып, қоштасып үйренеді, заттардың атауларын білгісі келеді. Мұғалім осы кезде олардың тілін тыңдап, қолдап, дамытып отыруы қажет. Қарым-қатынас екі жақты болуы керек, ол тыңдай білуге, сұрай білуге үйретеді. Мәдениетті сөйлей білуге шет тілі арқылы қол жеткізуге болады. "Адам адамға – дос, жолдас, бауыр" деген моральдық қағиданы есте ұстаған жөн.

Оқушылар оқуға үйренеді, кітап оқи білудің тәрбиелік маңызы зор. Ағылшын тілінде оқуды үйрету оқу мәдениетін көтеруге көмектеседі. Сондай-ақ мәнерлеп оқу да оқушының мәдениеттілігін көрсетеді. Оқу арқылы интеллектуалды еңбекті де дамытуға болады.

Балаларды оқи білуге, ақыл-ой еңбегінің тәсілдеріне үйрету керек, ол жазбаша және ауызша жаттығулар жасау үшін қажет. Оқушылар оқулықты, сөздікті және анықтамалықтарды пайдалана білуі керек, оқулық белгілерін түсіне білуі керек. Оқыту эстетикасы талғамды да қалыптастырады.

Ағылшын тілінде білім алу мен тәрбие "education" деген бір сөзбен беріледі, олар бір-бірімен өзара тығыз байланысты.

*Оқытудың дамыту мақсаттары.* Дамыту мақсаттарын оқушылардың сезім, қозғалыс, ақыл-ой, ерік-жігерін дамыту арқылы жүзеге асыруға болады. Даму тек қана ойлаумен байланысты емес.

Оқу-ұйымдастыру білігі мен дағдысын қалыптастыру дамытушылық мақсаттардың негізі болып табылады. Себебі, оқушының тіл білімі деңгейін жоғарылату және сол тілде ойлауды дамыту – тіл білімін дамытудың басты мақсаты.

Әйтсе де, оқытудың барлық мақсаттары өзара тығыз байланысты. Демек, қарастырып жатқан мақсаттардың барлығы кез келген тілді үйрену үшін өте маңызды. Сондықтан осы мақсаттарды алға қою арқылы қалаған тілді меңгеруге болатынын көреміз.

*Оқытудың ағартушылық мақсаттары.* Кез келген тілдің ағартушылық қызметі өте зор. Әрбір тіл сол тілде сөйлейтін халықтың мәдениетінің тікелей көрсеткіші (мәселен, француз тілі – француздар мәдениеті туралы хабар береді, иврит тілі – еврейлердің мәдениетінің көрсеткіші болып келеді). Оқушылар жаңа тілді оқып үйрену үшін сол тілде сөйлейтін халық туралы хабардар болады, өз ойын дұрыс жеткізе алуды үйренеді, осының бәрі – тілді оқытудың ағартушылық мақсаты.



Ана тілін оқып үйренгенде тілдің негізгі құралдары – сөздер мен грамматикалық формалар туралы түсінік қалыптасады. Ал, шет тілінің терминдерімен салыстыру арқылы оқушы туған тілдің сөздері мен грамматикасының категориясын толық түсіне алады. Сондықтан, мұғалім бірінші сабақтан бастап ана тілі мен шет тілін салыстыра отырып оқытады.

Мысалы: Верещагина, Притыкина ағылшын тілін өлең арқылы таныстыруды ұсынады ("What is your name?"). Мысалы, дауысты дыбыстың ұзақ-қысқалығы, т.б. сипатына қарай. Шет тілінде оқыту логикалық ойлауды дамытады. Мысалы, Listen, read and compare. Тілді үйрену тыңдау, көру, есту, қозғалыс мүшелерін белсенді пайдалануға үйретеді, ол есті, зейінді, қиялды, ұғымды дамытады.


*Оқытудың тәжірибелік мақсаты.* Оқытудың тәжірибелік мақсатын түсіну үшін шет тілі пәнінің ерекшелігімен танысуымыз қажет. Тіл – сыртқы дүние мен қоршаған орта туралы білім алу көзі.

Бұл пәнді оқытуда оқушылар шет тіліндегі атаулармен, құбылыстармен танысады. Танысу ауызша және жазбаша түрде жүреді. Осы екі түрді меңгеру шет тілін игерудің тәжірибелік мақсаты болып табылады. Яғни, оқушы шет тілін ауызша және жазбаша түрде пайдалана білуі тиіс.

Шет тілін тыңдап түсіне білу (аударғанша) және сөйлей білу ауызша түрге жатады. Жазбаша түрге тілдің жазбаша түрін пайдалана білу немесе жазу және шет тілінде жазылған мәтінді оқи білу жатады.

Сызба түрінде былай көрсетуге болады:

#### Тілдің қатынас құралы



Тыңдау, сөйлеу, жазу және оқу дағдыларын қалыптастыру оқушының тілді ауызша да, жазбаша да жақсы меңгеруіне тікелей әсер етеді.

Тілді жақсы меңгеру үшін бастауыш сыныптарда осы төрт дағдының негізін берік қалыптастыру қажет. Бастауыш кезеңде нені оқып үйренуге болады?

Жоспарланған нәтижелер оқу бағдарламасында көрсетілген. Оқыту әдістемесін кешенді дұрыс пайдалану – оны оқытудағы белгілі бір нәтижеге жетуге болатынын көрсетті. Мысалы, 5-сыныпта 1 минут ұзақтығындағы сөзді түсінуге мүмкіндік бар. Мысалы: "On a Sunday in spring" мәтінінде 1000 баспалық белгісі бар мәтінде "Кім? Қайда? Қашан?" сұрақтарына жауап беретін ақпарат және тәрбиелік мәні бар.

Бастауыш кезеңнің аяғында оқушы мыналарды білуі тиіс:

- Амандасу – Good morning!
- Қалын сұрау – Hello! How are you?
- Қоштасу – Good bye!
- Таныстыру – This is Mike.
- Жауап беру – Hello! Glad to meet you.
- Туған күнімен құттықтау – Happy birthday!
- Жаңа жылмен құттықтау – Happy New Year!
- Рұқсат сұрау – May I .....
- Кешірім сұрау – I am sorry.
- Рақмет айту – Thank you!
- Өзінің кім екені, мекені, отбасы, қызметі, өзінің туғандары, достары, мектебі, үйі, көшесі, қаласы туралы айтып және суреттеп беру.

– Сұрақтарға жауап беру, сұрақ қою.

Бастапқы кезде оқу мен жазу негіздері қаланады.

Оқушылар ағылшын тілінде оқуды үйренеді. Оқу техникасы мен дауыс ырғағын қалыптастыру үшін арнайы жаттығулар бар. Дауыстап оқу, жазу бірінші оқу кезеңінде қалыптастырылады.

## Ағылшын тілін оқыту мақсаттары



### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Неліктен әрбір мұғалім оқыту бағдарламасын толық білуі тиіс?
2. Орта және орташа мектептерде шет тілін оқыту қандай мақсаттарды көздейді?
3. Шет тіліне оқытудың үш мақсатының негізгі мәні неде?
4. Шет тілінің оқыту бағдарламасын алып, оқыту мақсаттарымен толық танысып шығыңыз.
5. Бағдарламаның түсініктемесін қарап шығып, шет тіліне оқытудың мақсаттарын анықтаңыз.
6. Өзіңіз сабақ беретін сыныптардағы сөйлеу іс-әрекеттерінің сандық және сапалық ерекшеліктерін анықтаңыз.
7. Осы тақырыппен танысқаннан кейін мұғалімдерге арналған түрлі оқулықтармен танысып шығыңыз.

### Ағылшын тілін оқытудың мазмұны

#### **Жоспар:**

- Оқытудың мазмұны – әдістеменің негізгі мәселесі
- Лингвистикалық компонент
- Психологиялық компонент
- Әдістемелік компонент

Оқытудың мазмұны әдістеменің негізгі мәселесі болып табылады. Мазмұн ағылшын тілін пән ретінде қалай және нені оқыту керектігін анықтайды.

Оқытудың мазмұны негізгі 3 компоненттен тұрады:

- 1) лингвистикалық
- 2) психологиялық
- 3) әдістемелік

Мұғалім осы 3 компонентке байланысты нені оқытуды білуімен қатар, неге осы 3 компонентке сүйеніп оқыту керек екенін білуі керек.

*Лингвистикалық компонент.* Лингвистика ғылымынсыз оқытудың мазмұнын анықтау мүмкін емес. Лингвистика ғылымы – тілді белгілі бір таңбалар жүйесі ретінде зерттейді. Адамдар бұл таңбалар жүйесін өзара түсінісу үшін қолданады. Ал әдістеме осы белгілерді оқыту жолдарын іздейді. Лингвистика тілдің нормаларын, оның дыбыстық, морфологиялық-синтаксистік, лексикалық жақтарын, оның ауызша және жазбаша түрлерін зерттейді.

Сонымен бірге тілдің белгілі бір белгілер жүйесі мен қызметін қарастырады. Ал сөйлеу дегеніміз – осы белгілер жүйесін қарым-қатынас барысында қолдану. Тіл мен сөйлеу бір құбылыстың екі құрамдас бөлігі, олар бір-бірін толықтырады.

Тілдің және сөйлеудің өзіне тән бірліктері бар. Тілдің бірліктеріне: фонема, морфема, сөз, фразеологиялық бірлік, микро және макромәтіндер жатады.

"Оқытудың мазмұнын анықтауда тілге немесе сөйлеуге үйрету керек пе?", "Тілді жүйе түрінде оқыту керек пе, әлде сөйлеуді үйрету керек пе?" деген сұрақтар пайда болады.

Тілді лингвистикалық феномен ретінде оқытса, ол тәжірибелік қарым-қатынас құралы ретінде қолданылмайды. Егер грамматиканы, лексиканы, фонетиканы қарым-қатынас құралы ретінде қолдануда бір-бірінен бөлек оқытса, ол ешқандай коммуникативтік міндеттерді шеше алмайды.

Ағылшын тілін оқытуда сөйлеуден тілге қарай жүру жүйесін сақтау немесе тілді ұйымдастырған мақсатты сөйлеу процесі арқылы үйрету керек. Сөйтіп, мазмұнның лингвистикалық компоненті шығады, оған мынадай тілдік материалдар жатады: нақты іріктелген фонетикалық, грамматикалық, лексикалық минимумдер және тілдік материалдар, сөздік үлгілер. Іріктеу, жүйелілік және мөлшер қарым-қатынастың мөлшеріне байланысты. Тілдік үлгі *сөйлем, диалог, монолог* түрінде беріледі және сөйлемнің түрлері ретінде беріледі. Осындай тілдік үлгілер тілдің жүйесін құрайды және ол үйренушінің есінде қалады.

Ал оқыту бірліктері белгілі бір жағдайларға байланысты сөйлемдер арқылы беріледі. Олар белгілі бір ырғақпен айтылады.

Оқыту мазмұнына тіл білімінің әлеуметтік лингвистика бөлімі де әсер етеді. Бұл бөлімде тілдің мәдениетпен, қоғаммен қарым-қатынасы зерттеледі.

Лингвистика әдістеме мен оқытудың лингвистикалық компонентін анықтауға мүмкіндік береді. Лингвистикалық компонентке тілдік және сөйлеу материалдары кіреді.

Тіл – ұлттың негізгі белгілерінің бірі. Сондықтан шет тіліне үйрету белгілі бір жүйеге үйрету ғана емес, сонымен қатар сол тілде сөйлейтін халықтың мәдениетіне үйрету. Қазіргі әдістемеде елтану туралы мәліметтер көп қолданылады, ол сол елдің жағрафиясын, тарихын, өмірін зерттеуге арналған. Олар тыңдауға және оқуға арналған мәтіндер арқылы беріледі.

*Психологиялық компонент.* Психология ғылымынсыз оқытудың мазмұнын анықтау мүмкін емес. Психология адамның іс-әрекеті мен оның қалыптасуын зерттейді. Шет тілінде сөйлеу де адамның іс-әрекетінің түріне жатады. Сөйлеу әрекетінің құрылысын зерттейтін ғылым саласын – психолингвистика деп атайды. Мұнда адамның сөйлеу әрекеті, тыңдағанда және сөйлегенде жүретін іс-қимылды, әрекетті ойлау моделі ретінде зерттейді. Психолингвистер сөйлеу және тыңдау процесінде қандай

тілдік бірліктер қандай тәртіппен қатысады, тілдік жүйе қандай тәртіппен оқылатынын зерттейді.

Сөйлеу процесінде сөйлеу механизмі қалыптасады; тыңдау мен оқуда тілдік материал қабылданады; сөйлеу мен жазуда тілдік қор пайдаланылады.

Диалог, әңгіме, мәтіндер тек сөйлеу әрекеті арқылы жүзеге асырылады. Сөйлеу әрекеті – тілдік және сөйлеу материалы дағдылары мен біліктілік арқылы дамытылғанда ғана мүмкін болады.

Дағды дегеніміз – жаттығу мен қайталау арқылы автоматтандырылған іс-әрекеттің бөлігі. Мысалы: А.Леонтьев сөйлеу дағдысы деп өте жоғары дамытылған сөйлеу әрекетін айтады.

Шет тілін меңгеру – тілдік дағдылар жүйесін үйрену, ол үшін тілдік біліктілік керек. Тілдік біліктілік шығармашылық іс-әрекетпен байланысты. Ол ойлаумен, эмоциямен, елестетумен байланысты. Ал Е.И. Пассов дағдыға – айту, грамматикалық, лексикалық, графикалық, орфографиялық, оқу және жазу дағдысын жатқызады.

Сонымен қатар, психологиялық компонентке коммуникативтілік мақсат үшін тілдің дағдысын және біліктілігін пайдалана білу жолы жатады.

*Әдістемелік компонент.* Қазіргі дидактика ғылыми-оқу процесінде оқушының белсенділігін арттыруға, әдістерді жоспарлауға, ұйымдастыру мен бақылауды пайдалануға көп көңіл бөледі. Бұл жағдайда мұғалім оқу процесін ұйымдастырушы болып табылады. Оқушының белсенділігіне басты назар аударылады.

Тілді үйренудің нәтижелілігі оқушыға тікелей байланысты, олар мүмкіндігінше шет тілінде көп сөйлеп, тыңдап, оқып, жазулары керек. Немесе М. Уест сөзімен "A language is not a subject which can be taught: it is a subject which must be learnt".

Тілдік ортаның болмауы тілді оқыту ісінде кері әсер етеді. Сондықтан мұғалім сабаққа шығармашылықпен әзірленуі керек, тілді үйренуді оқушы тек сабақта ғана емес, сабақтан тыс уақытта да ұмытпауы керек.

Тіл сабағы бастауыш сыныптарда аптасына 3-4 рет болса, жоғары сыныптарда 1 рет болады, сондықтан жо-

ғары сыныпта өзіндік оқу ерекше маңызды. Ол үшін оқушыны оқу әдістеріне, тәсілдеріне үйрету керек.

Мысалы, оқушы тілдік дәлелді бақылап үйренеді.

Белгілі бір сөзді айтып үйренуде сөздің айтылуының айырмашылығын үйренеді, сол арқылы оқылу ережесін үйренеді, пайдаланады.

Оқыту процесінде екі тілдің ұқсастықтарын да пайдалану қажет. Оқушыны жазу, оқу тәсілдеріне, оқулықты, оқу құралдарын пайдалануға үйрету қажет.

Осы айтылғандардың барлығы оқытудың 3-компонентін – әдістемелік компонентті құрайды.

Әдістемелік компонент – оқудың тәсілдерін үйрену, қарым-қатынас жасау үшін тілдік дағдыны және біліктілікті қалыптастыру.

Шынында да, белгілі бір дағдысыз, білімсіз шет тілін оқып-үйрену, сөйлеу, айту, жазу мүмкін емес. Ол үшін күнде шамалы болса да оқып тұру қажет, сөздерді жаттау қажет. Бұдан басқа тілді үйрену жолы жоқ.

Сонымен 3 компонентті атайық:

1. Лингвистикалық компонент: тілдік және сөйлеу материалы.

2. Психологиялық компонент: дағды мен біліктілікті қалыптастыру.

3. Әдістемелік компонент: оқыту тәсілдерін игеру әдістері.



## ***Сұрақтар мен тапсырмалар***

1. Ағылшын тілін оқытудың мазмұны дегеніміз не?
2. Оқытудың мазмұнының қандай түрлерін білесіз?
3. Оқыту мазмұнының негізгі 3 компонентінің айырмашылығы қандай?
4. Мұғалімге арналған оқулықтың "Жоспарлау" бөлімімен танысып шығып, Сіздің оқушыларыңыз қандай тілдік және сөйлеу материалдарын игеру керек екенін анықтаңыз.
5. Оқушыларыңызды шет тілін оқытудың тиімді әдістерін таңдап оқыту туралы жоспар құрыңыз.

### **Әр сыныптағы шет тілін оқытудың мазмұны және оқуға қойылатын негізгі талаптар**

Оқудың алғашқы сатысында білім дағдыларының негізі қолданылады. Мұнда дұрыс айту, дұрыс оқу және жазу техникасын меңгеру керек. Бұл меңгерген білім дағдылары оқушыларды сөйлеуге баулитындықтан, оқытудың бұл кезеңі тілді үйретудің жауапты кезеңі. Барлық материал ауызша сөйлегенде қолдануға арналған болғасын тіл материалын үйретуде өнімдік (продуктивтік) материалдарды оқушылар оқуда да, тыңдауда да түсіне білу керек.

Демек, бұл материал рецептивті түрде де меңгерілуі тиіс. Осыған басты лексика-грамматикалық материалдарды игерудегі басты мақсат – сол материалды үлгі негізінде есте сақтау. Лексикалық грамматикалық түрлендіру, алмастыру, топтастыру, жинақтау сияқты оқу әрекетінің түрлерін қалыптастыру керек. Мемлекеттік тілде материалды саналы түрде меңгеру үшін нұсқау ереже, сөйлем құрылысы сызбаларын пайдаланады. Оқытудың бұл кезеңінің соңында оқушылар мәтіндегі лексикалық, грамматикалық материалды өз бетімен танып түсіне білулері керек. Оқытудың алғашқы сатысының соңында оқушылар төмендегідей біліктілік дағдыларын меңгеруі тиіс:



- берілген тақырып пен жағдайға сәйкес келетін сөз тіркестерін тез және дұрыс таңдай білу
- грамматикалық ережеге сүйеніп сөз тіркестерін құрастыра білу
- лексикалық және грамматикалық материалды жаңа жағдайда қолдана білу
- сөйлем құрауда басты синтаксистік ережелерге сүйеніп сөйлемдегі сөздерді дұрыс қолдана білу
- оқу тәсілдерін таңдау кезінде өткен тілдік материалды тұлғалық белгісіне қарап айыра білу

Оқытудың алғашқы сатысында оқушылар шет тілін пән ретінде анық қалыптастырып, оны үйренудің тәсілін білетін болу керек. Жаңа ұғымдардан мәлімет алып, бір ойды әр тілде, әр түрлі жолмен беруге болатынын аңғарады. Сонымен қатар заттың мазмұнын айқындауда олардың танымдық белсендіктері артады. Осы кезеңдегі ауызша сөзбен оқуға арналған тақырыптар тәрбиелік, білімділік міндеттерді де жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл кезеңдегі оқыту нәтижесін сыныптан тыс жұмыстардан көруге болады. Жұмыстың мазмұнын шет тілі пәнінде өткен лексикалық, грамматикалық ұғымдарды, мәтіннің мазмұнын түсініп, тақырыбын дұрыс қоя білу, жоспар жасай білу, мәтіндегі негізгі ойды таба білу, орыс және ана тілімен байланыстыра алуы сияқты пәнаралық байланыста жүзеге асырады.

### **Мәтіндерді оқу және оларды түсінуге қойылатын талаптар, оқу техникасын меңгеру**

Бейімделген және бейімделмеген мазмұндық және композициялық тілдік материалдар мен түрлі түпнұсқалық мәтіндер әр түрлі дәрежеде толық және дәл түсінуді талап етеді. Оқу – сөз әрекетінің түрі, оны жүзеге асыру үшін оқу техникасын жақсы меңгеру керек. Мәтін мазмұнын әр түрлі дәрежеде түсіну оның қандай мақсатпен оқылуына және қабылданған ақпараттың қолданылуына байла-

нысты. Осыған орай, оқу түрлерін мәтін мазмұнын толық түсініп оқуға байланысты жіктейміз. Оқудың тағы бір түрі – жоғары сынып оқушылары газет ішіндегі мақаланы талдай білуі керек. Мәтінмен жұмыс істеу барысында әр түрлі тәсілдерді қолданудың, сөздіктер, анықтамалықтар, басқа да түрлі әдебиеттерді пайдалана отырып, өз бетімен жұмыс істеудің маңызы зор.

Оқуға қойылатын талаптар сынып жоғарылаған сайын мәтін көлемі, оның мазмұны мен тілі күрделеніп отырады. Оқытудың әр сатысында сөз әрекетінің негізгі түрлерінің арақатынасы бірдей емес, төменгі сатыда ауызша сөз басым болса, ортаңғы сатыда ауызша сөз бен оқудың үлесі бірдей болады.


Ал жоғарғы сатыда оқу басым болады. Мұнда ауызша сөз оқу негізінде және оқуға байланысты жүзеге асырылады. Осыған орай, бағдарламада төменгі және ортаңғы сыныптар үшін ауызша сөйлеу мен мәтін оқуға арналған тақырыптар жеке көрсетіледі де, жоғары сынып оқушылары үшін тек оқуға арналған тақырыптар ғана көрсетіліп беріледі.

### **Ағылшын тілін оқытудың әдістемелік қағидаттары (принциптері)**

#### ***Жоспар:***

- Оқыту принциптері – оқудың ең маңызды негізін салушы қағидасы
- Оқыту принциптерінің түрлері
- Оқытудың арнайы принциптері
- Оқытудың жалпы дидактикалық принциптері

*Оқыту принциптері* – оқудың ең маңызды негізін салушы қағидасы болып есептеледі, принциптер негізінде оқытудың мақсаты, мазмұны, әдістері арасындағы қарым-қатынас анықталады.



### *Арнайы қағидаттар*

*Қарым-қатынас жасауға* бағытталған қағидат қазіргі заманғы әдістемелік негізгі принцип болып есептеледі. Бұл қағидат бойынша оқушыларға ағылшын тілін үйрету, тыңдап түсіну, сөйлеу іс-әрекеттері арқылы ауызша сөйлеуді арттыру, оқу және жазу арқылы жазбаша қарым-қатынас жасау жүзеге асырылады.

Яғни, ағылшын тілінде оқыту бағдарламасы аяқталғанша сөйлесу, әңгімелесу арқылы қарым-қатынас үйреніп жатқан тілде болуы тиіс.

*Екінші оқыту қағидаты* – бөлу және біріктіру арқылы. Сөйлеудің әрбір түріне тән таңдау іс-әрекеті, лексикалық-грамматикалық сипаттамаға сай болады. Сонымен бірге, тіл үйрену кезінде дыбыстауға үйрену, сөзге, грамматикаға, сөйлем жасауға үйренген кезде, барлық сөйлеу іс-әрекеттері қоса жүреді. Шет тілге үйренудің алғашқы кезеңінде бөліп оқыту немесе біріктіріп оқыту негізінде іске асады.

*Үшінші қағидат* – *ана тіліне сүйене оқыту принципі*. Бұл қағидат бойынша, барлық грамматикалық, лексикалық, орфографиялық қиындықтар ана тіліндегі баламалармен салыстырмалы түрде, балалардың ана тіліндегі білімі ескеріле үйретіледі.

*Жалпы әдістемелік (дидактикалық) қағидаттар.* Негізгі принцип – тәрбиелеп оқыту қағидаты. Шет тілін үйретуде оқытумен қатар тәрбиелік мақсат та көзделеді. Яғни, ағылшын тіліне үйрену оқушының эстетикалық еңбек, саяси-идеялық мінез-құлықтарының қалыптасуына әсер етеді. Сондықтан ағылшын тіліне үйрену процесі оқушыдан жан-жақты жүйелі түрде өзін-өзі жетілдіруді талап етеді.

*Сана қағидаты.* Қазіргі әдістеменің сана принципіне үлкен көңіл бөлінеді, себебі пән игеруде сана оқушының интеллектуалдық қызығушылығын, білімін, ой қорытуын, оны игеру іс-әрекеттерінің артуына себін тигізеді. Бұл принцип бойынша, оқыту әрекеті бір мақсатты көздейді – қабылдау, ұғу арқылы жүзеге асады.

*Белсенділік қағидаты* ұғынып түсіну принципімен тығыз байланысты. Ағылшын тілін үйрету үшін әрбір оқушының белсенділігін көтеруде бұл принциптің алатын орны зор. Бұл принцип бойынша оқу процесіне әрбір оқушы бар ынтасымен, қызығушылықпен белсенді қатысуы тиіс.

*Көрнекілік қағидатында* оқыту көру және қабылдау әдістері арқылы жүзеге асады. Көрнекілік принципі, әсіресе бастауыш сыныпта, оқытудың алғашқы сатысында көбірек қолданылады.

*Жеңілдету қағидаты.* Жаңа тақырып оқушының қабылдауына еш кедергі келтірмейтіндей, оқушылардың білім дәрежелеріне сай жеңіл түрде берілуі тиіс. Кездескен қиындықтарды өз бетімен немесе мұғалімнің көмегімен шеше алатындай тақырыптар беріледі.

*Дәйектілік қағидаты.* Білім жүйелі түрде өсіп отыруы тиіс. Қолданылған барлық сөздер, сөз бірліктері оқушының есінде сақталу керек, тыңдап түсіну, сөйлеу, оқу және жазу кезінде барлық материал дәйекті түрде алынуы керек. Берілген ақпарат оқушының есінде сақталуынан білім берудегі нәтиже анықталады.

*Жеке ерекшеліктерін ескеру қағидаты* бойынша мұғалім әр оқушының жеке қасиеттерін, ерекшеліктерін, білім дәрежесін білуі керек, соған байланысты әр оқушыға

әр түрлі тапсырмалар беріледі. Әсіресе, үлестірмелі материал берген кезде ескеріледі.

*Бірізділік қағидаты* бойынша барлық материал бірін-бірі жалғастыратын негізде берілуі керек. Ана тілінде берілген материалдың негізінде беріледі.

*Жүйелілік қағидаты* бойынша белгілі бір жүйе бойынша оқыту процесі бір мақсатты көздейтін іс-әрекет болуы тиіс. Әрбір жаңа алынған тақырып өткен тақырыпты күрделі түрде қайталап, тереңдете жалғастырылуы керек.

*Ғылымилық қағидаты*, яғни теориялық тәжірибемен байланысы. Ағылшын тілін оқытуда алынған білімді тәжірибеде дәлелдеуге үлкен көңіл бөлінеді. Іс-әрекет кезінде ғана оқушының білім және материалды меңгеру дәрежесі анықталады. Берілген материалды игерген оқушы әрі қарай басқа да ғылым салаларын пайдаланғанда, техника, өнер саласында өз білімін пайдалана алады.

### ***Сұрақтар мен тапсырмалар***

1. Оқытудың қағидаттары дегеніміз не?
2. Шет тіліне оқытудың әдістемелік қағидаттарын білу не үшін керек?
3. Арнайы қағидаттарға қандай принциптер жатады?
4. Жалпы дидактикалық қағидаттарға қандай принциптер жатады?
5. Бағдарламаның "Түсініктеме" бөлімін қарап шығып шет тіліне оқытудың қандай қағидаттарын орындау керек екенін анықтаңыз.
6. Оқу әдістемелік кешенін талдап шығыңыз, оның авторлары қарым-қатынас жасауға бағытталған қағидатты, ана тіліне сүйене отырып оқыту, тәрбиелеп оқыту, ұғынып түсіну қағидаттарын қалай жүзеге асырғанын анықтаңыз.

## Ағылшын тілін оқыту құралдары

### **Жоспар:**

- Оқыту құралдары туралы түсінік
- Оқыту құралдарының түрлері
- Негізгі оқыту құралдары
- Көмекші оқыту құралдары

*Оқыту құралдарына* оқу-тәрбиелеу процесін ұйымдастыру мен өткізу үшін көмек ретінде қолданылатын техникалық және техникалық емес құрал-жабдықтар, заттар жатады.

Мұғалім әрбір құралды қайда, қашан, қалай қолданды және қандай нәтижеге жетуге болатынын білгенде ғана құралдың пайдалы қолдануына қол жеткізе алады.

*Оқыту құралдарын топқа бөлу.* Орта мектепте қолданылатын оқыту құралдарын мынандай топқа бөлуге болады:

- 1) пайдаланылуына байланысты негізгі және қосымша
- 2) оқушыға немесе мұғалімге арналған
- 3) ақпаратты қабылдау түріне байланысты есту, көру, көріп-есту
- 4) техниканы пайдалануына байланысты техникалық және техникалық емес

Негізгі оқыту құралына оқу-әдістемелік кешені: оқулық, мұғалімге арналған кітап жатады. Бірақ, оқулық пен мұғалім кітабын пайдаланғанда техникалық оқыту құралдары өте қажет.

Мысалы: 2 және 3-сыныпқа арналған оқу-әдістемелік кешенінде оқулықпен бірге дыбыстық жазба да бар.

Ал 4 және 5-сыныптарда грамматиканы пайдалану ағылшын тілінің дыбыстарының айтылу дағдыларын үйретіп тыңдау және оқуды дамытады. Қосымша оқыту құралдарына компьютерлер мен бейне материалдар жатады.

Сонымен қатар, ағылшын тілі кабинетіндегі барлық құралдар қосымша құрал болып есептеледі.

2-сыныптағы негізгі құралдарға – бағдарлама, мұғалім кітабы, оқулық, дыбыстық жазбалар, дидактикалық карточкалар жатады.

4-сыныпта – бағдарлама, мұғалім кітабы, оқулық, пластинкалар жинағы, көрнекілік құралдар: суреттер, грамматикалық таблицалар, диафильмдер, кинофрагменттер, лингафондық практикум жатады.

5-сыныпта – бағдарлама, оқулық, мұғалім кітабы, грампластинка, көрнекіліктер жатады.

Қосымша құралдарға осы оқу-әдістемелік кешеніне кірмеген, міндетті емес құралдар: транспаранттар, кодоматериалдар, диафильмдер, тарату материалдары, карточкалар, ойыншықтар, т.б. заттар жатады.

1. Бағдарлама – бұл мұғалімнің белгілі бір сыныпта жұмыс жүргізу үшін қолданатын мемлекеттік құжаты. Мұғалім бағдарламаның түсініктемесін ұқыпты оқып, оқытудың мақсаты, мазмұнын біліп алуы керек. Мысалы, 1985 жылғы түсініктемеде оқыту ауызша түрде жүргізіледі деген.

Бағдарламада оқушылардың сыныпта өзіндік жұмыс жүргізуін, олардың сыныптан тыс жұмыстарына көңіл бөлінеді. Егер бағдарламада тілді оқыту бағыты өзгерсе, онда оқыту әдістемесі де өзгеруі тиіс.

Түсініктемеден кейін бағдарламаның өзі беріледі, онда оқытудың тақырыптары (үлгі) және оқытудың түрлеріне қойылатын талаптар көрсетіледі.

2. Екінші маңызды құрал – мұғалімге арналған кітап. Бұл оқу-әдістемелік кешенінің негізгі мазмұнын беретін құрал. Жұмысқа кіріспес бұрын, мұғалім сабақ жүргізуге қажетті қағидаларды анықтап білуге тиіс. Сабақтың мақсаты мен мазмұнын анықтағаннан кейін, қандай құралмен жұмыс жасайтындығын анықтап алады. Құралдардың керегін таңдап, болмаса, өз бетімен әзірлеуі тиіс. Содан кейін мұғалім кітаптың түгел мазмұнымен танысуы керек. Онда әр тоқсандағы сабақ жоспарларының үлгілері берілген. Сол арқылы мұғалім жоспар құрады. Мұғалімдікі кітапты әр ұстаз әр түрлі жүргізеді. Мысалы, кейбіреулері бұл кітапты пайдалан-

байды, сабақ жоспарын өздігінше құрады. Басқалары кітапты қолданғанда өзгертулер енгізеді. Бұл дұрыс емес. Немесе кітапты қолданып бәрін кітаптағыдай әзірлейді де, белгілі бір сабақтың ерекшеліктерін ескермейді. Бұл да толық дұрыс емес.

Кітапты қолданудың ең дұрыс түрі – оны толықтырып, сынып оқушыларының ерекшелігі мен қабілетін ескеріп, жоспар жасау. Осы тәртіппен кітап толықтырылса, оқытудың негізгі құралдары таңдалады.

3. Оқулық – ағылшын тілін оқытудың негізгі құралы. Ол белгілі бір сыныпқа арналған оқу-әдістемелік кешеннің жүйесін қалыптастырады.

Мысалы, 4 немесе 2-сыныпқа арналған оқулықта оның ауызша оқуға негізделгені көрсетілген. 4-сынып оқулығының бірінші бөлімі ауызша кіріспе бөлім суреттермен берілген. Ал 2-сыныпта тапсырмалары бар суреттермен берілген және қосымша дыбыстық жазбалары бар.

Оқулықтың негізгі бөлігі бөлімдерден (Units) тұрады. Әр сабақтың құрылымы сөйлеуге үйретуді қалыптастыру жолдарын көрсетеді. Мысалы, 2-сынып оқулығындағы әр Unit-тің бірінші бөлігі ауызша сөйлеуге арналған (Look and say), екінші бөлігі оқуға (Read), үшінші бөлігі жазуға (Write), төртінші бөлігі үй тапсырмасына (Home work) арналған.

Мұғалім оқушыны кітаппен таныстыруы керек: белгілерді түсіндіріп, сөздікпен жұмыс істеуді үйрету. Оқушы кітабын жақсы пайдалана білсе, ағылшын тілін өзіндік оқуға көмек болады.

4. Оқуға арналған кітап ағылшын тілін оқуды үйренуге арналған құрал. Үйге тапсырмалар беру өте қажет. Қосымша мәтіндерді оқу тәжірибелік, тәрбиелік, ағартушылық, дамытушылық бағыттармен берілген. Оқу мәтіндерінің ерекшеліктері оқуға қызықтырады, сол үшін оқудың тұрақтылығын және оны бақылауды сақтау керек. Мәтіндердің әдістемелік ерекшеліктері бар, олардың соңында тапсырмалар мен сұрақтар беріледі.

5. Дыбыстық жазба (таспа). Шет тілін оқытуда дыбыстық жазбаның орны ерекше. Ол оқу кешенінің құрамы-



на кіреді және елтанушылық, лексикалық мәтіндер арқылы немесе әр түрлі диалогтар түрінде беріледі.

Ағылшын тіліне оқыту құралдары		
Оқыту құралдары	Оқушыларға арналған	Мұғалімге арналған
1. Оқытудың негізгі құралдары	1. Оқулық 2. Оқуға арналған кітап 3. Оқытуды тыңдау-көру құралдары – суреттер жинағы, диафильм, аппликация, диапозитив, кинофрагмент, үн таспа, лингофондық практикум, дыбысты үй тапсырмасы (2, 3-сыныптар), үлестірмелі материалдар (2, 3-сыныптар)	1. Бағдарлама 2. Оқулық
2. Оқытудың көмекші құралдары	Кодоскоп. Ойыншықтар, суреттер, карточкалар, сөздіктер, оқуға арналған көмекші кітаптар	Әдістемелік әдебиет, "Шет тілі орта мектепте" журналы

### *Сұрақтар мен тапсырмалар*

1. Оқыту құралдары дегеніміз не?
2. Оқыту құралдарын қалай топтауға болады?
3. Негізгі оқыту құралдарына қандай оқыту құралдары жатады?
4. Көмекші құралдар ретінде нені пайдалануға болады?
5. Ағылшын тілі кабинетіндегі оқыту құралдарын сабақтан тыс жұмыстар ретінде қалай пайдалануға болады?
6. Оқу-әдістемелік кешенінің құрамын атаңыз.
7. Сабаққа қажетті көрнекілікті сабақтың тақырыбын ескере отырып анықтаңыз, әзірлеңіз.
8. Оқулыққа мына белгілері бойынша талдау жасалыңыз:
  - а) оқулықтың жазылу қағидаларын атаңыз.
  - ә) оқулықтың құрылымын анықтаңыз.
  - б) әр бөлімнің мақсатын анықтаңыз.
  - в) оқулықтың мазмұнын анықтаңыз.
  - г) мәтіндерді қарап шығыңыз, жаттығулармен танысып, олардың мақсаттарын анықтаңыз.

ғ) мәтінде берілген суреттерді қараңыз, олардың әдістемесі жұмысын анықтаңыз.

д) оқулықтың көрнекілігін қараңыз.

ж) материалдың орналасуына, әр түрлі шрифтерге назар аударыңыз, маңызды нәрселерді ескеріңіз.

8. Мұғалімге арналған кітапты талдаңыз.

а) оның құрылымын атаңыз.

ә) әр бөлімнің мазмұнын анықтаңыз.

9. Оқуға арналған кітапты талдаңыз.

а) құрылымын

ә) мазмұнын

б) безендірілуін

10. Ағылшын тілі кабинетінде оқушылармен қандай жұмыс түрлерін ұйымдастыруға болады?

## **Т. Аяпованың орта мектептің 5-сыныбына арналған жаңа буын оқулығына сипаттама**

Қазіргі кездегі жаңа буын оқулықтарына келетін болсақ, Т.Аяпованың орта мектептің 5-сыныбына арналған оқу-әдістемелік кешені төрт кітаптан тұрады:

1) негізгі оқулық

2) жұмыс кітабы

3) оқу кітабы

4) оқыту кітабы

Оқу кешенінің мақсаты – оқушыны қазіргі заманғы әдістемелер арқылы еркін сөйлеуге үйрету, қатынас жасау тәсілі арқылы алған білімін өз ортасында, қоғамында орынды қолдануға дағдыландырып, білім деңгейін тереңдету, ағылшын және қазақ елдері туралы ауқымды мағлұмат беру.

Бұл кешендегі оқыту тәсілдері әр түрлі. Негізгі әдістемелік бағыттары:

1. Негізгі оқулық пен жұмыс кітабындағы материалдар қазіргі заман талабына сай және оқу процесінде өңделген тілдік материалдар алынды. Сондықтан, бұл материалдардан күнделікті тұрмыста қолданылатын

ағылшын тілін үйренуге болады. Әр сабақтан соң оқушы өткен тақырып бойынша алған білімін тиянақтап тілді меңгере түседі.

2. Оқу процесі оңайдан қиынға қарай оқытуға бағытталған. Әр сабақтың алдында "Сұрақ-жауап" немесе "Талқылау", "Ой алмасу" сияқты тапсырмалар берілген, содан соң оқушыларға таныс сөздердің негізінде жаңа тілдік материалдар бойынша жұмыс жүргізіледі.

3. Оқушылар лексикалық және грамматикалық тақырыптарға байланысты әр түрлі қиындықта берілген жаттығулар мен тапсырмаларды орындайды. Сөйлеу мен оқуға басты назар аударылған. Оқушылар сөйлеу мен оқуды меңгергеннен кейін ғана жазуға үйренеді.

Берілген жаттығуларды орындап, сөйлеу және оқу әрекеттері арқылы дұрыс нәтижеге жеткен оқушы өз ортасында ағылшынша еркін сөйлей алады. Тілді үйрену екі жақты үрдіс екені белгілі. Оқушының тілді үйренуі жаңа сөздерді меңгеруіне, өзіне қоятын талабына, күнделікті дайындығына байланысты.

Бұл кешенде сөйлеу іскерлігін дамыту үшін сөйлеудің мынадай түрлері қолданылады: сұрақ-жауап талқылауларын салыстыра отырып әңгімелесу, диалог түрінде сөйлеудегі ойды көрсете білу, сұхбат туралы айту, сұраққа жауап беру, ой алмасу, қорытындылау, дәлелдеу, жағдайға байланысты сөйлеу, ойындар арқылы сөйлеу, проблемалық сұрақтарды талқылау, мәтіннің желісі бойынша өз ойын ортаға салу.

Негізгі оқулықта мәтінді оқудан бұрын сұрақтар берілген. Бұл сұрақтар сол мәтіндегі тақырып бойынша оқушының білген-білмегенін анықтап, мәтіндегі оқиға жайлы білуге ұмтылдырады. Сұрақтарға жауапты жұптасып талқылауға болады. Мәтінді түсінген, түсінбегенін анықтау мақсатында "True or False" жаттығулары берілген. "What do you think?" деген тақырып бойынша оқушы мәтіндегі мәселе туралы өз ойын ортаға салып, еркін сөйлеуге үйренеді.

"Talk to your friend" және "Talk to other friends" деп аталатын жаттығулардың да маңызы зор. Ол жаттығулардың мақсаты – сөздерді қайталау және еркін де дұрыс

қолдануға үйрету, грамматикалық материалды орынды қолдануға машықтандыру. Сонымен қатар, сұхбаттасу әдісі оқушыны дұрыс ырғақпен сұрақ қоюға және бір қалыпты сөйлеуге дағдыландырады.

Ағылшын тілін үйрету мақсатында қазақ тілінде шыққан бұл алғашқы оқулық – тіл үйретудің бірден-бір ұтымды құралы болып есептеледі.

## **Т.А. Аяпованың 5-сыныпқа арналған оқулығы бойынша алғашқы сабақтың жоспарының үлгісі**

Сабақтың тақырыбы – What's your name?

Сабақтың мақсаты – оқушыларды ағылшынша амандасуға, өз-өзін таныстыруға және басқа адамдардың атын сұрап білуге үйрету.

### **Грамматика**

Present Simple of "to be": is/ 's.

Possesive adjectives: my, your.

### **Қолданылатын сөздер мен сөз тіркестері**

Hello, what, name, my, your, listen, good, stand up, sit down, good bye!

**ЕСКЕРТУ!** Ағылшындықтар бір-біріне қол беріп, қысыңқырап амандасады.

1. *Сабақтың алғашқы кезеңі.* Амандасу (**Hello!**) Сабақты "**Hello, boys and girls!**" деп амандасудан бастаған соң, "**Hello!**" деп әр оқушының қолын алып амандасып шығу керек.

2. *Дыбыстау.* Мұғалім алдымен оқушылардың назарын өзіне аударып, "**Hello!**" сөзін 2-3 рет айтқаннан кейін, оқушыларға хормен, содан соң жеке-жеке "**Hello!**" деп айтқызып шығады. Бұл жерде [h], [ou] дыбыстарына және дауыс ырғағына көңіл аударған жөн.

3. *Жұптық жұмыс.* Оқушылар бір-бірімен амандасып шығады.

P<sub>1</sub>: – Hello

P<sub>2</sub>: – Hello

4. *Бүкіл сыныппен жұмыс істеу.* Сыныптағы оқушылардың санына қарай бірнеше топқа бөліп жұмыс істеткен жөн.

Оқушыларды "Stand up!" деп қолдың "тұр" деген белгісімен тұрғызып, сонан соң "Sit down!" деп қолдың "отыр" деген белгісімен отырғызу керек. Осылайша тұрғызып, отырғызып оқушыларды "Stand up!", "Sit down!" сөздерін жаттықтырғаннан кейін, тұрғызып, сыныптағы басқа оқушыларға барып амандасуға мүмкіндік беру керек.

5. "My name's \_\_\_\_\_" тіркесімен таныстыру. Ол үшін мұғалім оқушылардың назарын өзіне аударып, "My name's \_\_\_\_\_" деп бірнеше рет өзінің атын айтады.

6. *Дыбыстау.* Оқушыларға хормен, сонан соң жеке-жеке "My name's" тіркесін айтқызу керек. Мысалы: Т.: My name is \_\_\_\_\_.

С<sub>1</sub>. : My name is Ә.

Р<sub>1,2,3,4</sub>: My name is Ә.

Мұғалім дыбыстардың, әсіресе [п] дыбысының айтылуына және дауыс ырғағына көңіл бөлгені жөн.

7. *Жұптық жұмыс.* Оқушылар бір-біріне өздерінің аттарын төмендегі үлгі бойынша айтып шығады.

Р<sub>1</sub>: - Hello, my name's \_\_\_\_\_.

Р<sub>2</sub>: - Hello, my name's \_\_\_\_\_.

8. "What's your name?" Тіркесімен таныстыру. Ол үшін мұғалім әрбір оқушыға "What's your name?" деп сұрақ қояды. Оқушылар "My name's" деп аттарын айтады. Мұғалім "What's your name?" тіркесін сыныпта қанша оқушы болса, сонша рет айтып шығады, ал оқушылар ол тіркесті іштей қайталап отырады.

9. *Дыбыстау.* "What's your name?" тіркесіндегі әрбір дыбыстың, әсіресе, қазақ тіліндегі жоқ [w], [c] және қазақ тіліндегі дыбыстардан өзіндік айырмашылығы бар [t], [n], [j] дыбыстарының айтылуына, дауыс ырғағына баса назар аударған жөн. Бұл сұрақты оқушылар хормен, сонан соң жеке-жеке айтып шығады.

10. "What's your name?" тіркесі бойынша жұптасып сөйлесу. Оқушылар бір-бірімен 7-жаттығудағы үлгі бойынша сөйлеседі. Мұғалім әр жұптың қасына барып, ды-

быстардың айтылуына, дауыс ырғағына көңіл бөлгені жөн.

*11. Топтық жұмыс.* Оқушылар жұптасып жұмыс істеп болғаннан кейін орындарынан тұрып, басқа да оқушылармен сөйлесіп шығады.

Топтық жұмыс аяқталғаннан кейін 2-3 оқушы кезекпен тақтаға шақырылып, қалған оқушылардың сұрақтарына жауап береді.

Сабақтың соңында жұмыс кітабында берілген "What's your name?" деген әнді алдымен мұғалім өзі айтып, содан соң оқушыларға айтқызуға болады.

*12. Үйге тапсырма.* Мұғалім өз қалауынша оқулықтан немесе жұмыс кітабынан жаттығулар береді.

## **Шет тілін оқытудағы мақсат-міндеттері және оқытудағы орны, теориялық негізі**

Шет тілін оқыту арқылы өнегелік, эстетикалық жағынан жан-жақты дамыған, саяси-идеялық жағынан сенімді, еңбексүйгіш азамат тәрбиелеп, бүкіл оқыту үрдісінде қатынастық бағыт бере отырып, оның жалпы дүниеге деген көзқарасын қалыптастыру.

Оқушы шет тілін оқу арқылы шет тілінің білім дағдыларын, іскерліктерін, қабілеттерін саналы жете меңгеруге жұмсайды. Шет тілін оқи отырып, оның басқа тілдерден өзара айырмашылығын салыстырып, сөйлеу дағдылары, мәдениеті, ой-еңбегін оқытумен қатар теориялық әрі тәжірибелік міндеттерін білген жөн. Қай тілдің болмасын механизмін үйрену үшін сол тілдің жүйесі қалай құрылғанын, оны тәжірибелік жағынан қалай меңгеру керек екенін білу қажет.

Демек, қазақ тілінің құрылысы сияқты қатынастық тәсілде ұйымдастыру тиімді деп айтуға болады. Шет тілін оқытуда, оқу материалдары мен тілдік материалдарды беруде және оны талдауда оның қызметтерін ескеру, білімнің базалық құрамын анықтап оқыту және тәрбиені интеллектуалды пайдалы әрі өнімді еңбекпен ұштастыру маңызды.

Сонымен қатар білім берудің гуманистік мақсатын атқару, оқу тәрбиесінде ұлттық мектептердің ерекшелігін ескеру де негізгі ұстанымдарға жатады. Осылар негізінде келесі мәселелер іске асырылады:

– мектептерге арналған шет тілінің әдістемелік тұжырымдамасын саралау;

– шет тілінің бірнеше нұсқадағы оқу жоспары мен модельдерін жасау;

– мектептерде шет тілінен беретін білім көлемі мен дағдысына міндетті түрде қойылатынын анықтау.

Оқулық пен бағдарлама, оқу әдістемелік компоненттерін ғылыми-теориялық талаптармен жасау.

Алдыңғы қатарлы мұғалімдерді, тәжірибелі ғалымдарды, шет тілінің мамандарының қатысуымен оқушы мен мұғалімдер үшін оқу-әдістемелік кешенін жасау:

а) блок – міндетті түрде базалық негізде, гуманитарлық білім беру.

ә) тереңдету құралы жүйесінде гуманитарлық білім беру, мұның құрамына бағдарлама, оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар жатады.

### **Шет тілін оқыту әдістемесінің басқа ғылымдармен байланысы**

#### ***Жоспар:***

- Әдістеменің негізгі мәселелері
- Әдістеменің педагогика ғылымымен байланысы
- Әдістеменің лингвистика ғылымымен байланысы
- Әдістеменің психология ғылымымен байланысы

Шет тілін оқыту әдістемесі – шет тілін оқу орындарында оқыту үшін қолданылатын, ғылыми негізделген теория.

Әдістеменің негізгі мәселелері мыналар:

- 1) шет тілін оқытудың мақсаттары
- 2) шет тілін оқытудың мазмұны
- 3) шет тілін оқытудың әдістері мен тәсілдері

- 4) әдістеменің басқа ғылым салаларымен байланысы
- 5) оқыту құралдары
- 6) әдістеменің негізгі қағидалары

Әдістеме педагогика ғылымымен, психология, лингвистика ғылымдарымен тығыз байланысты.

Педагогика – жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу жөніндегі ғылым. Педагогика ғылымында оқыту және оның әдістері негізгі қағида болып табылады. Шет тілін оқытуды үйрену үшін педагогиканы білу шарт. Педагогиканың бір саласы *дидактика* деп аталады. Дидактика мектепте оқытудың негізгі жолдарын зерттейді.

Әдістер – дидактиктердің айтуы бойынша, белгілі бір тақырыпты оқытудың жолдары.

Шет тілін оқыту, математиканы, тарихты оқыту әдістемелері сияқты дидактиканың негізгі қағидаларын қолданады және оны байытады.

Мысалы: "көрсету" принципі тұңғыш рет шет тілін оқыту әдістемесінде қолданылды.

Қазір ол дидактиканың негізгі принциптерінің біріне айналды және басқа да пәндерді оқытуда да қолданылады.

Шет тілін оқыту дегеніміз – оқушыда тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу дағдысымен біліктілік қалыптастыру. Егер біз дағды мен біліктіліктің психологиялық мәнін түсінбесек, онда біз оларды қалыптастыра алмаймыз.

Шет тілін оқытуда психологияның негізгі қағидаларын сөйлеу әрекетіне байланыстыра отырып пайдалану қажет.

Көрнекті психолог Н.И. Жинкин сөйлеу әрекетін зерттей келіп, сөздер мен оларды пайдалану мидың кинетикалық орталығы арқылы жүзеге асатынын айтты.

Мұғалім оқушыны тілге үйрету барысында, тыңдау мен сөйлеудің бар мүмкіндіктерін жасау керек. Екінші тілде сөйлеу дегеніміз – жаңа таңбалы білім алудың жаңа жолдарын игеру деген сөз. Осы жаңа жолды жасау тілді үйренуде маңызды орын алады.

Шет тілін үйренуде оқушының есте сақтау қабілетінің маңызы зор. Сондықтан, мұғалім жаңа тақырыпты есте сақтау, есте ұзақ сақтау жолдарын білуі керек.



Есте сақтау қабілетінде ерікті, еріксіз есте сақтау болады. Бұл проблеманы зерттеген ғалым П.К.Зинченко еріксіз есте сақтау қабілеті бір нәрсені қайталап жаттағанда емес, керісінше осы нәрсе туралы белгілі бір қиындықтарды, мәселелерді талдағанда ғана іске қосылатынын айтады. Ол үшін мынадай тәжірибе өткізілген. "А" тобындағы студенттерге жаттауға сөздер тізімі берілген. Ал "Б" тобындағы студенттерге сөздер берілмей, оларға ағылшын тілінде мәтін берілген және сөздермен жұмыстың түрлері және сұрақтар берілген. Келесі сабақта екі топ студенттері бақылау жұмысын жазған, эксперимент "Б" тобы студенттерінің сөздерді есте жақсы сақтағанын көрсетті.

Психология ғылымы әдістемеге көп көмек көрсетеді. Шет тілін үйренуде ана тілінің орны мен оның шет тілін үйрену кезеңдеріндегі қызметі, әр түрлі дағды мен біліктілік түрлерінің сәйкес келуі, жаңа тақырыпқа арналған әдістер мен тәсілдерді таңдай білу, т.б. психология ғылымының негіздерін білу қажет.

Әдістеме ғылымы жүйке жүйесі физиологиясы ғылымымен де байланысты. Атақты орыс ғалымы Павловтың айтуынша адамның жоғары жүйке жүйесінің қызметі – сөйлеу және ойлау, жүйке жүйесінің ерекше қызметі. Бұл қызмет түрі тек адамда ғана дамыған. Павловтың теориясы бойынша, дабылдар адамның сезіну мүшелері арқылы келіп түседі. Адамның әрекетінің бір түрі – сөйлеу әрекеті.

Әдістеме ғылымы лингвистика ғылымымен тығыз байланысты, себебі лингвистиканың негізгі проблемалары тіл мен ойлау, грамматика мен сөздік, т.б. әдістемеге де қатысы бар.

Әдістемеді лингвистика ғылымының оқу материалын іріктеудегі зерттеулері негізге алынады. Көптеген атақты лингвистер лингвистика теориясын ғана зерттеп қоймай, оларды тілді оқытуда қалай пайдалану керек екендігін де зерттеген.

Шет тілін оқыту әдістемесінің басқа ғылымдар сияқты зерттеу мәселелері бар:

- 1) шет тілін өз елімізде, шет елдерде оқыту жолдары
- 2) әр түрлі мектептерде алдыңғы қатарлы мұғалімдердің тәжірибесін зерттеу және қолдану
- 3) тәжірибелер арқылы жаңа әдістемелік тақырыптар енгізу

Соңғы кезде тәжірибе жасау әдіскерлер арасында кең тараған. Шет тілін оқыту әдістемесінде зерттеу қажет ететін проблемалар көп. Жаңа оқыту материалдары мен технологиясы жаңа идеяларды, шешімдерді, әдіс-тәсілдерді қажет етеді.

Оқу шет тілінде оқытылатын мектептерде ағылшын пәнінің білімдік, тәрбиелік мақсаттары басқа пәндермен байланысты жүргізіледі.

Пәнаралық байланыс 2 бағытта іске асырылады.

1. Шет тілінің орыс тілі және қазақ тілі грамматикасымен ұқсас жақтары және айырмашылықтары түсіндіріледі.

2. Оқушыларға тарихқа, жағрафияға, әдебиетке, еңбекке қатысты мағлұматтары бар мәтіндер ағылшын тілінде беріліп оқытылады.

Осының нәтижесінде сабақта оқушылар аталған пәндерге қатысты материалдарды ағылшын тілінде сапалы түрде ұғып, сөздерді қатесіз айтуға, сауатты жазуға үйренеді.

Ағылшын пәні өзге пәндермен тығыз байланысты, сондықтан мұғалім өзара байланыстыра өткізуге қолайлы тақырыптарды алдын-ала іріктеп, анықтап алады. Өйткені 2-тілді үйретуде жүргізілетін сөйлеу әрекеті тіл пәнін басқа пәндермен байланыстыруда үлкен қызмет атқарады.

Пәндердің бір-бірімен байланысы төмендегідей ағылшын тілі, ағылшын әдебиеті пәнімен мәтіндер арқылы байланыстырылады. Мұнда сабақ сайын өткізілетін көркем тілмен жазылған оқу материалдары (әңгіме, ертегі, мақал-мәтел, т.б) оқушының лексикалық сөздік қорларын молайтып, тілдің грамматикалық құрылымын жетілдіреді, байланыстырып сөйлеуге дағдыландырады.

Көркем шығармалар мазмұнындағы ұлттық дәстүр, салт-сана, тәлім-тәрбиені сипаттайтын материалдарды

ағылшын тілі сабақтарында дидактикалық материал ретінде пайдаланылады. Ағылшын тілі, қазақ тілі және орыс тілі пәндері тығыз байланыста, бірлікте өткізіледі.

Ағылшын тілінің дыбыстық жүйесі мен орыс тілінің дыбыстық жүйесі, септік жалғауларының кейбір ұқсастықтары да айтылады. Сондай-ақ, оқушы өзінің үйренген сөздерін ағылшынша айтып, сөздік қорын байытып, тіл байлығын арттырады, ауызша сөйлеу тілі дамиды, тілдік білімі жетіледі, оқығанын, түсінгенін ағылшынша айту дағдысы қалыптасады.

Ағылшын тілі мен дүниетану пәндері арасында адам мен қоршаған орта, табиғат, өсімдіктер, жануарлар, аңдар, туған ауыл еңбектері, мамандық, халықтар достығы туралы әңгіме, ертегі, мақал, жұмбақ, жаңылтпаш ағылшын тілінде оқылып, түсінгендерін ағылшынша айтатын болады.

Ағылшын тілі мен математика пәні бойынша математикалық ұғымдар мен есептеуге байланысты сөздерді үйрету арқылы оқушының сөздік қоры молаяды. Мысалы: сандарды ағылшынша білу, қосу, көбейту, алу сан есімнің түрлеріне байланысты сөз тіркестерін, сөйлемдерді ағылшынша айтып дағдыланады.

Ағылшын тілі мен бейнелеу өнері арасындағы байланыс арқылы табиғат, ұлттық өнер бояулары, өрнек, сәндік бұйымдарын айтуға қолданылатын сөз және сөз тіркестері оқушының сөздік қорын молайтып, байланыстырып сөйлеуге дағдыландырады.

Әсіресе, көп көңіл бөлетін жайт – ағылшын тілінде айтылатын сөздерге екпінді дұрыс түсіріп айту, адамдардың көңіл-күйін, қуанышын, ренішін білдіретін сөздерді дұрыс дауыс ырғағымен айта білу.

Ағылшын тілі мен еңбек пәні арасындағы байланыс бұйымдардың көркемдігін, қажеттілігін, пайдасын, тиімділігін ағылшынша жеткізе білуден, ұлттық еңбек түрлері: ыдыс-аяқ, тағам әзірлеу, киім тігу, т.б. байланысты сөздерге талдау жасағаннан туындайды. Білім берудегі негізгі мақсат жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім, іскер, өзіндік ой-толғауы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жанды қалыптастыру болып табылады.

Әр тілді оқытудың жүйелеу, жинақтау, танымдық қарым-қатынас жасау сияқты үш түрлі қызметі болады.

Осындай функциялар негізінде оқу процесінде білім мазмұнының тұжырымдамасы жасалынады. Тұжырымдамада тәрбие процесін байыта түсудің, жаңартудың, жетілдірудің мақсаты мен келешектегі даму жолдары анықталып, болжамдар жасалынады.

Атап айтқанда, оқу процесін жаңартудың негізгі ұстанымдарын дамыту, демократияландыру, реалистік шектеу саясаты, интеграциялау жатады. Оқу-тәрбие ісін жетілдіре түсудің мақсаты мен келешегін ғылыми анықтайтын, болжайтын идеялар мен қағиданың ғылыми негізі жинақталады.

Бұл тұжырымдарды жалпы лингвистика, психология, лингводидактика, педагогика, әдістемелік зерттеу жұмыстары, жалпы білім беретін мектептегі басқа да тіл пәнінің идеялары басшылыққа алынады. Мақсаты – шет тілін оқыту арқылы өнегелік және эстетикалық жағынан жан-жақты дамыған, саяси-идеялық жағынан сенімді еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Бүгінгі оқыту процесінде қатынастық бағыт беру арқылы жалпы дүниеге деген көзқарасын қалыптастыру бірінші орында тұр. Осындай мақсаттармен қатар қазіргі кезде шет тілін жаңа әдістемелермен, ұстанымдармен оқыту қажеттілігі туып отыр. Қай тілдің болмасын механизмін үйрену үшін мынадай екі жағдайды ескерген жөн:

1) сол тілдің жүйесі қалай құрылғанын

2) ол тәжірибелік жағынан қалай меңгерілуі керек?

Демек, қазақ тілінің құрылысы сияқты қатынастық тәсілде ұйымдастыру тиімді деп айтуға болады. Шет тілін оқытуда оқу материалдық тұжырымдаманы негізге алу тілдік материалды беруде және оны талдауда оның қызметтік жағын ескеру, білімнің базалық және жылжымалы құрамдарын анықтау, оқыту әдістемесі мен тәрбиені интеллектуалды пайдалы және өнімді еңбекпен ұштастыру маңызды.

## **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Шет тілін оқыту әдістемесінің басқа ғылым салаларымен байланысы бар ма?

2. Әдістеменің лингвистика ғылымымен байланыстары туралы не айтасыз?

3. Әдістеменің психология ғылымымен байланысы қандай?

4. Әдістеменің педагогика ғылымымен байланысы қандай?

5. Әдістеменің негізгі қағидаларын анықтаңыз.

6. Әдістеменің басқа ғылымдармен байланысу жолдарын анықтаңыз.

### **Ағылшын тілін оқытудағы көрнекілік әдісі**

А.С. Выготский "Мектепте оқуға даярлау балалардың алған білім, дағды, біліктерінің ауқымынан зор ақыл-ой үрдістерінің сапасына көбірек тәуелді болады. Сондықтан мұндай сапаға қол жеткізудің аса маңызды жақтарының бірі – балалардың бойында танымды тудыратын тәсілді қалыптастыру болып табылады", – дейді. Бұл жерде оқушының алдына танымдық міндеттерді қойып, оның белсенділігін арттыруға бола ма? – деген сұрақ тұындайды.

Осы жөнінде К.Д. Ушинский оқушылардың бойында бақылағыштық, танымдылық қасиеттерді дамыту үшін көрнекі оқытуды талдау негізінде олар үшін жаңа кейіпкерлер тудыратын, өзіне таныс заттардың жаңа жақтарын ашатын оқу материалдары мен көрнекі құралды неғұрлым көбірек пайдалануға кеңес береді.

Өйткені, олар бір жағынан оқушылардың ой-өрісін, ауызекі сөйлеу тілін, жазу дағдысын, айналасындағы өмір туралы түсінігін кеңейтеді және оқушының білім деңгейіне сай болғандықтан нәтижелі болады, ал

үлгерімі төмен оқушылар ескерусіз қалып қоймай, олардың теориялық білім мен дағдыларын дамытуға әсер етеді.

Көрнекі құралдарды оқушылардың оқу үрдісіндегі рөліне қарай М.Махмутов екі топқа бөледі:

1) Заттың бейнелік көрнекі құралдары (картиналар, фотосуреттер, диапозитивті суреттер, кино үзінділері, табиғи нысандар, т.б.);

2) Таңбалы көрнекі құралдар (сызбалық көлемді модельдер, сызбалар, картиналар, т.б.).

В.Занков: "Оқушыларға затты және оның қасиеттерін көрсету бұл – сөз бен көрнекі бейненің оқушының бойында тиісті дәрежесінде қабысуына қол жеткізу деген сөз емес. Егер оқушы құбылыстың қасиетін өзі айыра алса және оған сөзбен өзі сипаттама берсе, онда оның бойында белгілі бір нысан туралы түсінік қалыптасады және қасиеттердің сөздік белгілері нақты образдармен байланысқа түседі", – деп тұжырымдайды.

Оқушылардың бақылауын ұйымдастырудың негізгі әдістемелік ережелері мен тәсілдерін профессор Т.Сабыров былай көрсетеді:

1. Мұғалім оқушылардың бақылауын ұйымдастыру үшін ең алдымен бақылаудың мақсатын, байқайтын нәрселердің мөлшерін немесе көлемін анықтап, жоспарын жасайды.

2. Бақылауда мүмкіндігінше оқушылардың барлық сезім мөлшерін қалыптастыру арқылы нәрселердің неғұрлым көп және әр түрлі қасиеттерін жан-жақты байқатқан жөн.

3. Мұғалім бақылау кезінде оқушылардың сараптама мен синтез жасап, нәрселердің негізгі қасиеттерін айыру, топтастыру сияқты ойлау амалдарын қолданып, қорытынды шығаруына басшылық ете білуі қажет.

4. Бақылау кезінде мұғалім өз сөздеріне басшылық ету рөлі мен оқушылардың өздігінен жұмыс істеуінің арасында дұрыс байланыс болуын қамтамасыз етіп, олардың өздігінен бақылау қабілетін мейлінше дамыту мақсатын көздеуі керек.

Демек, мұғалім баяндайды, әңгімелейді, түсіндіреді, көрнекі құралдар мен техникалық құралдарды көрсетеді, ал оқушылар сол кезде тыңдайды, қызығады, қабылдайды, бақылайды және т.б. танымдық әрекеттенеді.

"Мұғалім оқыту әдісі арқылы оқушыларға білім беруде өзінің іс-әрекетін балалардың таным әрекетіне басшылық етумен байланыстырады", – деп жазады бұл жөнінде профессор Т.Сабыров.

Оқыту, тәрбиелеу және жетілдіріп дамыту үрдістерін білім берудің мақсаты болып табылатын оқушылардың белсенді іс-әрекетімен тығыз байланыста.

Сонда ғана оқушылар өз іс-қимылының мақсаты мен маңызын түсініп ұғынуға талаптанады. Олардың ойлау қабілеті жан-жақты толысып жетіледі. Алдағы өміріне қажетті білімнің, дағдылардың берік негізін дамытады. Көрнекілік әдістерін сабақ барысында дұрыс пайдалану – оқушының оқу материалын жақсы меңгеруіне, осы сала бойынша өз танымын одан әрі кеңейте түсуіне және талаптануына қол жеткізеді.

### *Сұрақтар мен тапсырмалар*

1. Сөздік әдісі қалай қолданылады?
2. Әдістеме сөзінің қолданылуы туралы не білесіз?
3. Сабақ үстіндегі мұғалімнің және оқушының қызметтерін атаңыз.
4. Тәсіл сөзінің әдістемелік мәні қандай? Оның әдісті іске асырудағы қызметі қандай?
5. Мұғалімге арналған әдістемелік нұсқаумен танысыңыз, талдау жасаңыз.
6. А.Аяпованың 5-сыныпқа арналған оқулығынан Unit X бөліміндегі The Present Continuous грамматикалық тақырыбының қандай әдіспен берілгенін анықтаңыз.

## Ағылшын тілін оқытудағы аударма әдісі

### **Жоспар:**

- Шет тілін оқытудағы аударма әдісінің орны мен рөлі
- Аударма әдісінің түрлері

Шет тілін оқытудағы аударма әдісінің рөлі мен орнын анықтап алмастан бұрын "аударма" сөзі не мағына беретінін түсініп алуымыз керек.

Аударма дегеніміз – бір тілдегі мағыналы сөздің немесе сөйлемнің екінші тілге көшірілуі. Бұл мағынада аударма әр түрлі тілдерде сөйлейтін адамдардың арасындағы әңгімелесу негізінде көрінеді.

Бір тілдегі мағыналы ойды екінші бір тілге айналдыру үшін аудармашы адам алдымен ол ойды, сөйлемді бірнеше тілде толық түсінуі тиіс және сол сөйлемдегі сөздердің екінші тілдегі баламасын табуы керек.

Аударма – бұл өте күрделі іс, өйткені, бұл іс аудармашы адамнан екі тілді де жақсы, толық меңгеруін талап етеді.

Шет тілін оқытудағы аударма әдісі шет тіліндегі сөздің, фразеологиялық топтарды, грамматикалық формаларды сөйлем үлгілерін аудару негізінде қолданылады.

Аударма – шет тілін оқытудағы ең негізгі әдіс болып есептеледі.

Шет тілін оқыту тарихында аударма әдісінде түрлі кезеңдерде әр түрлі өзгерістер енгізіліп отырғаны белгілі.

XVIII ғасырдың екінші жартысында және XIX ғасырдың бірінші жартысында аударма әдісі құрылымдық әдіс ретінде алынды. Шет тілі тек аударма әдісі арқылы үйретіліп отырды: ана тілінен шет тіліне аударуда грамматикалық аударма әдісі негізгі әдіс болып есептелсе, шет тілінен ана тіліне аударуда лексикалық аударма негізгі әдіс болып есептелінді.

Ал XIX ғасырдың аяғында және XX ғасырдың басында аударудың тікелей әдісі пайда болып дүниежүзіне тарады.



Шет тілін оқытудағы аударманы тікелей әдіс толығымен ерекшелейді.

Кейін, шет тілін оқытудағы аударма әдісінде Г.Палмердің, М. Уэсттің әдістері пайда болды.

Л.В. Щербаның айтуы бойынша, шет тілін оқытуда аударма әдісі практикалық негізде де, теориялық негізде де ең маңызды рөл атқарады. Яғни оқушылардың сөз байлығын, шет тілінен білімін тексеруде, сөздерді естігенде немесе оқығанда оны қалай түсінгенін, грамматиканы қалай меңгергенін анықтауда аударма әдісі негізгі әдіс болып есептеледі. Егер жаңа сөздер аудармасыз үйретілетін болса, ол сөздер оқушылардың санасында қалмайды, мағынасын түсінбеген соң оқушының есінде сақталмайды, ең соңында ол сөздерді тіпті оқи да алмауы мүмкін. Оқу бағдарламасы бойынша аударма әдісі мынадай жағдайларда қолданылады:

1. Сөздің, фразеологиялық сөз тіркестерінің, грамматикалық түрдің, сөйлем үлгілерінің мағынасын шет тілінде беру үшін. Мысалы: a flower – гүл, a ball – доп, Asan's brother – Асанның ағасы, He was not ready – ол әзір болмады.

Бұдан басқа аударма жаңа тілдегі іс-қимылдың түсінігін бекітеді.

Мысалы: to go – бару, кету, яғни бір жерден екінші бір жерге қозғалу.

To come – келу, яғни басқа жақтан келу.

She is writing – ол жазып жатыр (осы қазір).

Сөздің мағынасын беруде аударма мынадай екі түрлі жағдайда пайдаланылады: сөзбе-сөз аудару және мағынасымен аудару.

Мұғалім шет тілін үйретуде сөзбе-сөз аударуды пайдаланады, өйткені шет тілінен алынған әрбір сөздің ана тілінде тікелей баламасы бар. Мысалы, a girl – қыз бала, ешқандай мағыналы ойдың қажеті жоқ.

Ал, meal – а) тамақтану (Breakfast is the first meal. We have 3-4 meals a day – Біз күніне 3-4 рет тамақтанамыз).

ә) тамақ (Make a meal of bread and butter – Нан мен майдан тамақ жаса).

Мәтіндегі кейбір түсініктердің мағынасын бергенде, яғни талдаусыз, аудармасыз түсінілмейтін кездерде, оқушылардың түсінген-түсінбегенін тексерген кезде мұғалім мағыналы аударманы пайдаланады.

Шет тілін оқытуда аударма әдісі өте керек және пайдалы кезеңдер бар. Оқушылардың дағдылары мен білімін арттыруда мұғалім өз қолынан келгенін істеуі қажет.

"Сөйлеуге сөйлеу арқылы, оқуға оқу арқылы үйрен" деген қағиданы оқушылар ұмытпауы керек. Сөйлеусіз де, оқусыз да аудару мүмкін емес.

*Шет тілін оқытудағы аударма әдісінің түрлері.* Егер біз аударманы ана тілі мен шет тілінің өзара байланысы тұрғысынан алатын болсақ, аударма әдісінің мынадай түрлері бар:

а) шет тілінен ана тіліне аудару

ә) ана тілінен шет тіліне аудару

б) қайта аудару (оқушылардың шет тілінен ана тіліне аудару, кейін қайта шет тіліне аудару)

Егер біз аударманы түпнұсқа ретінде алатын болсақ, аударма әдісі мынадай түрлерге бөлінеді:

1. Сөзбе-сөз аударма, яғни шет тіліндегі барлық сөздер ана тіліндегі баламаларына айналады, ал шет тілінің грамматикалық құрылымы сақталады. Мысалы:

I have a book – Менде бар кітап.

My brother was not at home yesterday – Менің ағам болған жоқ үйде кеше.

Және сөзбе-сөз аударма білім беру жүйесіндегі құнды әдіс болып есептеледі. Өйткені оқушыға шет тілі мен ана тіліндегі элементтерді салыстыру мүмкіндігі туады.

2. Сәйкестендіре аудару – сөзбе-сөз аудармасындағы қарама-қайшылықтары жойылып, шет тіліндегі ойлар ана тіліне мағыналы аударылалы. Мысалы:

I have a book – Менде кітап бар.

My brother was not at home yesterday – Менің ағам кеше үйде болған жоқ.

3. Еркін аударма – шет тілінде естіген немесе оқыған мәтінді сол мезетте аудару. Мысалы:

Оқушы газеттен шет тіліндегі мақаланы оқып, оның мағынасын қысқаша айту.

4. Көркем әдеби аударма – аударманың бұл түрі арнайы дағдыны және білімді қажет етеді және мектеп бағдарламасында бұл түр қолданылмайды.

Аударманың ауызша және жазбаша түрлері болады. Олардың екеуі де оқушылардың грамматикалық немесе лексикалық сөздік қорын, білімін тексеру мақсатында пайдаланылады.

Сонымен аударма шет тілін оқытудың бір құралы болып есептеледі және оның әр түрлі түрлері ұсынылады. Аударманың түрлерін таңдау сабақтың түріне, тілдік материалдарға, оқушының жасына, үйретіп жатқан тіл бойынша оқушының білім деңгейіне және т.б. жағдайларға байланысты.

### *Сұрақтар мен тапсырмалар*

1. Шет тілін оқытудағы аударма әдісі дегеніміз не?
2. Аударма әдісінің рөлі мен маңызы қандай?
3. Шет тілін оқытудағы аударма әдісінің қандай түрлерін білесіз?
4. Аударма әдісінің түрлерін таңдау қандай факторларға байланысты?
5. Бір сыныпқа арналған "Оқуға арналған оқулықты" алып, бір мәтінді аударыңыз.
6. Роберт Бернстің "My Heart`s in the Highlands" өлеңін сөзбе-сөз аударыңыз.

### **Әдістеменің кейбір өзекті мәселелері**

#### ***Жоспар:***

- Шет тіліне оқыту әдістемесінің мәселелері жөнінде
- Мәдениетаралық қарым-қатынас
- Тілдераралық қарым-қатынас

Қазіргі кезде шет тілдеріне қоғамның сұранысы өсіп отырған жағдайда шет тілдерін оқыту әдістемесіне оның

кейбір мәселелерін шешуге басты назар аудару керек. Шет тілін оқыту әдістемесінің мәселелері өте көп. Біз оның тек екеуіне ғана тоқталмақпыз.

1) Мәдениетаралық қарым-қатынас

2) Тілралық қатынас мәселелері

Шет тілін оқыту барысында белгілі бір әдістемені қолдану әр түрлі шарттарға байланысты болады. Оның ең бастысы оқытудың алдына қойылған мақсаты, оқушының жас ерекшелігі, оқуға бөлінген уақыт, т.б.

Мысалы: шет тілін оқып үйренетін ғалым мен саяхатшының мақсаттары әр түрлі, сондықтан қойылатын әдіс-тәсілдер де өзгеше болады. Әрине, он жастағы бала мен 25 жастағы ересек адамды оқытудың әдіс-тәсілдері де өзгеше.

Осы факторлардың барлығын әдістемелік оқытуда ескерген жөн.

Осы факторлардың ішіндегі маңыздысы – оқытудың мақсаты, қоғамның дамуы, басқа елдермен байланыс оқытудың мақсаттарын анықтауға тікелей ықпал етіп отырады.

Мысалы: II Дүниежүзілік соғыстан кейінгі ақпарат құралдарының қарқынды дамуы барлық елдерде қатынастық әдістеменің тууына ықпал етті. Мұнда екі сатыны атап көрсетуге болады:

1) XX ғасырдың соңғы онжылдықтарындағы тәжірибелік-функционалды тұжырымдама

2) XX ғасырдың 90-жылдардан дамып келе жатқан мәдениетаралық қатынас тұжырымдамасы

Қатынастық тұжырымдама дүниежүзі адамдарының барлығын бір тәсілде оқыту мүмкін емес екенін көрсетті. Басқа жолдарды іздеуге мәжбүр етті. Ол жол – мәдениетаралық қатынас тұжырымдамасы. Шет тілін мәдениетке негіздеп оқыту барысында оқушылар өз елінің, тілін оқып отырған елдердің елімен салыстыруға, өзгешелігін тануға мүмкіндік алады, қызықты, тартымды жақтарын зерделейді, түсініксіз жайттарды білуге талпынады, сөйтіп сөйлеуге бейімделеді. Жалпы айтқанда, ол елдің мәдениетін білмей тұрып, сол елдің тілінде қатынастық біліктілікке қол жеткізу мүмкін емес.

Мәдениетаралық қатынас мәселелерін де мынадай сәлалар қаралады:

- 1) Оқытудың мақсатын анықтау
- 2) Оқытудың мазмұнын анықтау
- 3) Мәдениетаралық қатынас – сабақ барысындағы тұлғааралық қатынастың құрамды бөлігі
- 4) Оқыту материалдары мен оқулықтары
- 5) Оқыту әдістемесі

Шет тілін оқытудың мақсаты – оқушылардың санасында мәдениетаралық қатынас іскерліктерін қалыптастыру. Бұл жерде мәдениеттің қатынасы ұлттар мен мәдениеттер аралығы өзара байланысты түсіну ретінде қарастырылады.

Мәдениет дегеніміз не?

Мәдениет дегеніміз – әмбебап жүйе. Ол белгілі бір қоғамға, топқа тән жүйе. Осы жүйе қоғамның барлық мүшелерінің болмысты қабылдауына, ойлауы мен іс-әрекетіне ықпал етеді. Бұл жүйе әр қоғамда әр түрлі болады. Сондықтан тілді дұрыс қолдана білу үшін сол елдің мәдениетімен де танысуы керек.

Мысалы: неміс тіліндегі \Ди\ – \Сен\; Sie – Сіз қаратпа сөздері мен қазақ тіліндегі \Сен\ – \Сіз\ сөздерінің қолданылуы. Ди–14 Sie.

Сонымен, мәдениеттің қатынас тұжырымдамасы негізінде құрылған шет тілдерін оқыту әдістемесі мынадай талаптарға сай болуы керек:

1. Мәдениетаралық қатынастарға негізделген оқулықтардағы тақырыптар іріктеліп алынуға тиіс және өз құрбыларының осы тектес өмір тәжірибесімен байланысып отыруы қажет.

2. Сабақта басқа ел мәдениеті, тілі, ділі, тұрмысымен танысу оқу құралдары арқылы орын табады. Тыңдауға, оқуға арналған мәтіндер оқушылардың түсінуіне ықпал ететін әдіс-тәсілдерді қолдануды талап етеді.

3. Әдеби мәтіндерге де назар аудару керек.

4. Салыстыру тәсілі негізгі тәсіл болып табылады.

## Әдістеменің екінші мәселесі

Тілралалық қатынас мәселесі тілралалық байланыс теориясымен және қос тілділік теориясымен тығыз байланысты. Шет тілін оқып үйрену – қос тілділікке қол жеткізу деген сөз. Оқып үйрену процесінде екі тіл бірімен байланысқа түседі.

Тілдердің өзара байланысына түсуі нәтижесінде ана тілі шет тілін оқып үйренуде тиімді және тиімсіз байланысқа түседі.

Мысалы: ағылшын тіліндегі дыбыстар қазақ тілінде жоқ, бұл дыбыстарды айтып үйрену қиынға соғады. Бұл тиімсіз ықпал. Ал дыбыстарын үйрену оңай, себебі бұл дыбыстар қазақ тілінде де бар. Бұл тиімді ықпал. Бірақ, бұл орыс тілді оқушылар үшін өте қиын. Ал дыбыстардың ұзақ және қысқа айтылуы қазақ және орыс тілді де оқушылар үшін қиын, себебі мұндай құбылыс қазақ-орыс тілдерінде жоқ.

Шет тілін оқытуда ана тілінің ерекшелігін ескеру үшін ол екі тілді бір-бірімен тілдің барлық деңгейлерінде (грамматика, фонетика, лексика) салыстырып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау керек.

Тілдік құбылыстар ұқсас болса да тілді меңгеруде тиімді ықпал етеді. Бұл тиімді ықпалды психологтар тасымал деп атайды.

Шет тілін оқыту барысында тасымалды кеңінен пайдалану керек.

Ал айырмашылықтар интерференция (дыбыстардың айтылуындағы өзара ықпалдастығы) деп аталады. Интерференцияны болдырмауға тырысу керек.

Тасымал мен интерференция құбылысы грамматика саласында да кездеседі.

Мысалы: қазақ тілінде ілік септіктен болған анықтауыш сөздің алдында тұрады.

Мысалы: Баланың кітабы. Ағылшын тілінде – Boy's book, ал орыс тілінде – Книга мальчика.

Ағылшын тілін үйренуші қазақ тілді оқушыға тасымал әсер етеді де, орыс тілді оқушыға интерференция құбылысы ықпал етеді.

Шет тілдерін оқытудың қазіргі заманғы өзекті мәселелерінің ең бастысы осы мәселелер. Бұларды шешіп алмайынша шет тілін оқыту жақсы нәтиже бермейді. Олай болса, әдістеме ғылымы саласындағы зерттеулер осы мәселелерді шешуге бағытталуы тиіс.

### **Сұрақтар**

1. Әдістеменің өзекті мәселелері дегеніміз не?
2. Қандай өзекті мәселелерді білесің?

### **Шет тілін үйретудегі ұлттық көзқарас**

Оқушыларға ана тілінің негізінде ағылшын тілін үйрету, оларды өз ойын ауызша және жазбаша дұрыс баяндай білуге дағдыландыру, ағылшын тілінде жазылған шығармалардың тіл байлығын, стилін, әр сөздің атқаратын идеялық-эстетикалық жүгін жете меңгерту, кітаптарды өздігінен пайдалана білу тәрізді іскерлік дағдыларын қалыптастыру, адамзаттың ғасырлар бойы жасаған рухани мәдениетімен, білімімен қаруландыру, сөйтіп, егемен еліміздің ұлттық мәдениетін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, тарихи құндылықтарын, ізгі тағылымдарын шет тілі арқылы дамыту пән мұғалімдерінің басты мақсаты болуы керек.

Мектепте оқушыларды тәрбиелеу және оқыту сабақта және сыныптан тыс уақыттарда жүргізіледі. Сабақта оқушыларды тәрбиелей отырып олардың пәнге деген қызығушылығын арттыру қажет. Мемлекеттік тілде оқытылатын мектептерде берілетін оқу мазмұны мына негізгі мәселелерді қамтуы тиіс.

1. Оқушылар өз тілін, мәдениетін, тарихын терең түсіну арқылы Қазақстан Республикасының дүниежүзілік мәдени мұрадағы орны мен үлесін білуін қамтамасыз ету.

2. Оқушылардың жеке мүддесін ескере отырып, оқу мазмұнымен қатар әр оқушының қабілетін, қызығуын, ынтасын дамытуға мүмкіндік беретін пәндерді оқыту.

Ана тілінің ең бірінші қорғанышы да, қорғаушысы да – мұғалім. Ана тілін насихаттау, жас ұрпақ бойында тілге деген құрмет сезімін тәрбиелеу – мұғалімнің халық алдындағы абзал парызы. Мемлекеттік тілді жан-жақты білгенде ғана өзге тілдердің мән-мағынасына, қасиетіне тереңдеп еніп, түсінуге болады. Өз тілі арқылы әлем тілін игеру жеңілге соғады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі болса, ағылшын тілі – халық-аралық тіл.

Оқу үрдісін жеделдетуге байланысты ағылшын тілі сабақтарында жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану керек.

Сонымен бірге, сабақта оқушының іс-әрекетін бағалайтын рейтингтік жүйе енгізуге болады. Ол алған білімді бағалайтын қазіргі дәстүрлі бес балдық жүйеден мүлдем өзгеше. Ең басты ерекшелігі – шәкірттің сыныптағы сабақ кезіндегі, үйдегі, түздегі барлық іс-әрекеті толығымен қамтылып, бүгін сандармен өрнектелетін балдар ретінде қойылып отырады. Олар оқу үрдісінің өне бойында жинақталып тоқсандық, жылдық оқу үлгерімінің нәтижесін көрсете алады. Әрбір оқушының жинақтаған өз рейтингі болады.

Рейтингтік жүйе оқушылардың танымдық іс-әрекетіне тікелей саналы түрде әсер етуге мүмкіндік тудырады, әрбір шәкірттің өз-өзін өзгелермен салыстыра бағалауына, алға қарай ұмтылуына жол ашады.

Оқушылардың жастық ерекшелігіне қарай сабақ берудің тәсілдерін өзгертіп отыру қажет.

Оқушылар басқа елдің тілін, салт-дәстүрін білуі үшін алдымен өз ана тілін, салт-дәстүрін жақсы біліп, сыйлап, құрмет тұтуы тиіс. Мұны бала санасына үнемі сіңіріп отырған жөн. Осы мақсатта мектепте шет тілін оқытуда арнайы курс ашып, дарынды оқушыларды ғылыми-зерттеушілік жұмысқа тартып, ал ағылшын тілі үйірме-сінде қазақ және ағылшын-американдық жазушылардың өмірбаянымен, еңбектерімен таныстырып отыру қажет.

Мұғалімнің білімділігі мен мәдениеттілігі оқушының білім алуына, еліктеуіне үлкен әсер ететінін ұмытпаған жөн. Мұғалім өз білімін үнемі көтеріп отыруы керек.



Оқушылар мәдениетті, білімді, өз пәнін терең меңгерген мұғалімді сыйлайды.

Балаларды ағылшын тіліне үйрету үшін тек қана арнаулы сыныптар емес, ұлттық арнаулы ағылшын мектебін ашу қажет.

Біздің негізгі мақсатымыз – болашақ еліміздің тізгінін ұстайтын жастарды тәрбиелеу. Жастарды тәрбиелеу мақсатында ұстаздар мен ата-аналар, бүкіл жұртшылық бірлесе жұмыс істеуі керек.

## ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. *Әдістеме дегеніміз не?*

- а) мұғалімнің педагогикалық шеберлігі
- ә) тілді түсіне білуге үйрету
- б) қойылған мақсатқа жету жолы

2. *Педагогика ғылымындағы әдістеменің екі түрін көрсетіңіз:*

- а) оқыту әдістемесі
- ә) дамыту әдістемесі
- б) тәрбиелеу әдістемесі

3. *Негізгі әдістемені белгілеңіз:*

- а) таныстыру
- ә) бақылау
- б) түзету
- в) жаттығу
- г) қолдану
- ғ) бағалау

4. *Шет тілін оқыту әдістемесінің зерттеу мәселесін көрсетіңіз:*

- а) шет тіліне оқыту әдістемесінің басқа ғылым салаларымен байланысы
- ә) шет тілін өз елімізде оқытудың тиімді жолдарын табу
- б) шет тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру

5. *Шет тілін оқытудың мақсаты дегеніміз не?*

- а) оқыту бағдарламасын анықтау

- ә) оқыту процесіне коммуникативтік бағыт беру
- б) жоспарланған нәтижелерге жету

6. *Оқытудың мазмұнының негізгі үш компонентін көрсетіңіз.*

- а) грамматикалық, лексикалық, фонетикалық
- ә) лингвистикалық, психологиялық, әдістемелік
- б) тәжірибелік, ағартушылық, тәрбиелік

7. *Ағылшын тілін оқытудың жалпы дидактикалық қағидатын анықтаңыз:*

- а) ана тіліне сүйене оқыту қағидаты
- ә) іріктеп-араластыра оқыту қағидаты
- б) тәрбиелеп оқыту қағидаты

8. *Ағылшын тілін оқытудың неше қағидаты бар?*

- а) 5
- ә) 13
- б) 10

9. *Әр оқушының ерекшелігін, білім дәрежесін ескеріп, соған байланысты тапсырма беру – оқытудың қай қағидатына жатады?*

- а) қиын материалды жеңілдетіп беру қағидаты
- ә) көрнекілік қағидаты
- б) жеке ерекшеліктерін ескеру қағидаты

10. *Оқытудың ең негізгі құралын көрсетіңіз*

- а) бағдарлама
- ә) кодоскоп
- б) оқуға арналған кітап

11. *Көрнекі құралдардың екі тобын атаңыз.*

а) заттық-бейнелік және таңбалы көрнекі құралдар

ә) оқушыларға және оқытушыларға арналған көрнекі құралдар

- б) сызбала мен модельдер

12. *Оқытудың негізгі мақсатын көрсетіңіз:*

- а) тәрбиелік
- ә) тәжірибелік
- б) дамыту

13. *Оқу әрекеті мектепте шет тілін оқытудың қай кезеңінде басым болады?*

- а) бастауыш кезеңде
- ә) орта кезеңде
- б) жоғары кезеңде

***Жауаптары:***

- 1) б 2) а 3) а 4) ә 5) б 6) ә 7) б 8) ә 9) б 10) а 11) а 12) ә
- 13) б

## II ТАРАУ

# ТЫҢДАП-ТҮСІНУ, СӨЙЛЕУ, ОҚУ, ЖАЗУ БІЛІКТІЛІГІ. СӨЙЛЕУ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУДІ БАЙЛАНЫС ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ ПАЙДАЛАНУҒА ҮЙРЕТУ

### Тыңдауға және сөйлеуге үйрету

#### Жоспар:

- Тіл – қарым-қатынас құралы
- Тыңдау мен сөйлеудегі негізгі қиындықтар
- Сөйлеу және ауызша жаттығулар
- Ауызша сөйлеуге қалай үйретуге болады?
- Сөйлеуге үйрету әдістері



Тіл – қарым-қатынас құралы. Тіл сөйлеу арқылы жүзеге асады, сөйлеу арқылы ғана дамып, өмір сүреді. Біз шет тілін оқыту туралы айтқанда, оны ең алдымен қатынас құралы ретінде оқимыз.

Сөйлеу екі жақты үрдіс. Ол біріншіден тыңдап түсінуден, екіншіден сөйлеуден тұрады.

Сөйлеудің екі түрі бар. Олар:

- 1) диалогтық
- 2) монологтық

Бағдарламада ауызша сөйлеуге мынадай талаптар қойылған:

1) сөйлеу тілін түсіну

2) бағдарлама бойынша алынған мөлшерде шет тілінде әңгіме жүргізе білу, сөйлей білу. Бұл – сөйлеудің тәжірибелік мақсаты. Ауызша сөйлеу шет тілін үйретудің маңызды құралы. Ол лингвистикалық материалды таныстыру құралы: дыбыстар, сөздер, грамматикалық құрылымдар. Және бұл сөздік үлгілер мен сөздікті меңгеру құралы, әрине, ол айту дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Сөйлеу – сабақтың маңызды бөлігі. Ауызша сөйлеу – оқушылардың мәтінді тыңдау мен оқу кезіндегі оқылған материалды тексеру құралы.

### **Тыңдау мен сөйлеудегі негізгі қиындықтар**

Тыңдау, түсіну, меңгеру оқушылар үшін қиынға соғады, себебі олар дыбыстарды жылдам айырып, ойында сақтап түсінуі керек. Оқушылар бұл процесті өзінің туған тілінде өте жеңіл орындайды, ал шет тілінде қатты қиналады. Сондықтан, тыңдағанда өте зерек болуы керек және ойлай білуі керек. Ерік-зейінін, еске сақтау қабілетін толық пайдалану дыбыстарды еске сақтауға көмектеседі.

Ол үшін үш негізгі факторды еске сақтау керек:

- 1) лингвистикалық материал
- 2) материалдың мазмұны
- 3) материалды беру жағдайы

Оқушыларға шет тілін үйретуде негізгі 3 қиыншылық бар: фонетикалық, лексикалық және грамматикалық.

1. Фонетикалық қиыншылықтар ағылшын тілі мен қазақ тілінің дыбыстық құрамының айырмашылығында кездеседі. Ағылшын тілінің дыбыстарын өз тілінің дыбыстарына ұқсатып айтады.

Мына сөздерді қиындықпен айтады:

Worked-walked, first-fast-forced, lion-line, tired-tide,  
bought-boat-board.

Дауыс ырғағындағы айырмашылықтар да түсінуді қиындатады.

Мысалы: Good morning!

Сондықтан тыңдау дағдыларының, дыбыстар мен дауыс ырғағының жаттығулары өте қажет.

2. Лексикалық қиындықтар – ағылшын тілінің аналитикалық құрылысымен және инфинитив, көсемше құрылымдарының өте көп қолданылуына байланысты.

Мысалы:

The horse is slipping. The horse is sleeping.

They worked till night. They walked till night.

Міне, осындай сөйлемдерді түсіну өте қиын, сөздерді шатыстырады.

Мысалы:

East-west take-put ask-answer

Әсіресе, логтан кейін қолданылатын етістіктер.

Put on: put off-put down

Take off: see off-going for: etc.

Ағылшын тілінде грамматикалық омонимдер де қиындық туғызады.

Мысалы: to work-work, to answer-answer. -ed Past Ind. Participle 2

Бұлардың бәрін тыңдап айыру қиын.

3. Тыңдауға берілген материалдың мазмұны да түсінуге өсер етеді. Тыңдауға арналған материалды дайындау үшін мыналарды ескеру қажет:

а) материал тақырыбы түсінуге жеңіл ме? Қандай қиын сөздер бар?

ә) материал түрі: суреттеу ме, әңгіме ме?

б) материалды тыңдауға әзірлік.

в) материал үзінді ме, әлде толық па?

г) материал диалог түрінде ме, әлде монолог па? Монологтық сөйлеу оңай, сондықтан тыңдауға тиімді.

4. Материалды тыңдау жағдайы өте маңызды.

1) Сөйлеу жылдамдығы

2) Сөйлеу қарқыны: басында жай басталуы қажет.

Сөз топтарының арасында пауза болуы қажет. Тыңдаудың соңында қарқыны қалыпты деңгейге 1 минут – 150 сөзге жетуі керек. Орташа қарқын 120 сөз: жай қарқын – 90 сөз.

3) Қайталау жиілігі 1 немесе 2 рет.

4) Сөйлеп тұрған адамның барлығы, егер таза тілде сөйлеуші адам өзі тұрса өте жақсы. Ал ең қиыны диалогты тыңдау керек.

5) "Көру" құралдары заттар немесе қимыл тектес болуы мүмкін. Олар көруге, естуге, тыңдауға көмектесуі қажет.

6) Сөйлеушінің даусы да тыңдаушыға әсер етеді. Мұғалімнің даусына үйренген оқушылар басқа адамның сөйлегеніне түсінбеуі мүмкін. Сондықтан мұғалім даусы ырғағын барынша өзгертіп отыруы керек. Ағылшын тілінде сөйлеу – тілді игерудің ең қиын түрі, бір-екі сөзден тұратын сөйлем құрастыру үшін сөйлеу дағдысын қалыптастырып, машықтану керек.

Бұл көп дайындықты қажет етеді, ал мектепте оқушы өз ойын айтып түсіндіруі қиын. Мұғалімнің бұл үшін қолданылатын әдістері өте аз. Оқушы жай ғана естігенін қайталайды, үлгі бойынша берілген сөздерді жазады. Әрине, бұл механикалық жаттығулар өте қажет, бірақ жылдан жылға оларды сөйлеу машығынсыз қолдану ешқандай пайда бермейді. Оқушы бір нәрсе туралы айтқысы, түсіндіргісі немесе сұрағысы келсе тілдік қорды пайдалануы қажет және оған мұғалім көмектесіп отыруы керек. Осы психологиялық фактор үнемі есте болуы керек.

Басқа фактор – психоллингвистикалық фактор. Оқушы өз есінде қалған сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлеу үлгілерін грамматикалық формаларды, құрылымдарды сөйлеу үшін қолданады. Сондықтан мұғалім белгілі бір тақырыпты, жағдайды пайдаланып, сөздерді, грамматиканы үйрете отырып сөйлеуге ынталандыру қажет. Мұғалім оқушыларды әзірленген сөйлеуден әзірленбеген сөйлеуге біртіндеп әкелуі керек.

## Сөйлеу және ауызша жаттығулар

Біз сөйлеу және ауызша жаттығуларды айыра алуды керек.

Сөйлеу – ол тілдің сөйлеу мүшелері арқылы жүргізілетін процесс.

Мысалы:

1) Оқушы сыныпта өзінің басынан өткен оқиға туралы баяндайды.

2) Үйге берілген тақырып бойынша мұғалім сұрақ қояды.

3) Әңгімені оқып, мәтіннен жаңа мағлұмат алады.

Сөздерді үйрету үшін ауызша жаттығулар фонетиканы, грамматиканы қолданады. Көбіне олар жаттығулар болады. Мысалы: тақпақты жатқа айту, айту және сөйлеу дағдысы жақсы қалыптасады.

Ал берілген сөздер мен мәтіндерді пайдаланып сөйлем құрастыру да өте пайдалы жаттығу. Ауызша жаттығулар сөйлеуді дамытады. Бірақ, олар тек сөйлеуге әзірлейді және сөйлеу жаттығулары болып есептелмейді.

Біздің мектептерде оқушыларды стандартты ауызша ағылшын тіліне үйретеміз, ол жазбаша сөйлеу стандартына, соның ішінде монологтық сөйлеуге өте жақын. Сөйлеуде қысқа сөйлемдерді пайдаланған орынды.

Сөйлеу жасанды болмауы үшін сөйлеу тілінің ерекшеліктерімен таныстыру қажет.

Диалогтан бастайық:

1) Қысқа жауапты пайдалану.

How many books do you have? – One.

Әрине, бұл толық жауап беруге үйретпеу керек деген мағынада емес.

2) Қысқартылған формаларды пайдалануға үйрету.

Doesn't isn't

Won't etc.

Can't

3) Кейбір қысқартылған сөздерді пайдалану.

Lab – laboratory p.m. – post meridiem

Maths – mathematics



4) Әңгімелесу тіркестерін қолдану.

Well look here believe I think

You know I say I hope as far as know

Of course you see right

In fact

To tell the truth

Диалогтық құрылымдар әр түрлі. Олардың төрт негізгі түрін қарастырайық.

1) Сұрақ – жауап

2) Сұрақ – сұрақ

3) хабарлама – хабарлама

4) хабарлама – сұрақ

Диалогтық сөйлеуге үйретуде осы 4 түрін де қолдану қажет.

### **Ауызша сөйлеуге қалай үйретуге болады?**

Ауызша сөйлеуге, яғни шет тілінің әңгімелесу түрін түсінуге және сөйлесуге үйрету үшін әрбір сабақта мұғалім ағылшын тілінде сөйлеуге тиіс.

1) Бұл үшін ағылшын тілінде:

а) сыныпқа жаңа материал берілу

ә) жаңа материалды түсіну

б) түсінгенін тексеру

в) түсінгенін бекіту керек.

3) Мұғалім тыңдап түсінуді дамыту үшін ауызекі сөйлеу және дағдылық жаттығуларды қолданады.

Дағды жаттығулары:

а) лингвистикалық қиындықтарды жеңуге арналған

ә) психологиялық қиындықтарды жеңуге арналған

Бірінші топқа:

а) Фонетикалық жаттығулар: Мысалы: Listen to the following words and raise your hands when you hear the words with (the teacher says: desk, pen, ten, bag, etc.)

– Listen to the following pairs of words and say in what sound they differ:

pen-pin  
bed-bad  
eyes-ice  
white-wide

2) Лексикалық жаттығулар: сөздерді тануға арналған.

– listen to the words and recognize the word "boy" among other words: a baby; a toy; a boat; a boy. Listen to the following words and raise your hands when you hear the words referring to plants; street; tree; grass; class; flower.

– listen to the sentences and say whether the word "country" has the same meaning in both sentences:

I spend my holidays in the country. Kazakhstan is a large country.

с) Грамматикалық жаттығулар:

– listen to the words and raise your hands when you hear words in plural: desk, book, pens, boxes.

– listen to the sentences and say in which one the word "help" is used as a noun.

1) He can help you

2) I need his help.

Екінші топқа мынадай жаттығулар жатады:

а) Есту жадын дамытатын жаттығулар.

– Listen to the following words and try to memorize them (Мұғалім суреттермен бірге бірнеше сөздерді айтады. Мысалы: a carrot, a potato, a cucumber, a tomato, оқушылар суреттерді атап береді).

– Listen to the sentences and repeat them (Мұғалім айтады. In the evening we have tea. I like it very much).

ә) Назарды аударуға арналған жаттығулар:

– Listen to the following text. I have a sister.

Her name is Ann.

Mike has no sister.

He has a brother.

Now say what is the name of Mike's sister.

– listen to the following text (мәтін оқылады).

Now say which sentence was omitted (added) after you have listened to it a second time.

б) Көру жадын дамыту жаттығулары.

– listen to the following definition and give it a name:

We write with it on the blackboard.

We take it when it rains.

– listen and say which season it is:


It is cold. It often snows. Children can skate and sky.

в) Сөйлемнің дұрыс құрылуына арналған жаттығулар.

– listen to the sentences and say whether they are logically arranged:

He name is Mary. This is a girl.

### Сөйлеуге үйрету әдістері



Сөйлеудің екі түрі бар: монолог және диалог.

Монологты оқыту үш кезеңнен тұрады:

1) хабарлау

2) айту

3) талдау

Ағылшын тілінде дұрыс сөйлем құруды үйренбей тұрып, сөйлеуді үйрену мүмкін емес.

Мынадай жаттығуларды жасауға болады:

Оқушыларға жағдайға байланысты үлгі беріледі. Үлгі-сөйлем әр түрлі сөздермен толықтырылады.

Мысалы: 1) I can see a Θ.

2) I can see a Θ.

1) I am fond of Θ.

2) I am fond of Θ.

Мынадай жаттығуларды орындауға болады.

1) Ауыстыру – I have a pen ( a book ...).

2) Толықтыру – I have an interesting book.

3) Өзгерту – He has a book. He has no book.

4) Толықтыру дамыту – I have an interesting book at home.

5) Аяқтау – If I have time I'll ....

Өр үлгіні әбден дағдыланғанша үйрету қажет.

Мұғалім тапсырмасы мен оқиғалық жұмыс.

1) Give it a name.

T: We write with it.

P: It is a pen.

T: Мысықтың суретін үнсіз көрсетеді.

P: This is a cat.

P: This is a black cat.

Make a negative statement.

T: I live in Gorky street.

P: I do not live in Gorky street.

T: He likes to play hockey.

P: I don't like to play hockey.

Ағылшын тілінде хабарлама жасап, сөйлеп үйренгеннен кейін оқушылар сөйлеуге және талдауға үйренеді.

### *Сұрақтар мен тапсырмалар*

1. Тыңдап-түсіну дегеніміз не?

2. Тыңдап-түсінудің оқыту әрекетіндегі алатын орны мен маңызы қандай?

3. Тыңдап-түсінудің маңызы қандай?

4. Тыңдап-түсінуді қалыптастырудағы мұғалім рөлі қандай?

5. Сабақта тыңдап-түсінуді қалай пайдалануға болады?

6. Тыңдап-түсінудегі негізгі қиындықтар қандай және олармен қандай жаттығулар арқылы күресуге болады?

7. Сөйлеу дегеніміз не?

8. Сөйлеудің тілді оқытудағы маңызы қандай?

9. Монологтық сөйлеу дегеніміз не?

10. Диалогтық сөйлеу дегеніміз не?

11. 6-сыныптың ағылшын тілі сабағындағы тыңдап-түсіну жұмыстарының көлемін бағдарламадан қараңыз.

12. Мұғалім кітабындағы тыңдап-түсінуге арналған жаттығулардың нұсқауларымен танысыңыз.

13. Тыңдауға арналған мәтінді тыңдап талдаңыз.

14. 6-сыныптың ағылшын тілі сабағындағы сөйлеу (монологтық және диалогтық) көлемін бағдарламадан қараңыз.

15. Мұғалім кітабындағы сөйлеуге арналған жаттығулардың түрлерімен, нұсқауларымен танысыңыз.

### **Сөйлеу мен жазуға дағдыландыру процесі және грамматиканы оқыту әдістері**

Бастапқы кезеңде сананың қатысуымен орындауды қажет етіп, бірте-бірте қайталап жаттығудың нәтижесінде автоматтанып кететін іс-әрекеттерді дағды деп атайды. Мысалы: жазуға алғаш үйрене бастағанда балада өріптерді жазу дағдысы болмайды.

Материалды түсіндіруде мұғалім өтіп жатқан тақырыптың мәнді белгілерін анық, жүйелі түрде көрсетуге тырысады.

Мұғалім материалды түсіндіру ұзақтығы 3,6 минуттан артық болуы тиіс, өйткені бастауыш сынып оқушыларының зейіні ауытқығыш болғандықтан, олар грамматикалық тақырыпты ұзақ тыңдап отыра алмайды. Осының салдарынан бұл әдіс сирек қолданылады.

Әңгіме әдісі немесе сұрақ-жауап әдісі, ол кейде эвристикалық ("эврика" грек. – таптым) әдісі деп те аталады. Мұғалім сұрақ қояды, оқушылар оқулықтан оқып немесе өз білгендері бойынша жауап қайтарады. Бұл әдіс балаларды ойландырады, өзіндік пікір айтуға итермелейді, олардың белсенділіктерін күшейтеді, зейіндерін сабаққа аударады.

Эвристикалық әдіс кейде проблемалық әдіспен де ұштасады. Әңгіме кезінде оқушының алдына белгілі-бір

міндет немесе проблема қойылады. Оны оқушылар өздері шешуі тиіс. Мысалы: оларға бірнеше сөйлем беріледі, соның ішінен әр түрлі септікте тұрған зат есімдерді табу керек.

Оқушылар өздік жұмыстарын, түрлі тапсырмаларды, жаттығуларды ешкімнің көмегінсіз өздері орындаулары керек. Мысалы: мұғалім грамматикалық талдауға сөз, сөйлем немесе мәтін береді. Әуелі ауызша, содан кейін жазбаша жоспар жасатады. Мұндай жаттығуларды балалар өз беттерімен орындағанымен, оның қалай орындалатыны көрсетіліп, алдын-ала дайындық жұмыстары жүргізіледі.

Оқушыларға өзіндік жұмыс істеу тек білімді бекіту үшін ғана емес, жаңа материалды түсіндіруде де қолданылады.

Мысалы: мұғалім оқулықтан тиісті материалды оқытады, мазмұнын сұрайды, белгілі бір ережені оқытып, мәтінді талдауға осы ережені қолдануды тапсырады.

Мұғалім басшылығымен орындалатын, оқушының алған білімдерін бекітуді көздейтін тәжірибелік жұмыс, жаттығуда уақытқа шек қойылмайды. Ал оқушының өзіндік жұмыстарына белгілі мөлшерде уақыт беріледі.

Көрсетілген әдістердің қайсысы болмасын баланың ақыл-ойын дамыту мақсатын көздейді. Бір жағдайда оқушылар анализ жасаса, екінші жағдайда оны синтездейді.

Сонымен қатар, берілген әріптерден сөз, сөздерден сөйлем, сөйлемдерден мәтін құрастырып синтез жасайды. Синтез баланың алған білімін байланыстырып жинақтауда іске асады. Әдетте анализ немесе синтез бөлек қойылмайды.

Сараптама мен синтезде әдетте, оқылып отырып құбылыстың ұқсастығы мен ерекшелігін табу, оларды топтау, жүйелеу сияқты жұмыстардың маңызы зор. Грамматикамен жазу сабақтарында өтіп жатқан материалға оқушының ой жүгіртуіне, пікір айтуына қарай индуктивтік немесе дедуктивтік әдістер қолданылады.

Мұғалім бірде индуктивтік жағдайда тіл құбылыстарын жеке-жеке түсіндіріп, содан жалпы қорытынды

шығарады. Қолданылған әдіс индуктивтік әдіс деп аталады. Ал, дедуктивтік әдісте анықтаманы немесе ережені хабарлап, содан соң оны нақты материалға қолдануды, берілген сөздерді, сөйлемдерді немесе мәтінді талдайды, мысалдар келтіреді. Бұл – дедуктивтік әдіс.

Сөйтіп, балаларды грамматика мен жазуға үйретуде индукция мен дедукция әдістері қолданылады.

Қандай әдіс болмасын оқулық, сөздік, сызба, картина/сурет, кесте, кинофильм, диафильм, радио, магнитофон, т.б құралдар арқылы іске асады. Бұл құралдар өтілетін материалдың сипатына қарай кез келген әдісте қолданыла береді.

Мысалы: сөз тұлғасын сараптамағанда сызбалар, сөз табымен оның жазылуын үйреткенде кестелер, т.с.с. қолданылады. Олардың ішінде негізгі құрал – оқулық болып есептеледі.

## Жазуға үйрету

### *Жоспар:*

- Жазуға үйрету туралы түсінік
- Жазуға үйретуде кездесетін қиындықтар
- Жазуға үйретудің жолдары
- Жазу жұмыстарының түрлері

Грамматикадан берілетін мағлұматтарды бекітіп сауатты жазуға дағдыландыру үшін түрлі жаттығу жұмыстары, ағылшын әліпбиін дұрыс білу, дыбыстардың айтылу түрлерін, оның фонетикасын дұрыс айта білу, орфографиясын, орфоэпиясын білу, сұрақтарға жауап беру, жұрнақтары көрсетілмей берілгенін дұрыс жазу, тірек сөздерден сөйлем құру, түрлі диктант, мазмұндама, шағын шығарма оқыту жұмыстары жүргізіледі.

Жазу – ағылшын тілін оқытудағы қиын және маңызды іскерлік, жазу арқылы оқушылар ағылшын тіліндегі өріптерді, дыбыстарды қолдануға үйренеді, сөз қорын кеңейтеді, сөйлеу, оқу, тыңдап-түсіну іскерліктерін да-



мытады. Жазу іскерлігіне каллиграфия, орфография және шығарма кіреді. Жазу өте қиын іскерлік болғандықтан, оны төмендегі біліктіліктерді дамыту арқылы үйрету керек:

- 1) ағылшын әріптерін жаза алу біліктілігі
- 2) дыбыстарды әріптерге немесе әріптер қосындыларына өзгерте алу біліктілігі
- 3) сөздердің, фразалардың, сөйлемдердің орфографиясын түзей алу біліктілігі
- 4) өздерінің ойларын жеткізу үшін әр түрлі жаттығулар жасай алу біліктілігі.

Төмендегі факторлар жазу біліктіліктерін дамытуға өте қажет:

1. Дыбысты, сөзді, фразаны немесе сөйлемді тыңдау арқылы қабылдау;
2. Жазылып жатқан дыбыстың, сөздің, фразаның және сөйлемнің айтылу жолдарын /артикуляция/ білу;
3. Айтылып жатқан әріптерді, әріп қосындыларын көзге елестете алу;
4. Жазу әрекетіндегі қол бұлшық етінің жұмысы.



Сонымен, жазуға көз, құлақ, бұлшық ет, қолдың бұлшық еті, тіл, көмей қатысады. Ақтық маңызды факторлардың бірі – дұрыс жазудың қалыптасуы үшін керекті ережелерді білу.

*Жазуға үйренуде кездесетін кейбір қиыншылықтар.* Ағылшын тіліндегі а, о, е, п, м, д, х, т, н әріптерін жазу мемлекеттік тілде оқытылатын балаларға қиын емес, себебі, бұл әріптер мемлекеттік тілде кездеседі. Ал, s, r, l, f, g, q сияқты әріптер таныс емес болып көрінеді. Сондықтан, сабақ үстінде бұл әріптерді дұрыс жазғызу үшін көп жаттығулар жасау керек.

Оқушылардың ағылшын сөздерін қолды үзбей бір-біріне тіркестіріп жазуы қиын, сондықтан кішкентай әріптерді қолын алмай жазғызу үшін көп жаттығу керек.

Мемлекеттік тілде оқытылатын балаларға ағылшын орфографиясы көп қиыншылық келтіреді.

Әр түрлі сөздердегі әр түрлі әріптердің немесе әріптер қосындыларының оқылуы кейде бірдей болады:

eye – I  
road – rode  
write – right  
tale – tail.

Әріптердің көбі кейбір сөздерде оқылады, ал кейбіреуінде оқылмайды: build – suit

laugh – brought  
help – hour.

Ағылшын тіліндегі әріптердің айтылуы мен орфографиясының сәйкес келмеуінің себебі ағылшын тілінде әріптерден гөрі дыбыстар көп, 26 дауысты дыбыс және 6 дауысты әріп бар. Сондықтан busy, daughter, language, beautiful, foreign деген қиын сөздерге назар аудару керек. Ағылшын орфографиясын білу үшін, оның заңдылықтарын жақсы білу қажет. Оқушылар мыналарды білуі тиіс:

1) у әрпіне аяқталған сөздерге s жалғауының қосылу жолдарын:

day – days  
stay – stays

бірақ: city – cities, study – studies

дауыстыларға "ed" жалғанады

play – played

carry – carried

дауыстыларға ing жалғау:

write – writing

dig – digging

play – playing

stand – standing

сын есімнің шырайларының жалғаулары: er, est:

clean – cleaner – the cleanest

large – larger – the largest

2) дауыссыздың қосарлану жолдары:

sit – sitting

thin – thinner

swim – swimmer

3) негізгі сөз құрайтын жұрнақтар:

"ful", "less", "use", "useful", "useless"

Шығарма, хат арқылы өз ойларын жеткізу балаларға қиын, себебі оқушылар дұрыс сөздерді, грамматикалық формаларды табуда көп қиналады.

*Жазуға үйрету.* Шет тілін үйретудегі өте маңызды және күрделі жұмыстардың бірі – жазу.

Ағылшын тілін жазуға үйрену дегеніміз – сол тілдің әріптік және дыбыстық жүйесін білу, оны сөйлей, айта, қолдана білу. Жазу каллиграфиядан, орфографиядан және шығарма жаза білуден тұрады. Жазуды үйрену мынадай дағдыларды білуден тұрады:

1. Алғашқы алфавиттің әрпін жаза білу дағдысы.

2. Дыбыстарды жаза білу дағдысы.

3. Сөз және сөйлемдер орфографиялық қателерді түзете білу дағдысы.

4. Әр түрлі жаттығуларды орындай білу дағдысы.

Бұл дағдыларды қалыптастыру үшін мынадай негізгі факторлар талап етіледі:

1) сөзді тыңдай білу

2) сөзді айта білу

3) көру факторы

4) қолдың саусақтарын дұрыс пайдалану

Сонымен, жазу процесінде адамның сезіну мүшелері – көз, құлақ, тіл, сөйлеу мүшелері қатысады.

*Жазуға үйретудің жолдары.* Оқушыларды шет тілінде әріптерді, сөздерді, сөйлемдерді жазуға үйрету үшін көп жаттықтыру, жақсы үлгілерімен таныстыру қажет.

Каллиграфияға оқытудың кезеңдері:

I. Мұғалім балаларға карточкада жазылған үлкен және кішкентай әріпті көрсетеді.

Мысалы: Bb

Карточканың бірінші бетінде әріптер жазылған болса, екінші жағында сөздер жазылады.

Мысалы: Bb – Bed, book

II. Мұғалім тақтаға сөзді жазып көрсетіп, қиын жерлерінің жазылуын түсіндіреді. Мысалы, Q әрпін қолды қағаздан айырмай жазу керек, тек құйрығын жазғанда ғана қолды қағаздан айыруға болады, "r" әрібін жазғанда оны "v" әрпімен ұқсастырмау керек, "b" мен "d", "p" мен "q" әріптерін шатастырмау керек екенін түсіндіріп, мұғалім осы әріптерді бар сөздерді жазады.

Әріптерді, сөздерді жазғанда мұғалім өзінің әр қимылын түсіндіруі керек, ал балалар сол қимылдарды бірінші ауада, содан дәптерлерінде қайталайды.

III. Мұғалім балалардан әріптерді, сөздерді жазуды талап етеді, ал өзі әр балаға жақындап жазуға көмектеседі. Жазу қабілетін дамыту үшін бала үйде де әріптерді, сөздерді жазуға жаттығады.

Оқушыларды таза, жақсы жазуға үйрету үшін мұғалім өзі жақсы жаза алуы керек. Тақтадағы көрнекі құралдар да өте жақсы талапқа сай жазылуы қажет.

*Орфография, қатесіз жазу, әріптерге бөліп жазу.* Жазуға үйрету және орфографияда кездесетін қиыншылықтарды жою үшін мұғалім төмендегідей жаттығуларды жасата алады:

I. Көшіру

а) ұқсас сөздер: room – spoon – moon.

ә) естілуі ұқсас жазылуы әр түрлі сөздер:

Two – too  
Sea – see  
One – won

Оқушылар бұл сөздерді жазғанда оның құрамындағы әріптерді атауы керек. Ережеге бағынбайтын сөздерге көп көңіл бөлу керек:

Sure; usual; clerk; soldier.

Оқушыларды таныс фразаларды, сөйлемдерді көшіру арқылы жазуға үйретуге болады.

II. Диктант – жаттығудың қиындау түрі. Диктанттың мынадай түрлері бар:

а) көріп жазу диктанты. Мұғалім тақтаға сөзді, фразаны, сөйлемді жазады, ал балалар оларды оқып жазылу жолдарын есте сақтауға тырысады. Содан кейін мұғалім сөздерді тақтадан сүртіп тастайды, ал балалар есте қалған сөздерді дәптерлеріне жазады.

ә) жаттығу диктанты. Мұғалім сөйлемді оқиды. Жазуға қиын сөз тақтаға жазылады, келесі бір оқушы сөздің ішіндегі әріптерді атап шығады. Содан кейін, балалар сөйлемді дәптерлеріне жазады, ал мұғалім қатарлардың арасында жүріп, оқушылардың жұмысын қадағалайды. Сөйлемді дұрыс жазған бала тақтаға шығып, сөйлемді жазады.

Диктанттың бұл түрі 10-12 минутқа созылады.

б) диктантты өз бетімен жазу. Үйде жаттап келген мәтінді не тақпақты оқушылар сыныпта жатқа айтады, кейін сол тақпақты немесе мәтінді дәптерлеріне жазады.

III. Үлгі бойынша сөйлемді жазу.

Бұл диктанттың қиын түрлерінің бірі, себебі оқушылар оны жазу үшін сөйлемді өз бетімен жалғастырады.

а) сөйкестендіру: Nick has a sister.

ә) аяқтау: He smiled because...

б) жалғастыру: The students wrote + adj. + noun + adv.

IV. Сұрақтарға жауап беру.

V. Шығарма.

Шығарма жазуға үйрету үшін мынадай жаттығуларды қолдануға болады:

а) естіген немесе оқыған әңгімені жазу. Білім деңгейі төмен сыныптарда әңгіменің маңызды сөздерін тақтаға жазып қою керек.

ә) суретті, затты немесе белгілі бір оқиғаны суреттеу;

б) бір тақырыпқа арналған мәтіннің бөлігін суреттеу;

в) оқыған мәтінге жоспар құру;

г) бір тақырып туралы шығарма. Басында оқушылар жоспар құрады, кейін жоспар бойынша әңгіме жазады;

ғ) хат жазу.

Әдетте мұғалім оқушыларға ағылшындықтардың хатты қалай бастап жазып, немен аяқтайтынын түсіндіреді.

Жазу біліктіліктерін бағалау үшін мұғалім оқушыларға таныс бақылау жұмыстарының түрін қолдануы керек.

### *Тест жазу арқылы бақылау:*

1) оқушының әріп жазуды қалай игергенін тексеру үшін мұғалім балаға тақтаның алдында жеке жұмыс жасатқызады

2) каллиграфия және орфография саласындағы оқушылардың біліктілігін мұғалім диктант арқылы тексереді. Диктант жазғанда мұғалім сөйлемдерді екі рет оқиды.

Біріншіден диктанттың мазмұнын толық оқып шығып, содан кейін сөздерді бір-бірден оқиды. Диктантты жазып болғаннан кейін мұғалім тағы бір рет оны оқып шығуы керек.

5-6-сыныптарда диктант жазу 5-6 минутқа созылады.

7-11 сыныптарда – 15-20 минут

Әр сыныптағы диктанттың көлемі:

6-сынып – 20 сөз

7-сынып – 30 сөз

8-сынып – 50-60 сөз

9-сынып – 60-70 сөз

10-сынып – 70-80 сөз

11-сынып – 80-100 сөз

3) оқушының жазу біліктілігін мұғалім шығарма арқылы да тексереді. Мысалы:

Put a few questions to the text.

Answer the questions.

Write a letter.

Мұғалімдер мен әдіскерлердің көбі қате жазылған сөздердің астын сызып қою керектігін айтады, себебі оқушы осы қателерді түзеп өзінің жазу, грамматика салаларындағы біліктіліктің әрі қарай дамытады.

### *Сұрақтар мен тапсырмалар*

1. Жазуға үйретудің анықтамасы қандай?
2. Ағылшын тілін оқытудағы жазудың алатын орны қандай?
3. Жазуды үйретудегі негізгі қиындықтар қандай?
4. Жазу жұмысының қандай түрлерін білесіз?
5. Бағдарламадағы жазуға қойылатын талаптарды анықтаңыз.
6. Мұғалімнің кітабында қойылған талаптарды жазуға, оқытуға қойылатын талаптармен салыстырыңыз.
7. Сыныптағы оқушылардың қабілеті мен ерекшеліктерін ескере отырып оларға сай келетін жазу жұмыстарының түрлерін анықтаңыз.

### **Оқуға үйрету**

#### **Жоспар:**

- Оқу – сөйлеу әрекетінің негізгі түрлерінің бірі
- Дауыстап оқуға үйрету
- Іштей оқуға үйрету
- Оқуға үйрету әдістері
- Оқуға қойылатын негізгі талаптар

Оқу – сөйлеу әрекетінің негізгі түрлерінің бірі. Оқу сөйлеу әрекетінің рецептивті түрлеріне жатады. Себебі ол графикалық белгілерді қабылдаудан, түсінуден тұрады. Оқу сөйлеу әрекетінің тыңдау, жазу сияқты түрлерімен тығыз байланысты. Оқу мен жазу дағдыларының

шет тілін үйретудің бастапқы кездегі алатын орны ерекше. Оқу мен сөйлеу тығыз байланысты. Оқытудың екі түрі бар.

1) дауыстап оқу

2) іштей оқу

### Ағылшын тілін оқуға үйретудегі негізгі қиындықтар

Ағылшын тілін үйретудегі ең қиын процестің бірі – оқушыны оқуға үйрету. Себебі ағылшын тілінде 26 әріп 146 әріптік белгі бар. Егер ағылшын тілі алфавитін қазақ тілінің алфавитімен салыстырсақ ұқсас әріптер К, М, Т, ал қалғандары G, H, J, R, S, W, Z әріптері мүлдем жоқ. Ал қалған әріптер А, С, Н, О, Ф, У, Х екі тілге де ортақ. Бірақ оқылуы әр түрлі. Оқуға үйрету тілдің әліпбиіндегі әріптерді таныстырудан басталады. Ал ағылшын тілін үйретуде тілдің әріптер жүйесімен бірге дыбыстық жүйесін де қатар үйрену керек. Сөздің дыбыстық белгіленуі транскрипция арқылы беріледі. Оқушылар дыбыстардың ашық, үнді, дауыссыз, дауысты екенін және дыбыстың буынның түрінде оқылу ерекшеліктерін білуі қажет. Ағылшын тілінде оқытуда оқудың барлық ережесіне үйрету мүмкін емес, дегенмен кейбір ерекшеліктерін есте сақтаған абзал. Төмендегі кестеде бір әріптің бірнеше нұсқада оқылуын мысалға келтірдік:

Оқылу түрі	a	e	o	u	i (y)
I	[ei] take male	[i:] be see	[ou] go stone	[u:] rude blue [ju:] cute fume	[ai] lime type
II	[æ] sad fan	[e] leg pet	[ɔ] not fog	[ʌ] bus hut	[i] bit kill
III	[ɑ:] far bar	[ə:] pert nerve	[ɔ:] nor form	[ə:] fir surf	[ə:] fir smirk
IV	[ɛə] hare bare	[iə] hare mere	[ɔ:] store more	[juə] pure endure	[aɪə] tire fire

Оқу процесін жеңілдету үшін жаңа сөздерді, сөз тіркестерін, фразаларды алдын-ала оқыту қажет.

## Оқуға үйрету әдістері

I. Оқыту әріпті сөзді және графеманы таныстырудан басталады. Бұл үшін карточкаларды қолдану ыңғайлы.

II. Ереже бойынша оқылмайтын сөзді жеке таныстыру:

Eg – lake, plane, have, Mike

III. Сөздердің сыңарын таңдап алу:

Eg – does – goes, people – pupil, form – from, come – some, though – through

Оқуды үйретуде негізгі орын алатын транскрипцияны үйретуге байланысты.

## Ішінен оқуға үйрету

Ішінен оқуда негізгі орын көруге, көзді пайдалануға беріледі. Ішінен оқыған кезде лексикалық, грамматикалық және айту дағдылары дамытылады.

Оқудың үш түрлі қызметі болады:

- 1) жүйелеу, жинақтау
- 2) танымдық
- 3) қарым-қатынас

Ондағы негізгі мақсат – ағылшын тілін оқыту арқылы оқушының өнегелік және эстетикалық жағынан әр жақты дамыған, саяси идеялық жағынан танымды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Бүкіл оқыту барысында қатынастық бағыт бере отырып, ағылшын тілінен алған білімін іс жүзінде жоғары оқу орындарында, еңбек ету барысында пайдалануға дағдыландырады. Алайда, ағылшын тілін оқыту күрделі, ол қатынастық функционалды бағытта болу тиіс. Қай тілдің болмасын механизмін үйрену үшін мынадай екі жағдайды білу қажет.

1. Сол тілдің жүйесі қалай құрылған?
2. Оны тәжірибелік жағынан қалай меңгеру керек?



Демек, ағылшын тілінің құрылысын және оны тәжірибелік жағынан меңгеру оқу процесінде бірте-бірте қатынастық ұйымдастыру тиімді деп айтуға болады. Өйткені, қатынастық тәсіл оқу процесінің барлық жағын қамтиды:

– сабақ әдістерін таңдау, оны жүргізу әдістері, жолдары, сабақ мазмұнының тәрбиелік және білімдік меңгерудегі дағдысы мен қабілеті, т.б.

Әр түрлі қатынастық мақсатта оқыту ағылшын тілін тәжірибелік жағынан меңгеруге ықпал жасаумен қатар оны үйренуге деген қызығушылығын арттырады.

Оқытудың нәтижесі әдістерге тәуелді болады. Оқыту әдісі оқушыға білім, тәрбие беру және оның қоғамдық мәнісін дамыту міндеттерінен шығатын оқу материалын, теориялық және тәжірибелік меңгеру формасы.

Оқыту әдісіне қойылатын талаптар:

Оқыту әдісінің нақтылығы, ғылымилығы, жүйелілігі, қол жетімділігі, айқындылығы, нәтижелілігі.

Қазіргі кезде педагогикада оқыту әдістерін үш топқа бөліп қарастырып жүр:

- 1) сөздік
- 2) көрнекілік
- 3) тәрбиелік-тәжірибелік әдістер

Оқытудың сөздік әдістерінің тобы мұғалімнің сөзіне сүйенеді. Сөздік әдістердің тобына баяндау, әңгіме, түсіндіру, арнайы мәтін мен кітап оқу және магнитофондық жазбамен, өз бетімен жұмыс жатады. Оқытудың көрнекілік әдістеріне көрнекіліктерді құрастыру және оны пайдалану жолдары жатады. Көрнекілік әдістер сөздік әдістермен тығыз байланысты. Себебі, кез келген көрнекі құрал түсіндіріледі, талданады. Оқытудың тәжірибелік әдістеріне оқушының киімі мен дағдыларын қалыптастыру және жетілдіру процесіне байланысты әдістер жатады. Бұл әдістерге жазбаша және ауызша жаттығулар, тәжірибелік жұмыстар, өз бетімен орындалатын жұмыстың кейбір түрлері жатады. Ағылшын тілі пәніне тән оқытудың басты әдістері мыналар:

– әңгіме әдісі ағылшын тілі сабағында кеңінен қолданылуы тиіс. Оны кез келген сабақта қолдануға бола-

ды. Сондықтан ол мазмұны жағынан сан алуан болады. Әңгіме әдісі оқыту материалын оқушының жеке өмір тәжірибесімен байланыстыруға үлкен мүмкіндік береді. Оқытуда әңгіменің екі түрі пайдаланылады;

– сұрақ-жауап негізіндегі әңгіме және эвристикалық жаңалық ойлап табу жолындағы әңгіме. Катехизикалық әңгіме оқушының білімін тексеру, бекіту, оқылған мәтіндерді талдау жұмыстары үшін қолданылады. Ал, эвристикалық әңгіме жаңа білім беру мақсатында оқушылар ойын жаңа қағидалар мен қорытындыларға әкелу бағытында қолданылады.

*Мәтіндерге тілдік талдау әдісі.* Мәтіндерге тілдік талдау әдісі көркем шығарма тілін талдағанда, сөздік жұмыс, мәтінмен жұмыс істегенде қолданады. Ол мәтіннің сөздік құрамын анықтауда сөз мағыналарын, сөздердің қолданылу мақсатын ашу, талдаудан тұрады. Талдаудың бұл түрі оқушының логикалық ойлауын, талдау қабілетін дамытуға жетелейді.

*Грамматикалық талдау әдістері.* Грамматиканы оқығанда оқушылар біріншіден грамматикалық құбылыстарды табады. Сөйлем мүшелері, жеке морфемалар, олардың нақты белгілеріне қарай түр-түрге, мақсатына сәйкес бөліп, толық грамматикалық сипаттама береді. Жұмыстың бұл түрінде оқушының өздігінен жұмыс істеу дағдылары қалыптасады.

Ағылшын тілін оқытудың тиімді әдістерінің бірі, сипаты, түрі, мақсаты жағынан алуан түрлі жаттығулар жүйесі болады. Оқушылар жаттығулар орындағанда тілге белсенді байқау жүргізеді, тілдік фактілерге талдау жасайды, қорытындылайды, жинақтайды.

*Тест әдісі.* Қазіргі кезде ағылшын сабағында негізінен қолданылатын әдістердің бірі – тест әдісі. Тест оқушылардың оқыған тақырыбын, игерген білімдері мен білім дағдыларын тексеру, бағалау, өткенді бекіту, қайталау сабақтарында пайдаланылады. Тест оқушылардың ойлау белсенділігін, қабылдау, ой қорыту мүмкіндіктерін анықтауға көмектеседі.

*Оқуға қойылатын негізгі талаптар.* Ағылшын тіліне тән дыбыстарды дұрыс оқуға байланысты мәтіндегі сөз,

сөйлемдерді орфоэпиялық нормада айтуға жаттықтыру үшін арнайы жаттығу жұмыстары жүргізіледі. Мәтінді оқытудан бұрын оның құрамында кездесетін жаңа сөздер түсіндіріледі.

Оқушылар мәтінді рөлге бөліп, оқумен, аударумен ғана шектелмей, оның мазмұнын ағылшынша айтуға жаттығады. Мәтін бойынша қойылатын сұрақтар осы талапқа сай ойластырылып, оқушылар мәтін мазмұнын түсініп оқуға, жүйелі түрде айтуға талпынады. Бұл мақсатқа жету үшін оқушының сөздік қоры мол, грамматикалық тұлғаларды меңгеру дәрежесі ойдағыдай болумен қатар, оны байланыстырып, сөйлей білуі қажет.

Оқушылар мәтінді оқып, оның мазмұнын айтып беру үшін әр мәтінді дұрыс мәнерлеп түсініп оқуы, сұрақтарға дұрыс жауап беруі, жетекші сұрақтарға жауап беріп, тыныс белгісіне дауыс ырғағын келтіріп оқуы, мәтінді әр сөзге, сөйлемдерге дауыс екпінін дұрыс түсіруі керек. Мәтінді екі тілде бірдей аудару білуі маңызды. Әр мәтін сайын жаңа сөздердің, сөз тіркестерінің, мақалдардың, нақыл сөздердің сөздігін жасап отыруы қажет. Мақал-мәтелдерді мәнерлеп оқу сөйлемдердің логикалық екпінге ие сөзді, логикалық паузаны, дауыс ырғағын білуге үйретеді. Оқушы мәтінді оқыған кезде алдына мақсат қоюы керек. Оларды шығарма кейіпкерлерін өз атынан әңгімелетуге үйретудің де маңызы зор. Шығарманың рухани кейіпкерлерінің сезім сырларына баға бере отырып, оған тыңдаушы назарын аударта білуі қажет. Автор сөзінің, төл сөздің дауыс ырғағын сақтай отырып, төл сөздерді жалғас әуенмен оқуы тиіс.

Диалогтарды рөлге бөліп оқып, диалогты, мәтінді авторлық баяндау, суреттеулерге оқуға жетілдіру, жаттықтыру да оқуға қойылатын негізгі талаптарға жатады.

### ***Сұрақтар мен тапсырмалар***

1. Сөйлеу әрекетінің негізгі түрі ретінде оқудың мәні неде?

2. Мәтіннің мазмұнын оқушылардың жас ерекшелігіне қарай беру дегенді қалай түсінесіз?

3. Оқуға үйретудің қандай әдістерін білесіз?
4. Оқуға қойылатын қандай талаптарды білесіз?
5. Оқу-әдістемелік кешеннің оқуға үйретуге байланысты берілген нұсқауларымен танысып шығыңыз.
6. Оқуға арналған мәтіндердің мазмұнымен танысып, оны толық талдап шығыңыз.
7. Оқулықтан бір мәтінді алып, өзіңіздің шет тіліндегі мәтінді оқу жылдамдығын анықтаңыз.

## Грамматикалық жаттығулардың түрлері

Грамматикалық жаттығулардың мынандай түрлері бар:

1. Тану жаттығулары. Олар грамматикалық құрылымдар арқылы ауызша беріледі. Мысалы: сөйлемді таңдап, егер Past Indefinite де тұрған етістіктер болса, қолдарыңызды көтеріңіз деп тапсырма береді.

Mike lives in Pushkin Street. I lived there last year.

Ann comes home at half past two.

She came home at 4 o'clock yesterday.

Оқушылар мұғалімді тыңдап, етістікті таныса, қолдарын көтереді. Мұғалім әрбір оқушының түсінгенін тексере алады. Мысалы: сөйлемді оқыңыз.

1) іс-қимыл аяқталмаған – She was reading the book.

2) іс-қимыл аяқталған – She had read the book.

1. Mother was cooking dinner  
Mother had cooked dinner } when I came.

2. Mary was sending letters  
Mary had sent letters } when I saw her in the  
Post Office.

3. It was raining  
It had rained } when they left home.

Сөйлемді оқып, етістіктің дұрыс формасын таңдаңыз.

1. I (go, went) to the library last Monday.

2. Tom (takes, took) a bus when he goes to school.

3. The children (say, said) good bye to the teacher and run away.

Оқушылар сөйлемді оқып шығып, етістіктің осы сөйлемге байланысты берілген дұрыс түрін таңдауы керек.

2. Үйрету жаттығулары қиынырақ, ол оқушылардың сабаққа қатысып, сөйлеуін талап етеді. Шет тілін үйретуде үйрету жаттығулары міндетті. Тек қана тыңдау және көру арқылы жаңа тақырыпты меңгеру мүмкін емес. Олар үйренгендерін дауыстап және іштей сөйлеп дағдыландырулары керек. Көбірек айтып, сөйлеген сайын тақырыпты жақсы меңгереді. Үйрету жаттығулары төмендегіше бөлінеді:

а) қайталау жаттығулары. Оқушылар сөйлеу үлгісіне еліктей отырып мұғалімнің соңынан жекелей және хормен қайталайды: They are dancing in the park немесе оқушылар диалогты тыңдап қайталайды.

– Is Ann dancing now?

– No, she isn't.

– What is she doing?

– She is watching television.

Мысалы:

Kate is helping her mother.

Your sister is doing her homework.

This girl is working at the farm.

Сөйлеу үлгісінің, дыбыстардың, екпіннің, өуеннің дұрыс айтылуына назар аудару керек.

ә) сәйкестендіру. Оқушылар сөздерді сәйкестендіріп қоя білу керек. Мысалы: the children are dancing in the park (in the garden, in the street, in the yard, in the hall, after classes, at the party).

Бір оқушы сөздерді сәйкестендіріп қояды, қалғандары қайталап оқиды. Содан соң сөйлемдегі *dancing* сөзін басқа сөздермен алмастырып қойып, үйренеді.

Мысалы: they are dancing (singing, working, walking, playing, running, talking, watering the flowers, planting trees, helping the workers) in the park.

Белгілі бір етістікті қолдану суреттермен, сөздермен беріледі, аз жұмыс жасалып көп нәтижеге қол жеткізіледі, бұл жұмыс көп уақыт алмайды. Бұл жаттығудың

тағы бір артықшылығы оқушы бұл жаттығуды грамматикалық құбылыс деп қарамайды, ол тек сөздермен жұмыс істейді, формаға назар аудармайды.

б) қорытындылау (аяқтау). Оқушылар мұғалім көрсеткен суреттерді өре отырып, сөйлемдерді аяқтауы керек. Мысалы:

T: Look at the picture. Mike is  $\Theta$ .

P<sub>1</sub>: Mike is getting up.

CE: Mike is getting up.

T: Mike is  $\Theta$ .

P<sub>2</sub>: Mike is dressing.

CE: Mike is dressing.

Бұл жаттығуларда *is* етістігінің қолданылуына назар аудару керек. Мұғалім *Mike is  $\Theta$*  деп айтуы керек, бұл оқушының *is* етістігін тастап кету қателіктерін болдырмайды.

в) мұғалімнің сұрақтарына жауап беру жаттығулары. Мысалы:

T: Is Mike getting up?

P<sub>1</sub>: Yes, he is.

T: Who is getting up?

P<sub>2</sub>: Mike is.

T: What is Mike doing?

P<sub>3</sub>: He is getting up.

Үйрету жаттығулары ауызша не жазбаша, ауызша сыныпта, жазбаша үйде істеледі. Мысалы: оқушыларға берілген үлгі бойынша 5-7 сөйлемді жазып келу беріледі.

Келесі сабақта үй тапсырмасы ауызша тексеріледі. Оқушылар өздерінің тапсырмаларын оқи отырып, тыңдауды үйренеді.

3. Шығармашылық жаттығулар – бұл жаттығудың көп еңбекті талап ететін күрделі түрі. Мынадай түрлері бар:

а) мұғалім көрсеткен сурет, зат бойынша әңгіме құрастыру. Мұғалім суретті көрсетіп Present Continuous 3-5 болымды сөйлем құрастыруға тапсырма береді;

ә) берілген грамматикалық тақырып бойынша сұрақтар оқушылар past Indefinite шағында қойып жауап береді;

б) мұғалім берген оқиға бойынша оқушылар әңгіме құрастырады. Мысалы, бір оқушы басқа оқушыға қимыл істеуге бұйрық береді, ал оқушы қимылды істейді, екіншісі қимылды суреттейді.

P<sub>1</sub>: Go to the door Sasha.

P<sub>2</sub>: Sasha is going to the door.

P<sub>3</sub>: Open the door.

P<sub>4</sub>: Sasha is opening the door.

Бұл ретте Present Perfect және Past Indefinite шақтарында қолдануға болады.

He has opened the door.

We opened the door a minute ago.

в) тақырып бойынша әңгіме (topic). Оқушы сыныпқа келгеннен не істегенін айтып береді;

г) грамматикалық тақырыптарды пайдаланып диалог құрастыру.

Мысалы:

P<sub>1</sub>: I have read an interesting book.

P<sub>2</sub>: What is it about?

P<sub>1</sub>: Indians.

P<sub>2</sub>: Will you give it to me to read?

P<sub>1</sub>: Why not?

ғ) оқылған мәтінді ойлау;

д) қайталап айтып беру;

е) ағылшын тіліне аудару

ж) еркін сөйлеуге қатысу. Мысалы: It есімдігі бар сөздің құрылымдары берілген (It is cold). Мұғалім бұл құрылымды мынадай сұрақтар арқылы бекіте алады:

T: What is the weather like today?

Is it cold today?

Осы сұрақтарға жауап беру арқылы оқушылар сөйлемді жақсы үйренеді.

4. Грамматикалық мәтіндер жаңа грамматикалық тақырыпты түсіндіру мәтіндері арқылы да беріледі.

1) тыңдап, түсінуге арналған мәтіндер

2) сөйлеуге арналған мәтіндер

3) оқуға арналған мәтіндер

4) бақылау тест мәтіндері

Бақылау тест мәтіндері оқушылардың грамматикалық білімін тексеруге мүмкіндік береді. Оған бос жерді толтыру, жақшаны ашу, өзгерту, кеңейту, т.б. тапсырмалар жатады.

### ***Сұрақтар мен тапсырмалар***

1. Шет тіліне үйрету грамматикасыз мүмкін бе, неге?
2. Грамматиканы үйретудің қандай әдістерін білесіз?
3. Грамматикалық жаттығулардың түрін білесіз бе?
4. Оқушыларға арналған оқулық пен мұғалімге арналған оқулықпен танысып шығып, грамматиканы үйрету қандай принцип арқылы берілгенін анықтаңыз.
5. Оқулықтың бір грамматикалық тақырыбына сабақ жоспарын құрастырыңыз.
6. 10 сұрақтан тұратын грамматикалық шағын мәтін құрастырыңыз.

### **Фонетиканы оқыту**

#### ***Жоспар:***

- Тілді үйренудегі дұрыс айтудың маңызы
- Ағылшын тілін айтудағы негізгі қиындықтар
- Ағылшын тілінің дыбыстық жүйесі туралы
- Айтуға үйренудің мазмұны





*Тілді үйренудегі дұрыс айтудың маңызы.* Кез келген тіл ауызша сөйлеуден басталады. Барлық тілдердің негізі – дыбыс. Сөздер сол дыбыстардан құралады. Сөзді түсіну үшін әуелі оны тыңдау керек. Сөзді дұрыс айта білу үйренушінің осы сөзді дұрыс тыңдай білуімен тығыз байланысты. Тілді үйретудің мақсаттарының бірі – үйренушіні сөзді және таныс емес дыбыстарды тыңдай білуге үйрету. Сөзді тыңдау дегеніміз – оның акустикалық формасын білу. Сондықтан сөзді айтуға үйрету оқушының тыңдау және сөйлеу дағдысы мен біліктілігін қалыптастыруда үлкен орын алады.

Сөзді айтуға тек қана тыңдау мен сөйлеуді үйрету ғана емес, сонымен қатар оны жазып, сөздің дыбыстарының графикалық белгіленуін үйрету де жатады.

Сөзді дұрыс айтпау оны түсінбеуге әкеліп соғады. Егер сөзді айтушы сөздің бір дыбысын өзгертіп айтса, сөздің мағынасы өзгереді.

Мысалы:

white – wide, eat – it, pot – port

Мұғалім сөзді дұрыс айтудың маңызын жақсы білуі керек.

Ағылшын сөздерін айтудағы негізгі қиындықтар: Әр тілдің өзіне тән дыбыстық жүйесі бар. Бұл ағылшын тіліне де қатысты. Ағылшын тілінің дыбыстары қазақ тілінің дыбыстарымен бірдей емес, бірақ екі тілде де ұқсас дыбыстар бар.

Ағылшын тілінің мына дыбыстары айтуда қиындық туғызады: [w], [p], [f], [ə].

Сондай-ақ, [s], [pz] дыбыстарының қосарланып келуі *months, clothes* сөздерін айтуда қиындық туғызады. Ал [η] дыбысы қазақ тіліндегі [ң] дыбысының айтылуына ұқсас.

Мысалы:

English, think, song, sitting

Ағылшын тілінің дыбыстық жүйесі үлкен үш топқа бөлінеді:

- 1) Дауысты дыбыстар (vowels)
- 2) Дифтонгтар
- 3) Дауыссыз дыбыстар (consonants)

Ағылшын тілінде 12 дауысты дыбыс бар.

Ағылшын тілінде дыбыстың ұзақ-қысқалық қасиеті бар. Қазақ тілінде дауысты дыбыстардың ұзақ айтылатын түрлері жоқ. Ағылшын тіліндегі дауысты дыбыстың ұзақ түрінің айтылуы да әр түрлі.

Мысалы: *leap* [li:p] сөзі мен *lip* [lip] сөздерінде ұзақ [i:], қысқа [i] дыбысынан ұзақтау айтылады. Сондай-ақ, мына дыбыстық топтардың айтылуында айырмашылықтар тек қана ұзақтығында ғана емес, дыбыстық сапасында да бар. Мысалы: [i:] – [i], [u:] – [u].

Ағылшын тілінің дыбыстық жүйесінің тағы бір ерекшелігі дифтонгтардың – қосарланған дыбыстардың болуы. Қазақ тіліндегі мұндай қосарланған дыбыстар аз, ал ағылшын тілінде олар: [ou], [i:], [ju:], т. б. Ана тілінде жоқ болғандықтан оқушылар бұл дыбыстарды айтқанда, оларды монофтонгқа ұқсас айтады.

Ал, дауыссыз дыбыстар жүйесінде оқушыларға айтуға қиындық келтіретін дыбыстар: [p], [f], [w], [h], т. б. Ағылшын тіліндегі дауыссыз дыбыстардың айтылу сапасы олардың сөздегі орнына байланысты. Мысалы: сөздің соңындағы қатаң дауыссыздар қатты айтылады *white* [wait], ал ұяң дауыссыздар *wide* [waid] жұмсақ айтылады.

Сөздерді айтып үйренгенде оның дыбысталуын ғана емес, сонымен бірге оған түсетін екпінді де үйрету керек. Ағылшын тілінде екпін кейбір сөздерде бірінші буынға түседі.

Мысалы:

sorry, evening, morning, т. б.

Ал басқа сөздерді негізгі екпін екінші буынға түседі. Мысалы: *be'gin*, *mis'take*, *re'sult*, т. б.

Ағылшын сөзін айтып үйренуде екпіннің маңызы зор. Ағылшын тілін тыңдаушылар көбіне ағылшын тілін, оның екпініндегі ерекшеліктеріне байланысты түсіне алмайды. Ал сөйлемді айту үшін негізгі екі әуенді қолданамыз, көтеру (*rise*) және түсу (*fall*). Бұл әуендер қазақ тілінің әуендеріне сай келмейді. Оқушылар оқығанда көбіне ана тілінің әуендерін қолданады. Сондықтан

сөйлем ағылшын сөйлеміне ұқсамай, мағынасы түсініксіз болады.

Мысалы:

Will you wait for me here? !

Жоғарыдағы үлгі сөйлемде ағылшын тілінің әуені дұрыс естілмейді.

## **Айтуға үйретудің мазмұны**

Ағылшын тілінде айтуға үйретудің негізі ретінде ағылшын тілінің әдеби айту нормалары алынады. Бұл әдеби норма – ол тілдің радиода, теледидарда, театрда, университеттерде, мектептерде қолданылатын түрі. Біз оқушыларға ағылшын тілінің осы түрін оқытамыз. Бұл түрлердің ерекшеліктері мынадай:

1) анық ритмнің сақталуы

2) дыбыстардың анық айтылуы

3) көмекші етістіктерді қысқартып пайдалану

Сөздерді айтып үйренуде оқушылар нені меңгеруі керек? Олар мыналар:

1) ағылшын тілінің дыбыстық жүйесі

2) қазақ тілі мен ағылшын тілінің дыбыстық жүйесіндегі айырмашылықтарды білу

3) сөзге екпін қоя білу, сөйлемге дұрыс әуен қоя білу, сөйлемді дыбыс, дауыс ырғағын топтарға бөле білу

Ағылшын тілінде айтылған сөйлемді тек қана оның айтылуы, дауыс ырғағы дұрыс болғанда түсінуге болады.

## ***Сұрақтар мен тапсырмалар***

1. Ағылшын тілінің дыбыстық жүйесінің ерекшеліктері қандай?

2. Тілді үйрену ісіндегі дұрыс айтудың маңызы қандай?

3. Дұрыс айтуға үйрету үшін мұғалім не істеуі керек?

4. Жоғары сыныптағы ағылшын тілі сабағына арналған айту жаттығуын жасаңыз.

5. Мұғалім кітабынан жоғары сыныптағы бір сабақтың сөздерді айтуға арналған жаттығуын талдаңыз.

### Сөзді дұрыс айтуға үйрету

#### **Жоспар:**

- Сөздің айтылуын үйрету
- Айту дағдысын дамытуға арналған жаттығу түрлері

Сөздің айтылуын үйретуде мұғалімнің алдында екі едістемелік мәселе тұрады:

1) жай еліктеуге арналған сөйлеу мүшелерін пайдалану;

2) жаттығулардың түрлерін анықтап, оның орындалуын түсіндіру.

Оқушыларды ағылшын тілі мен ана тіліндегі ұқсас дыбыстарды айырып, салыстыра білуге үйрету керек:

$[t] - [T], [n] - [н], [h] - [x]$

Ағылшын тілі дыбыстарының айтылуында ұқсастық көп.

#### **Мысалы:**

It – eat, spot – sport, wide – white, cut – cart, full – fool, boat – bought

Оқудағы айырмашылықтар аудио тыңдау арқылы беріледі немесе айырмашылығы бар дыбыстары бар сөздерді, заттарды көрсету арқылы беріледі.

1. Ship – sheep
2. Іс-қимылды көрсету арқылы. He rides – He writes
3. Карточкада жазылған дыбыстың белгілері арқылы беруге болады.

$[e] - [æ], [i] - [j], [a:] - [ʌ]$

Ағылшын тілін үйретуші өзінің сөйлеу мүшелерін жаңа тілдің дыбыстары мен өуенін айтуға икемдейді.

Мысалы: is – this, veal – wheel

Айтуға үйретуде еліктеудің маңызы зор, мұғалім балалардың еліктеушілік қабілетін толық пайдалануы керек. Бірақ, сөзді айту кезінде сөйлеу мүшелерінің орналасуын толық көрсету мүмкін емес. Өуенді де еліктеу арқылы оқытады, мұнда қимылмен түсіндіру де қолданылады.

Мұғалім дауыстың қозғалысын қолдың жоғары-төмен көтерілуімен көрсете алады. Сонымен бірге, үйретілген фонетикалық белгілерді де қолданады. Оқушылар тек қана мұғалімнің сөзіне еліктеп қоймай магнитофон таспасына, күй табаққа жазылған сөйлеу үлгісіне де еліктейді.

Кіріспе курс кезінде қалыптасқан тыңдау, айту дағдылары оқушының болашақ айту біліктілігін анықтайды. Сондықтан мұғалім осы кезеңде әр оқушының жеке қиындықтарын анықтап, дыбыстарды айтуда қателіктерін түзетуі қажет.

Айту дағдысын дамыту жаттығулары екі топқа бөлінеді.

*Таныстыру жаттығулары* оқушылардың дыбысты, дыбыс тіркестерін тани білу қасиетін дамытады. Жұмыстың бұл түрінде оқушыдан тыңдап түсіну қабілеті талап етіледі. Жаттығу арқылы осы қабілетті әрі қарай дамытуға болады. Мысалы: мұғалім бірнеше ағылшын сөзін айтып оқушыны осы сөздерден жаңа дыбысты табуға тапсырма береді. Ол дыбыс [æ]. Мұғалім мынадай сөздерді айтады: a desk, a nest, a pen, a rap. Оқушы жаңа дыбысты естігенде қолын көтереді, мұғалім оқушының жаңа дыбысты үйренгенін тексереді.

*Тапсырманың тағы бір түрі.* Егер сөздің мағынасы түсінікті болса, ол сөздердің ішінен сын есімдерді табуға тапсырма беріледі. Етістіктердің қайсысы еңбекті, қайсысы демалысты білдіретінін анықтауға немесе "They left for Kiev yesterday" сөйлеміндегі екпінді сөздерді табуға тапсырма беріледі. Егер олар екпінді сөздерді дұрыс атаса, жаттығудың табысты болғаны.

Дауыс ырғағын оқытуда мұғалім тіркесті дауыс ырғағын жоғары көтеріп, төмен түсіріп айтып үйретеді,

оқушыларды дауыс ырғағын көтергенде қолдарын көтертіп, түсіргенде қолдарын түсіріп жаттықтырады.

Мысалы:

on the? table – on the \ table  
in his\ hand – in his ? hand

Егер оқушылар қолдарын уақытында дұрыс көтерсе олардың дауыс ырғағын түсінгендігі.

*Үйрету жаттығулары* – ағылшын тілі дыбыстарын, тіркестерін, сөйлемдерін жеңіл айтып сөйлеп, оқи алатындай деңгейге жету үшін қолданылатын айту дағдыларын дамыту жаттығулары. Қазақ немесе орыс тілді оқушылар үшін қиын дыбыстарды бірнеше минут бойы әр сабақта дауыстап жаттықтыру керек.

Дауыстап оқу кезінде тіс аралық дыбыстардың айтылуынан көп қате кетеді, сондықтан мәтінді оқып болғаннан кейін, мұғалім осы дыбыстарды жеке және хормен қайталатады. Ол сөздер мыналар:

*this, that, with, without, other, another, thing, think, thought.*

Оқушыларға таныс сөздер алынғаны дұрыс. Үйрету жаттығуларының ішіндегі ең пайдалысы фонетикалық жаттығу, ол әр сабақта ұйымдастыру кезеңінен кейін міндетті түрде болады. Кейде фонетикалық жаттығуды мұғалім орнын өзгертіп оқылатын тақырыпты түсіндіру үшін қолданады. Сабақта алынатын фонетикалық жаттығулар жаңа сабақтың тақырыбымен байланысты болуы керек. Олар дыбыс, сөз, сөз тіркесі, сөйлем, тақпақ, өлең немесе диалог түрінде беріледі. Фонетикалық жаттығу оқытудың кезеңіне, оқушының білім деңгейіне, жасына, сабақтың түріне байланысты болады.

Мысалы: оқушы [ou] дыбысы бар сөздерді айтуы керек. Бұл үшін мұғалім осы дыбыс бар сөздер кіретін фонетикалық жаттығуды алады:

Don't go home alone.

Немесе [æ] дыбысына берілген жаттығу.

A black cat on a mat and ate a fat rat.

[w] дыбысына *Why do you cry, Willy? Why do you cry? Why, Willy? Why, Willy? Why, Willy? Why?*

Егер мұғалім Present Continuous шағын түсіндірсе [η] дыбысын айтуды жаттықтыруы керек. Бұл дыбыс әсіресе, орыс тілді оқушылар үшін өте қиын.

Мысалы:

*English, song, sing, drink, thing, think, write-writing read-reading, set-setting*

Мұғалім фонетикалық жаттығуға [η] дыбысы бар сөздерді енгізіп, осы дыбыстың айтылуын жаттықтырады. Сондай-ақ, Past Indefinite шағын өткенде де дұрыс етістіктердің жалғауының *-ed* айтылуын жаттықтыру керек. Ол үшін етістіктер *-ed* жалғауының оқылуына байланысты 3 топқа бөлінеді.

- 1) [t] – wash-washed, thank-thanked, stop-stopped
- 2) [d] – open-opened, close-closed, like-liked
- 3) [d] – want-wanted, skate-skated, decide-decided

Бұл жаттығулардың маңызы:

- 1) Оқушының айтып үйренуін жақсартады.
- 2) Айтудағы қатені түзеп, дұрыс айтуды үйренеді.
- 3) Кейде өз қатесін өзі тауып, түзейді.

Оқушының сөзді айтуына назар аударып, оны үзбей, бақылап отыру қажет, ол оқытудың барлық кезеңінде міндетті.

Көбіне жас мұғалімдер бірден жақсы нәтиже күтеді, ол нәтижеге бірден жету мүмкін емес, сондықтан, олар айтуға назар аудармай онымен жұмысты тоқтатады. Бұл дұрыс емес. Сөздерді дұрыс айтуға тек үзбей еңбектену, жаттығу арқасында ғана жетуге болады. Ол үшін оқушы да, мұғалім де тынымсыз еңбектенуі қажет.

### *Сұрақтар мен тапсырмалар*

1. Дұрыс айту дегеніміз не?
2. Оқушыларды дұрыс айтуға үйрету үшін мұғалім қандай әдіс-тәсілдерді қолдануы керек?
3. Сөзді айтуға үйренуде оқушы қандай қиыншылықтармен кездеседі?
4. Сөзді айтуға үйретуде қандай жаттығуларды қолдану керек?

5. Бастауыш сыныптың бір сабағына арналған айту жаттығуын құрастырыңыз және оны қалай пайдаланатынын көрсетіңіз.

6. Мұғалім кітабынан және оқулықтан бір сабаққа арналған айту жаттығуларын көрсетіңіз және оны талдаңыз.

## Лексиканы оқыту

### **Жоспар:**

- Лексиканы оқыту ерекшеліктері
- Лексиканы оқытудың негізгі жолдары
- Сөздермен жұмыс жасау жолдары
- Жаңа сөздермен жұмыс

Лексиканы оқыту туралы айтқанда, лексиканы түсіндіру және оны оқушылардың игеруі туралы айту керек. Әр сыныпта бұл сұрақтардың ерекшеліктері бар, сондықтан әр кезеңде сөзді үйрету әдістемесі әр түрлі болады.

Шет тілінің сөзін үйретудің негізгі түрі – оны туған тілге аудару, оның аудармасын білу. Аударманы қолданудың жетістігі – сөздің туған тілден аудармасын жылдам тауып, оның мағынасын есте сақтауға мүмкіндік беруі, ал кемшілігі кейде сөздің туған тілде баламасының болмауы. Бұл тілдерді білу деңгейінің алуандығына да байланысты. Кей жағдайда сөздің мағынасын тіке аудармай, сөйлемнің деңгейінде аударамыз.

Тілді аударып пайдалану оқытудың барлық кезеңінде жүргізіледі. Сөз дыбыстан құралады, әріппен жазылды, оқу ережесі болады, сондықтан мұғалім сөздің айтылуын (translation), оқылуын (spelling), жазылуын (rules of reading), тани білуіне (recognize) үйретуі керек.

Мысалы:

A book {buk} – книга, кітап (көрсету)

This is a book. Give me a book. Take the book.





Сөзді үйретудің басқа бір түрі – көрнекілікті пайдалану. Көрнекілік сыртқы (заттың немесе суреттің) және ішкі (тілдік) болып бөлінеді. Заттық немесе суретті көрнекіліктің сөздің мағынасын берудегі қызметі өте төмен. Мысалы, сыныптағы, үйдегі заттардың атауын білу көп көмектеседі, керісінше, заттардың суретін салу оның мағынасын беруге көмектесе алмайды, кейде оқушылар заттарды суретіне қарап тани алмайды. Сон-

дықтан затты көрсеткеннен кейін оның аудармасын беру керек.

Тілдік көрнекілік шет тілін оқытуда кеңінен қолданылуы керек. Тілдік көрнекіліктерге мыналар жатады:

1. Сөздің мағынасын сөйлем аясында түсіндіру.

2. Сөздің мағынасын антонимдер, синонимдер арқылы түсіндіру.

3. Сөздің мағынасын сөз жасау белгілері бойынша түсіндіру *to build-builder-building*.

4. Сөздің мағынасын оның ағылшын тілінде берілген анықтамасы бойынша түсіндіру: *a book – is a collection of sheets of paper bound together*.

Енді осы тілдік көрнекіліктің мықты және әлсіз жақтарын қарастырайық.

Контекст-мағына – бұл көрнекіліктің пайдасы сөздің сөйлемде қолданылған мағынасы ой туғызады, есте ұзақ сақталады, бірақ сөйлемдегідей оның мағынасы негізгі мағына болуымен қатар қосымша мағынасы болуы да мүмкін, осы жағдайда оны қолдану тиімді емес. Сондықтан сөйлемдегідей мағынасын іздеп табу керек, бұл оңай емес, оған қосымша түсініктеме берілуі керек.

Мысалы:

T. It was hot. We had nothing to drink. We were thirsty.

Do people need water or bread when they are thirsty?

P<sub>1</sub>. They need water.

T. What do people need when they are thirsty?

P<sub>2</sub>. They need water (or smth to drink).

**Синонимдер мен антонимдер.**

Жаңа сөздің мағынасын үйретудегі синонимдер мен антонимдердің маңызы шектеулі. Себебі, синонимдердің мағынасы негізгі мағынаға өте жақын емес. Сондықтан синонимді пайдалану онша табысты емес. Сөйлемдегі сөздің қолданылу мағынасы да түрлі жағдайда әр түрлі. Антонимдерді қолдану да осындай дәрежеде

Мысалы: great – big – large    town – city  
          nice – beautiful        long – short  
          low – not high

Сөз жасау: сөз жасау жолдарын талдау сөз мағынасын түсінудің жақсы құралы, бұл тек сөздің түбірі оқушыға таныс болғанда ғана табысты болады. Егер түбірсөз түсініксіз болса, жасалған жаңа сөздерді игеру де қиын.

Мысалы:

T: You know the words: "worker", "teacher", now guess the meaning of the word "writer". Write – writer. Children, name your favourite writer.

P<sub>1</sub>: Tolstoy.

P<sub>2</sub>: Chekhov.

P<sub>3</sub>: Gorky.

T<sub>1</sub>: That's right. Is Sholokhov a writer?

P<sub>4</sub>: Yes, he is.

T: Is Repin a writer?

P<sub>5</sub>: No, he is not.

T: Is Katayev a writer or a teacher?

P<sub>6</sub>: He is a writer.

Сөздің мағынасын ағылшын тілінде бейнелеу (суреттеу). Сөздің мағынасын алудың бұл түрі белгілі бір жағдайда қолданылады. Оның мағынасын алуға және өткен жаңа сөздерді де қолдануға, қайталауға қолданса өте тиімді болады.

Мысалы:

T: A new word is "blind". A blind person is one who cannot see. Can a blind person see?

P<sub>1</sub>: No, he can't.

T: What can't a blind person do – see or hear?

P<sub>2</sub>: He can't see.

T: He can't see because he is blind. Why can't he see?

P<sub>3</sub>: Because he is blind.

Тілдік көрнекілікті барлық оқу кезеңінде қолдануға болады. Бірақ оның барлық түрлерін бірдей қолдана алмаймыз. Мысалы, сөз жасауды кез келген кезеңде әр түрлі деңгейде қолдануға болады. Суреттеуді жақсы дайындық бар кезеңде ғана қолдануға болады. Тілдік көрнекілікті қолдану сөздің аудармасын бермей-ақ қоюға болады деген сөз емес.

Сөздер мәтінді оқымастан бұрын түсіндіріледі. Сөзді жекелеп алып түсіндіруге болады немесе тұтас сөйлем мағынасында түсіндіріледі. Сөзді оқу процесімен жарыстыра отырып түсіндіруге болады.

Сөздің мағынасын түсіндірудің жолдары сөздің түріне және оқыту деңгейіне байланысты.

### **Сөзді мәтінді оқымастан бұрын түсіндіру**

Сөзді мәтінді оқымастан бұрын түсіндіру үшін жаңа сөздерді тыңдау қажет, оның айтылуын үйрену, айту қажет, сөзді тақтаға немесе дәптерге жазу керек, сөздің жазылуын және транскрипциясын, оның аудармасын бірге жазады. Сөзді осылай түсіндіргенде оны затты немесе суретті қолданып көрсету үні бірге қолданылады.

Сөздермен жұмыс жасау жолдары мына үлгі бойынша жүргізіледі:

- 1) затты көрсету
- 2) сөзді бірнеше рет айту (дыбыстау)
- 3) сөзді туған тілге аудару
- 4) сөзді жекелеп немесе хормен айту
- 5) сөзді тақтаға транскрипциясымен, аудармасымен жазу
- 6) мұғалімнің көмегімен дыбыстарға әріптік талдау жасау
- 7) сөзді сөздікке жазу

Әрі қарай мәтінді оқу кезінде сөздің мағынасы түсіндіріледі. Әр жаңа сөзге тоқталу қажет. Сөздің мағынасын анықтауға барлық оқушылар қатысады. Түсіну тірегі ретінде сөздің тек сөйлемдегі мағынасы ғана емес, оның сыртқы белгілері де қолданылады: сөйлемдегі сөздің орны, сөздің алдында артикльдің болуы, сөз жасаушы суффикстер мен профикстердің болуы.

## Оқушылардың сөздермен өзіндік танысуы (сөздіктің көмегімен)

Бұл жұмыс түріне 7-сыныптан бастап тартылады. Сөздің мағынасын оқушылар сөздіктен өздігінен тауып, сөйлемдегі мағынасында қолданады. Оқу процесінде жаңа сөздермен танысу жұмыстың негізгі түріне айналады. Жаңа сөзді игеру сөзбен бірінші танысудан басталады. Оны мұғалім айтады, әрі қарай ол сөзді игерудің нақты жүйесін жасайды. Бастауыш оқу кезеңінде сөздің айтылу дағдысын, оны оқуда, жазуда, сөйлеуде қолданылуын қалыптастырады. Әрі қарай сөздермен лексикалық жаттығулар орындалады.

Ал, 6-сыныпта сөзбен жұмыс жасауда сөздің әр түрлі мағынасы, синоним, омоним, антонимдері қолданылады.

Мысалы:

bear – аю – bear – көтеру

bear – алыпсатар

to be – бөлу

to be – тұру

table – үстел, табель, тамақ, кесте, тау жазығы, жазық бет, тақтай, асхана

Жоғары сыныпта сөздің жанама (ауыспалы) мағынасына, фразеологиялық тіркестерге назар аударылады.

### Жаңа сөздермен жұмыс

Тілді білу дегеніміз – оның құрылымы мен сөздерін білу деген сөз. Сондықтан тілдің сөздік қорын үйрету – мектептегі шет тілі сабағының ең маңызды бөліктерінің бірі. Қандай сөздерді және сөз тіркестерін оқыту керек? Аптасына болатын 1-2 сабақта сөздерді сөйлеуге қолдануға үйрету мүмкін емес.

Сөздер оқылатын тақырыптарға байланысты іріктеліп беріледі. Сөздер мына белгілер бойынша іріктеледі:

- 1) тілде жиі қолданылатын сөздер
- 2) оңай құралатын сөз тіркестері

3) тақырып, мәтінде кездесетін сөздер

4) сөз жасау жолдарын түсіндіру үшін қолданылатын сөздер.

Мектеп бітірушілердің сөздік қоры өте аз. Сондықтан олар тыңдап түсінуде, сөйлеуде, оқуда және жазуда көп қиындықтарға кездеседі.

Мұғалім жаңа сөзді үйретуде екі нәрсені есте сақтауы керек:

1) Оқушы сөзді тыңдап түсініп және оқығанда аударма білуі керек.

2) Сөйлеуде дұрыс мағынасын орынды қолдана білуі керек.

*Жаңа сөздерді оқытудағы қиындықтар.*

Шет тілінің сөздерін үйрену оңай емес, себебі әр сөздің формасы, мазмұны және пайдалануы бар. Кейбір сөздердің формасын тану оңай, пайдалануы қиын.

Жаңа сөздерді қалай үйрету керек?

*Жаңа сөздермен таныстыру.*

Әр сөздің өзіндік формасы, мағынасы және пайдалануы болғандықтан, сөзді таныстыру дегеніміз – оның формалары (фонетикалық, графикалық, құрылымдық, грамматикалық) мен мағынасын және пайдалануын түсіндіру.

Сөздердің айтылуын және жазылуын оқыту техникасына мыналар жатады:

1) еліктету

2) ұқсастыру

3) транскрипция

4) оқыту ережесі

Мұғалім сөзді үйреткенде әуелі сөздің айтылуынан бастайды.

Мысалы: a book – сөздің жеке айтылуын айтады.

Содан кейін сөздің сөйлемдегі қолданылуын көрсетеді.

This is a book. Give me the book.

Ал егер мұғалім сөздің тек айтылуын ғана емес оқылуы мен жазылуын да үйреткісі келсе, ол сөздің оқылуын және жазылуын көрсетіп, жаттығулар орындайды.

Мысалы: "spoon" сөзі, мұғалім сөзді тақтаға жазып, оқушылар оқиды (олар оқылу ережесін біледі). Оқушы-

лар сөзді оқып, дәптерлеріне жазып алады. Соңынан оқушылар әліпбиді үйреніп, сөзді өздігінен оқып-жаза алатын кезде жаңа сөздерді үйден дәптерлеріне жазып, оқып келуге тапсырма береді, ал сабақта осы жаңа сөздерді қолданып ауызша жаттығуларды орындап, оларды сөз тіркестерінде, сөйлеуде қолдануға үйрету керек.

Сөздің мағынасын бере білудің екі әдісі бар: тура және аударма әдіс. Тура әдісте сөз бен оны атайтын зат қолданылады. Ол заттарды үнемі көріп, қолданылып жүрген заттар, ұғымдар болуы керек. Тура әдістің 2 түрлі формасы бар:

а) көру арқылы.

ә) басқа сөздерді пайдалану арқылы.

Көру арқылы түсіндіргенде заттың өзін, суретін, қимылын беру арқылы істеледі. Мысалы, мұғалім қарындашты алып көрсетіп: "This is a pencil" дейді. Сосын "мынау не?" деп сұрайды. "What is this? It is a pencil".

Is it a pencil? Yes, it is. Is it a pen? No, it is not.

Басқа сөздерді пайдалану арқылы түсіндіргенде мыналар ескеріледі:

а) сөйлемнің мағынасы

ә) синонимдер

б) антонимдер

в) анықтама

Мысалы, анықтама қолданғанда мұғалім былай істей алады:

T: The new word is "blind". A blind person is one who cannot see. Can blind person see?

P<sub>1</sub>: No, he cannot.

T: What cannot a blind person do – see or hear?

P<sub>2</sub>: He cannot see.

Тура әдістің басқа да түрлерін қолдануға болады.

Аударма әдісі бойынша да екі түрлі жұмыс істеуге болады:

1) жалпы аударма

2) аударма

Аударма әдісі уақытты аз алады және мұнда сөздің мағынасы бірдей беріледі.

Жаңа сөзбен жұмыстың мынадай түрлерін қолданған жөн:

1) бастауыш сыныпта заттарды, суретті пайдалану арқылы

2) орта сыныптарда сөздерді пайдалану арқылы

3) жоғары сыныптарда аударма беру арқылы

Жаңа сөздерді үйретуде жаттығулардың мынадай екі түрі қолданылады:

1. Дұрыс сөздерді таба білуге үйрету жаттығулары.

2. Сөздерді сөйлемде дұрыс пайдалана білуге үйрету жаттығулары.

### ***Сұрақтар мен тапсырмалар***

1. Жаңа сөздерді іріктеу принциптері қандай?

2. Жаңа сөздерді үйретудің негізгі ережелері қандай?

3. Жаңа сөзді үйренудегі кездесетін негізгі қиындықтар қандай?

4. 8-сыныптағы ағылшын тілі оқулығын пайдаланып жаңа сөздер үйрету сабағының жоспарын жасаңыз.

5. Жаңа сөздерге байланысты фонетикалық жаттығуларды алып жаттығыңыз.

6. Жаңа сөздерді қолдануға арналған жағдайларды әзірлеңіз. Монологтық және диалогтық сөйлеу түрлерін пайдаланыңыз.

Жаңа сөздерді ауызша және жазбаша бақылау жұмыстарына әзірлеңіз.

### **Оқыту технологиясы**

#### ***Жоспар:***

- "Технология" термині туралы түсінік
- Оқыту технологиясының 3 кезеңі
- Оқыту технологиясының анықтамасы
- Оқыту технологиясының маңыздылығы

Қазіргі әдістемелік әдебиеттерде "технология" (technology) деген ұғым "оқыту" деген ұғыммен жиі кездеседі



(technology of teaching). "Техника" терминінің екі мағынасы бар екені айқын:

1. Өндіріс құралдарының жиынтығы;
2. Бір істі орындағанда қолданылатын тәсілдер жиынтығы.

"Технология" термині сол тәсілдер жүйесі деген мағынаны білдіреді. Шетелдік мамандар оқыту технологиясының үш кезеңі болғанын айтады. Алғашқы кезеңде мұғалім бірде-бір көмекші құрал-жабдықсыз ауызша оқыту арқылы оқушыға білім берген. Екінші кезеңде кітап басып шығару игерілген соң, оқыту технологиясы елеулі өзгеріске түсті, адамдарға әр түрлі дидактикалық материалдар көмекке келді.

Қазіргі кезеңде де оқыту технологиясы үлкен өзгеріске ұшырап отыр. Мұғалімдер мен оқушыларға әр түрлі дидактикалық материалдармен қоса, оқытудың техникалық құралдары (ОТҚ) жәрдемге келді.

"Оқыту технологиясы" (ОТ) термині алғаш рет АҚШ-да қолданыла бастады. Польшаның белгілі дидакторы У.Куписевич пен Ф. Янушкевич оқыту технологиясы жалпы дидактиканың бір бөлігі ретінде оқытудың ең оңтайлы жолын анықтайтынын терең түсіну керектігін қолдады.

ОТ – қолданбалы дидактика. Ол педагогикалық тәжірибенің нақты жағдайларында оқытудың ең маңызды үрдісін іс жүзінде жүзеге асырады, оқыту мен оқудың нақты қызметін бейнелейді. Оқыту технологиясының анықтамасын Скиннер былай деп берді:

"Оқыту технологиясы – психология жетістіктерін педагогикалық тәжірибеде қолдану немесе оқытудың тиімділігін арттыру мақсатымен білім беру жүйесін зерттеу негізінде оқу үрдісін жүзеге асыру және бағалау, бағдарламалаудың жүйелі тәсілі".

Оқыту технологиясы дегеніміз – оқыту техникасы туралы ғылым, сондықтан оқыту ғылыми түрде жүзеге асуы керек, яғни мұғалім қалай оқыту, неге олай оқыту керек деген білім бірліктілігін білуі тиіс.

Оқыту технологиясы оқытудың мазмұнына ғылыми негізделген.

Оқыту технологиясы қалай оқыту керек деген ғылыми тұжырымдамамен тығыз байланысты, яғни қандай принциптер арқылы, қандай әдіс-тәсілдер арқылы, қандай оқыту құралдары арқылы, оқытуды қалай ұйымдастыру керек, қандай факторларды ескеру керек және оларды ағылшын тілін үйретуде қалай ескеру керек деген сұрақтарға жауап іздейді. Сондықтан, оқыту технологиясы оқытудың мақсат, мазмұн, принцип, әдіс және құралдармен тығыз байланысты.

Оқыту технологиясын білу үшін әр мұғалім оның маңыздылығын түсінуі тиіс. Өкінішке орай, кейбір мұғалімдер әдістемені ғылым емес, тек мұғалімнің жұмыс барысында өзімен-өзі қалыптасатын тәжірибесі деп есептейді. Кейде мұғалім бір әдісті қолданып отырып оны неге қолданғанын, балалардың қандай дағдыларын дамытып отырғанын өзі түсіндіре алмайды. Мысалы, дауыстап оқуға үйрету барысында мұғалім сөздерді, сөйлемдерді, мәтінді өзі оқиды, ал балалар кітапқа қарамастан оларды қайталап отырады, сондықтан оқушылар сол сөздерді өздігінен оқымағасын оларды естеріне сақтап қала алмайды. Бастауыш сатыда оқуға арналған материал жеңіл болғасын, оқушылар сөздерді, сөйлемдерді, мәтіндерді оқымастан қайталайды, сондықтан оқытудың келесі сатыларында балалардың көбі оқи алмайды. Демек, мұғалім оқыту мақсатына жету үшін проблемалық жағдайларды туғызып отыруы керек. Бастауыш сатыдағы ағылшын тіліне оқытудың оқыту технологиясының мазмұнын көрсету үшін төмендегі кестені назарларыңызға ұсынамыз.

## Бастауыш сатыда ағылшын пәні бойынша оқыту технологиясы

Әдіс немесе технологиялық операция (іс-әрекет)	Негізгі принциптер	Тәсілдер	Құралдар
1. Білім алу бағытында оқу материалымен танысу. Түсінгенін бақылау	Тәрбиелеп оқыту Ұғып-түсіну қарым-қатынас жасауға бағытталған	Көрсету Түсіндіру Аудару	Көру Есту Көру-есту
2. Дағдыларды дамытуға бағытталған жаттығу жұмыстары. Бақылау	Белсенділік Көрнекілік жеке ерекшеліктерін ескеру	Басылған мәтінге сүйеніп және сүйенбей жаттығуларды орындау	
3. Қалыптасқан дағдыларды сөйлеу біліктіліктерінде қолдану. Бақылау		Тыңдап түсіну, монологтік және диалогтік сөйлеу, дауыстап және іштен оқу әрекеттері бойынша тапсырмалар орындау	

Болашақ мамандар оқыту технологиясын жақсы игеру үшін ағылшын тілі факультативтерінде бұл сұраққа көп көңіл бөлуі керек. Сонымен қатар, мұғалімдердің өздері оқыту технологияларын дұрыс қолдана білу үшін көп ізденіс жұмысын жүргізіп, өз білім деңгейлерін мұғалімдердің білімін жетілдіру институттары арқылы көтеруге тырысулары керек.

### *Сұрақтар мен тапсырмалар*

1. "Техника" дегеніміз не?
2. "Технология" деген сөз нені білдіреді?
3. "Оқыту технологиясы" деген ұғымның анықтама-сы қандай?

4. "Оқыту технологиясының" "Оқыту әдістемесінен" айырмашылығы қандай?

5. Әр түрлі әдістемелік әдебиеттерден оқыту технологиясы туралы тауып, талдаңыз.

### **Факультативтік сабақтар.**

#### **Факультативтік сабақтардың мақсаты**

##### **Жоспар:**

- Факультативтік сабақтардың шет тілін үйретудегі орны
- Факультативтік сабақты ұйымдастыру
- Факультативтік сабақтың мазмұны мен мақсаты

1967 жылы онжылдық мектептерге арналған оқу жоспары ұсынылды. Бұл оқу жоспарында негізгі пәндермен қатар факультативтік сабақтар да болды. Факультативтік сабақтар белгілі бір пәндер бойынша оқушыларға терең білім беруге арналған. Әрбір мектеп бітірушінің міндетті пәндермен қатар, өзінің қалауы бойынша өзін қызықтыратын пән бойынша тереңірек білім алуға мүмкіндігі бар. Мысалы: оқушы химия пәнінен тереңірек білім алғысы келсе, факультативтік сабақта осы пәнді таңдайды. Ал басқалары ағылшын тіліне қызығады, олар осы тіл бойынша қосымша сабақ алады. Факультативтік сабақтың маңызы зор, себебі мұғалім факультативтік сабақта оқушының қызығушылығын, дарынын анықтайды және оқушыны жоғары оқу орнына түсуге әзірлейді.

#### **Факультативтік сабақты ұйымдастыру**

Ағылшын тілі пәнінен факультативтік сабақ ұйымдастырудың басқа пәндермен салыстырғанда өзгешелігі бар. Ағылшын тілі пәні 15 оқушыдан тұратын топтармен оқылады. Факультативтік сабақтарды ұйымдастырғанда мектептің қаражаты да ескеріледі. Факультативтік сабақтар ерікті түрде жүргізіледі. Факультативтік сабақтарға

ағылшын тілінен жақсы үлгеретін, қызығатын оқушы ғана қатыса алады, егер ол сабақты жақсы үлгермесе факультативтік сабаққа қатыса алмайды. Оқу жылының аяғында факультативтік сабақтың қорытындысы шығарылады.

Факультативтік сабақтар міндетті болмағандықтан, оны ұйымдастыру оқушылардың қабілетіне қарай болады. Оқушы неғұрлым көп оқып, көп жазса, соғұрлым жақсы сөйлеуді үйренетіндігін сезінуі керек. Мысалы: оқушы электроникамен айналысады. Ол ағылшын тілінде электроника туралы көп кітаптардың бар екенін біледі. Ол енді ағылшын тіліндегі электроника туралы кітаптарды әлдеқайда қызығып оқып, түсінуге тырысады.

Тілге қызығушылық бірте-бірте сүйікті іске айналады, бұл ретте оқушы шет тілін үйренудің барлық мүмкіндігін пайдаланады, ол мәтінді сөздіксіз аударарды, шет тілінде радио тыңдап, теледидар қарайды, шетелдіктермен сөйлеседі.

Оқушы ата-анасының ықпалымен немесе өзі шет тілін үйренетін колледжге оқуға түсіп, мамандығын таңдайды.

Оқушының факультативтік сабақтарға қатысуына тәжірибелі мұғалімнің рөлі өте зор. Ол баланың қызығушылығын оятып, оны дамытады, шәкіртінің тілді үйренуге деген сенімін нығайтады.

Қазіргі кезде шет тілінің, соның ішінде ағылшын тілінің маңызы өсіп келе жатыр. Біздің қоғамымызда саяси-экономикалық өзгерістер болып, шетелдермен экономикалық қарым-қатынас кеңеюде. Ағылшын тілі – бизнес және компьютер тілі. Сондықтан орта мектепте ағылшын тілінен факультативтік сабақтардың алатын орны ерекше.

Факультатив сабақтардың жоспарын қазіргі күннің талабына сай құрастыру қажет. Қазіргі күні елімізде шетелдік компаниялар көптеп жұмыс істеуде. Сондықтан осы компанияларға аудармашы, референт, менеджер, т.б. мамандар қажет. Әсіресе, аудармашылар іскер-

лік ағылшын тілі; мұнай-газ, құрылыс саласындағы ағылшын тілі, т.б. бірнеше бағытта сұранысқа ие. Міне, факультатив сабақтары осы міндеттерді орындауға көмектесіп, жұмыс жоспары оқушының қабілеті мен мүмкіндігін ескере отырып жасалуы қажет.

### **Факультативтік сабақтың мазмұны**

Факультатив сабақтарда тыңдау, сөйлеу және оқу сияқты жұмыс түрлері орындалады. Сөйлеу – оқушының сөз байлығын толықтыруға, грамматиканы игеруге және сөйлеуге, пайдалануға үйретеді.

Сабақта мынадай әдістерді қолдануға болады:

1. Тілдік материалды игеруге және бекіту үшін ауызша жаттығуларды қолдану.

2. Әрбір оқушы сабаққа міндетті және белсенді түрде қатысуы қажет.

3. Уақытты тиімді пайдалану.

4. Әр түрлі стимулдарды қолдану, аудио-визуальды техниканы қолдану.

Оқу, сөйлеу сияқты оқыту және жаңа ақпаратты алу құралы. Оқу оқушылардың үйде өз еркімен оқуынан құралады. Оқуды үйрету үшін қызығушылық қажет. Мұғалім оқытатын мәтіндерді әр оқушының қабілетіне, қызығушылығына қарай дайындайды.

Оқылған мәтіндер бойынша сұрақтар қойылып, мәтіннің қысқаша мазмұны айтылады. Мәтіндік сұрақтар жай ғана қайда, қашан сөздерінен басталмай, неліктен, не үшін, т.б. сұрақтардан басталуы қажет.

Оқушылар оқыған мәтінге түсініктеме беруге үйренеді, өз пікірлерін айтады, мәтіннің қысқаша мағынасын береді, шығарма жазып үйренеді. Жеке-дара оқу әр түрлі жүргізілуі мүмкін. Оқудың бұл түрі мұғалімге оқудың барлық формаларын қолдануға мүмкіндік береді. Оқушы өзінің оқығанын айтып береді, қалғандары тыңдайды. Оқушының берген ақпараты пікір-талас өткізуге қолданылады.

## *Сұрақтар мен тапсырмалар*

1. Факультативтік сабақтардың нәтижесі оны жүргізетін мұғалімге байланысты дегенге келісесіз бе?

2. Факультативтік сабақтардың мақсаты неде?

3. Факультативтік сабақтарда қолданылатын әдістерді білесіз бе?

4. Мектепте өткізілетін факультатив сабақтары туралы қысқаша баяндама жасаңыз.

5. Шет тілінен өтетін факультативтік сабақтар жөнінде мақалаларды тауып оқыңыз.

## **Сыныптан тыс жұмыстар**

### ***Жоспар:***

- Шет тілін үйретуде сыныптан тыс жұмыстардың рөлі
- Сыныптан тыс жұмыстардың түрлері
- Сыныптан тыс жұмыстың мазмұны және оны жүргізу жолдары
- Сыныптан тыс жұмыстардың табысты болуының факторлары
- Сыныптан тыс жұмыс – ағылшын тілін оқытудың құрамдас бөлігі

Ағылшын тілі пәнінен сыныптан тыс жұмыстардың маңызы күннен-күнге өсіп келе жатыр. Сыныптан тыс жұмыстар қала және ауыл мектептерінде де жүргізіледі. Шет тілінің мұғалімдері сыныптан тыс жұмыстарды кейде өз дәрежесінде өткізбейді. Олар жұмыстың бұл түрін қосымша деп есептейді, уақыт болған жағдайда ғана өткізеді. Бұл дұрыс емес. Сыныптан тыс жұмыстар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын оятып, ағылшын тілін оқыту ісіне үлкен пайда әкеледі. Сыныптан тыс жұмыстардың тілді үйретуде үлкен рөлін соңғы кезде тәжірибе жүзінде көруге болады. Сыныптан тыс жұмыстардың оқу процесіндегі алатын орнын үнемі есте сақтау қажет.

## Сыныптан тыс жұмыстардың тілді оқып үйренудегі рөлі

Қазіргі кезде мемлекеттік тіл халықаралық, экономикалық, саяси және мәдени байланыстарын ұлғайтып келеді. Әсіресе, экономика саласында шетелдік инвестициялардың көптеп тартылуы ағылшын тілінде сөйлей білуді талап етеді. Сондықтан, қазіргі мектептердің алдында тұрған міндет – ағылшын тілінде сөйлей және жаза білетін мамандарды даярлау. Бұл жұмыстар оқу бағдарламасымен бекітілген. Бұл мақсатқа жету үшін сыныптан тыс жұмыстардың маңызы зор. Ағылшын тілін тек пән ретінде ғана емес, оны тілдік атмосферада және қарым-қатынас құралы екенін өз көздерімен көріп сезінеді. Мысалы, ол шет тілінің мұғалімімен кездескенде, газет оқу процесінде кездеседі. Мұғалім оқушыға сол елдің жағрафиясы, тарихы, әдебиеті, өнері туралы кеңірек білім береді. Мұғалім сыныптан тыс жұмыс әзірлеу кезінде оны жақсы ұйымдастырып, берілетін материалды дұрыс таңдап және бұл жұмысқа оқушыларды ұйымдастыра білсе, жаңа әдістеме мен технологияны қолданса, ол жұмыс тиімді болмақ.

### Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру

Сыныптан тыс жұмыстар – *non-class activities. Extracurricular work.*

Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырғанда мұғалім оның сабақ процесінен формасы мен мазмұны жағынан үлкен айырмашылығы бар екенін есте ұстау қажет, бірақ сабақ процесінде осы жұмыстарды жүргізудің негізі қаланады. Мысалы, 5-6 сыныптарда мынадай сөйлем үлгілері оқылады. *Give me. Take it. It is a...*

Сыныптан тыс жұмыстар кезіндегі ойын ойнау сабақтарында осы сөйлем үлгілері қолданылады. Сыныптан тыс жұмыстар міндетті емес, оқушы бұл жұмысқа өз еркімен қатысады. Ұйымдастыру кезінде тек қана үздік оқушыларды таңдап алу дұрыс емес. Бұл жұмыс түрінде



баға қойылмайды, бірақ оқушының қандай жұмыс жасағаны жазылады. Нәтижелі жұмыс мектеп бойынша айлықтар, жарыстар, концерттер, ертеңгілік өткізгенде көрінеді. Ол оқушылардың белсенділігіне, шығармашылығына негізделеді. Сонымен қатар, әр оқушының икемі, қызығушылығы ескеріледі. Әр жаңа жұмыстың материалы түсінікті, жеңіл түрде беріліп, әр түрлі формалар мен тәсілдер және аудио-видео құралдары қолданылуы керек, оқушы өз жұмысының нәтижесін көріп, қанағаттануы қажет, өзінің жетістігін көре білуі қажет. Сыныптан тыс сабақтардың мынадай түрлері бар:

1) жеке

2) топтық

3) бұқаралық

*Жеке түрі.* Мұнда бір оқушымен жұмыс жасалады. Жұмыстың бұл түрінде оңай және көп жетістікке қол жеткізуге болады.

*Топтық түрінде.* 1) бұл түр көбінесе оқушылардың қызығушылықтарына, я әуестіктеріне байланысты ұйымдастырылады. Олар ойын үйірмелері, хор, ауызша үйірме, драма үйірмесі, әдебиет және өнер үйірмесі. Альбом жасау, газет шығару, буклет жасау, сурет, макет жасау.

*Бұқаралық жұмыстарға* ағылшын тілінде жарыстар, дискуссиялар, ток-шоулар, конференция, кештер, ертеңгілік өткізу, энциклопедиялар әзірлеу, ойындар өткізу, газеттер шығару, стенд әзірлеу жатады. Бұқаралық жұмыстың бір түрі – клуб жұмысы. Мысалы, ағылшын тілі клубы, мұнда ағылшын тілінде сөйлеушілермен кездесулер өткізу, ағылшын тілінде қойылымдар әзірлейді.

Сыныптан тыс жұмыстар әдейі ұйымдастырған бөлмеде, суретті, композиторлардың суреттері сол елдерге қатысты басқа да материалдар болуы қажет. Көрнекіліктер ауыстырылып отыруы керек. Бөлмеде елдің картасы, ағылшын тіліндегі кітаптар, магнитофон, суреттер болған дұрыс. Сонымен бірге, ойын түрлері лото, домино, ағылшын тіліндегі газет-журналдар және соңғы жаңалықтардың бұрышы болуы керек.

## Сыныптан тыс жұмыстардың мазмұны және оны жүргізу тәсілдері

Сыныптан тыс жұмыстардың мазмұны әр сыныптың оқу бағдарламасына, оқушылардың қызығушылығына, жасының ерекшеліктеріне байланысты болады.

Мысалы, 6-сыныпта мынадай сөздер үйретіледі:

1) tea, milk, water.

2) bread, butter, apples, sugar, salt, soup.

Бірнеше оқушыға үстелді әзірлеу туралы тапсырма беріледі.

2) Мынадай әңгіме ұйымдастырылады:

– Get some bread and put it on the table, please.

– What bread shall I get?

– The white bread.

3) Стол басында

– Do you prefer tea or milk?

– I like milk better.

– As for me, I don't like milk. I like coffee.

Немесе 8-сыныпта "Great Britain" тақырыбын өткеннен кейін, мынадай сыныптан тыс жұмыстар ұйымдастыруға болады. "Англияға саяхат" атты ауызша саяхатқа Англияның картасы, сөйлемдер, суреттер қолдануға болады.

9) Сыныпта "London" тақырыбын өткеннен кейін "Do you know London" тақырыбында көңілділер мен тапқырлар клубы ойынын өткізуге болады.

Ағылшын халқының айтулы жазушыларының, ақындарының, ғалымдарының, суретшілерінің өмірін, шығармашылығын зерттеуде оқушылардың білімі толықтырылады, қызығушылығы артады.

Мысалы, "W. Shakespeare's life and creative activity" тақырыбында конференция өткізуге болады. Бұл жұмыстарды әзірлеу үшін қосымша материалдар алуға тура келеді. Бұл жаңа материал, ақпарат оқушының қызығушылығын оятады, қызығу туғызған нәрсе оқушының ойында ұзақ сақталып, әрі қарай жұмыс істеу мүмкіндігін арттырады. Оқушының сөйлеуіне, оқуына, жазуына, түсінуіне табиғи қажеттілік туғызу керек. Оқушы-

ның әрбір сұрағына, қызығушылығына мұғалім жауап беруге өзiр болуы тиiс. Ол оқушыға тiлдi қалай қолдануға болатынын көрсетуi қажет. Ол нақты жағдайға байланысты жаңа сөздер мен құрылымдарды үйретедi. Жаңа материал алудан қорықпау қажет. Оқушы өзi қызығып жасаған жұмысын жақсы жасайды, өзiнiң дарындылығын, бiлiмiн көрсетедi. Материал әр жағдайға арналған тиянақты түрде iрiктелуi қажет. Сыныптан тыс жұмыстардың табысты болуы мынадай факторлармен анықталады:

1) сыныптан тыс жұмыстар сабақ процесiмен байланысты

2) оқушылардың энтузиазмы

3) жағдайдың нақтылығы

Сыныптан тыс жұмыстар сабақ жоспарымен байланысты болады. Сыныптан тыс жұмыстар оқушылардың шығармашылығы мен ынтасына негiзделсе, екiншiден мұғалiмнiң тiлдiк материалды, табиғи жағдайды, тiлдiк тәжiрибенi пайдалануына негiзделедi. Мұғалiм тапсырма бередi, өткiзу жоспарын жасайды, керектi материалды бередi, көмектеседi, қалған жұмыстарды оқушылар аяқтайды. Жоғары сынып оқушысы төменгi сынып оқушысына көмектеседi.

Қорыта келгенде, төмендегiлердi ескеру керек:

1. Сыныптан тыс жұмыс – ағылшын тiлiн оқытудың құрамдас бөлiгi.

2. Сыныптан тыс жұмыстың әр түрлi формалары арқылы мүмкiндiгiнше көп оқушыны қамту керек.

3. Сыныптан тыс жұмыста техникалық құралдар қолданылуы қажет.

4. Сыныптан тыс жұмыста оқытудың алдыңғы қатарлы, жаңа үлгiлерiн қолдану қажет.

5. Сыныптан тыс жұмыстың мазмұны мен әдiс-темесiн одан әрi қарай жетiлдiру қажет.

### *Сұрақтар мен тапсырмалар*

1. Сыныптан тыс жұмыс дегенiмiз не?

2. Сыныптан тыс жұмыстардың қандай түрлерiн бiлесiз?

3. Сыныптан тыс жұмыстардың табысты болуы қандай факторлармен байланысты?

4. Сыныптан тыс өткізілетін бір жұмыстың жоспарын жасаңыз.

5. Ағылшын тілі клубы туралы қысқаша баяндама жасаңыз.

## ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

*1. Сабақтың ең маңызды бөлігі*

а) жаттығулар орындау

ә) мәтінді оқу

б) сөйлеу

*2. Шет тілін үйренудегі негізгі қиындықтар*

а) психологиялық

ә) фонетикалық

б) физиологиялық

*3. Тыңдауға берілген материалдың мазмұнын түсіну мына жағдайға байланысты:*

а) материалдың түрі

ә) материалдың таныс еместігі

б) материалдың ерекшелігі

*4. Сөйлеу үшін қажетті алғы шарттарды анықтаңыз:*

а) сөйлеу дағдысы

ә) грамматикалық ережені білу

б) жаза білу

*5. Сөйлеу дегеніміз:*

а) тыңдап түсіну процесі

ә) тіл арқылы жүзеге асатын процесс

б) тыңдап түсінуден және сөйлеуден тұратын екі жақты процесс

*6. Ауызша жаттығулар мына іс-әрекеттердің қай түрін дамытады?*

а) жазуды

ә) түсінуді

б) сөйлеуді

*7. Диалогтық сөйлеудің түрі*

а) сұрақ-жауап

ә) еңгіме

б) сұрақ

8. *Тыңдап-түсінуді дамыту жаттығулары*

а) дағдылық

ә) оңайлатылған

б) арнайы жаттығулар

9. *Жазу жұмысының түрлері*

а) жаттығу

ә) сөйлеу

б) диктант

10. *Ағылшын тілінде жазуға үйренудегі негізгі қиыншылық:*

а) ағылшын тілінде әріптердің көптігі

ә) дыбыстардың көптігі

б) дауысты әріптердің оқылу заңдылықтарының болуы

11. *Диктант жұмысының түрі:*

а) жаттығу диктанты

ә) бақылау диктанты

б) сөйлеу диктанты

12. *Диктант жазғанда сөйлемді неше рет оқу керек?*

а) 1 рет

ә) 2 рет

б) 3 рет

13. *7-сыныптағы диктанттағы сөздің мөлшері:*

а) 30 сөз

ә) 40 сөз

б) 10 сөз

14. *10 сыныптағы диктанттың мөлшері*

а) 30 сөз

ә) 70 сөз

б) 100 сөз

15. *Оқытудың түрін атаңыз:*

а) түсініп оқу

ә) дауыстап оқу

б) аударма оқу

16. *Ағылшын тілін оқып-үйрену үшін қандай жүйемен танысу керек?*

- а) тілдің әріптік жүйесімен
- ә) дыбыстың жүйесімен
- б) әріптің, әрі дыбыстың жүйесімен

*17. Ағылшын тілінде сөздің дыбыстық белгіленуі қалай аталады?*

- а) дауыс ырғағы
- ә) транскрипция
- б) артикуляция

*18. Грамматиканы оқытудың негізгі мақсаты*

- а) тілдің сөздік құрамы туралы
- ә) тілдің дыбыстық жүйесі туралы
- б) тілдің грамматикалық құрылымы туралы түсінік беру

*19. Грамматика сабағындағы негізгі оқу құралы*

- а) сөздік
- ә) кинофильм
- б) грамматикалық кесте

*20. Грамматика сабағындағы ең қолайлы әдістің түрі:*

- а) дедуктивтік
- ә) көрнекілік
- б) әңгіме

*21. Грамматикалық жаттығудың түрін анықтаңыз:*

- а) тану жаттығуы
- ә) сөйлеу жаттығуы
- б) есту жаттығуы

**Жауаптары:**

1) б 2) ә 3) а 4) а 5) ә 6) б 7) а 8) а 9) а 10) б 11) а 12) ә 13) а 14) ә 15) ә 16) б 17) ә 18) б 19) б 20) а 21) а

# ІІІ ТАРАУ

## ОРТА МЕКТЕПТЕ ШЕТ ТІЛІНЕ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

### Сабақты жоспарлау

#### *Жоспар:*

- 1 • Сабақ жоспары туралы түсінік
- 2 • Шет тілі сабағының түрлері
- 3 • Сабақтың құрылымы және оны ұйымдастыру
  - Ағылшын тілі сабағын оқытудың әр кезеңдегі құрылымы
- 4 • Сабақты ұйымдастырудың жолдары

Әр оқытушы сабақ бермес бұрын сабақтың толық жоспарын құруы тиіс және сол сабақ жоспарын сабақтың мақсатына жету үшін бірінші көмекшісі ретінде қолдану керек. Бұл жоспарда тек мұғалімдікі ғана емес, сонымен қатар, оқушылардың да жұмысы ескерілуі тиіс. Сабақ жоспарын құру барысында мұғалім әдістемелік кітапшаны қолданады, бірақ әдістемелік кітапшадағы нұсқауларды мұғалім сыныптың білім деңгейіне қарай өзгертіп отырады.

Сабақ жоспары мұғалімнің жеке жұмысының нәтижесі болғасын, оны мектеп басшылары немесе басқа бақылау мекемелері тексеруі тиіс емес, себебі олар назарын тек сабақтың нәтижесіне, балалардың біліктіліктері мен дағдыларына, баланың тілді меңгеру дәрежесіне аударуы тиіс. Сабақ жоспары болса, сабақ мақсатына жетеді деу дұрыс емес.

Сабақ жоспары – мұғалімге қажетті оқыту құралы. Жоспар арқылы мұғалім әр түрлі мақсаттарға жетеді (тәрбиелік, білімділік және тәжірибелік).

Сабақ жоспарының көлемі мұғалімнің тәжірибелік дәрежесіне, сыныптың білім деңгейіне, оқыту тәсілдеріне байланысты құрылады.

Егер мұғалім ұзақ уақыт бойы бастауыш сыныптарында жұмыс жасап жоғарғы сыныптарға көшсе немесе керісінше жоғары сыныптардан бастауыш сыныптарға көшсе, оның сабақ жоспарының көлемі үлкен болуы керек. Егер мұғалім өзінің әріптесі қолданған немесе әдістемелік кітаптардан алынған жаңа тәсілді қолдануды көздесе, онда ол сол тәсіл арқылы жасалатын жұмысты толық жоспарлап жазуы тиіс.

Әдіскерлер сабақ жоспарының көлемі, мазмұны туралы бір шешімге келген жоқ.

Сабақ жоспары негізінен сабақта орындалатын тапсырмалар туралы толық мәлімет беруі керек.


## Шет тілі сабағының түрлері

Мұғалім әр сабақ сайын жаңа тақырыптың ауызша-кіріспе курсы түсіндіру жолын өзгертіп отыруы тиіс. Мұғалімдерге арналған оқулықта күнтізбелік жоспарлармен қатар, әрбір сабақтың жоспары берілген. Осы сабақ жоспарын негізге ала отырып мұғалім әр сабаққа шығармашылықпен қарауы тиіс. Дұрыс емес жоспарланған сабақ ешқандай нәтиже бермейді, мақсатына жетпейді.

Сондықтан сабақтың алға қойған мақсатына, міндеттеріне байланысты шет тілі сабағының мынадай түрлері бар:

1. Лексикалық дағдыларды қалыптастыратын сабақтар.
2. Грамматикалық дағдыларды қалыптастыратын сабақтар.
3. Сөйлеу дағдыларын қалыптастыратын сабақтар.
4. Монологтық сөйлеуге үйрету сабақтары.
5. Диалогтық үйрету сабақтары.
6. Оқу дағдыларын қалыптастыратын сабақ.
7. Оқытудың алғашқы сатысындағы сабақтар.
8. Оқытудың жоғарғы сатысындағы сабақтар.





I. Ең бірінші лексикалық дағдыларды қалыптастыруға арналған сабақтар жөнінде айтатын болсақ, әрбір оқушы ағылшын тілі сабағы курсы аяқталған кезде 3000 сөз білуі тиіс.

Егер оқушы шет тіліндегі бір сөзді кездестіріп оны таныса, бірақ мағынасын есіне түсіре алмаса немесе кейіннен есіне түсірсе, бұл оқушыны сол сөзді біледі деп есептейміз бе?

Әрине, біледі, бірақ оқу үшін мұндай білім жеткіліксіз.

Себебі, мәтінді оқып жатқан кезде, сөздің мағынасын түсініп оқып, әрі қарай жалғастыруы тиіс, сол сияқты сөйлеу, кезінде де әрбір сөздің мағынасын есіне тез түсіріп, басқа сөзбен байланыстыруы тиіс.

Сондықтан әрбір шет тілі сөзін игеру керек, яғни лексикалық дағдыны қалыптастыру керек.

Сөйлеу әрекетінің кез келген түрі үшін керек болатын сөз игеруді ұмытпаған дұрыс.

Сөз игеруге үйретудің негізгі үш сатысы бар:

1. Бірінші сатыда мұғалім келесі күні берілетін мәтінде кездесетін жаңа сөздермен таныстырады.

2. Бұл сатыда берілген жаңа сөздерді бұрыннан таныс басқа сөздермен байланыстыра білуі тиіс.

3. Ең соңғы сатыда оқушы жаңа сөздерді толық игеріп, өз ойын айтқанда пайдалануы керек.

II. Жаңа сөздер, жаңа лексиканы үйреткеннен кейін, олар бір-бірімен грамматика арқылы байланысуы керек, яғни грамматикалық дағдыларсыз шет тілін үйрету де, үйрену де мүмкін емес.

Іс-әрекеттің қай шақта (осы, өткен, келер) болғанын, байланысын, уақытын грамматикасыз жеткізу қиын.

Өкінішке орай, кейбір мектептерде, әсіресе, ауылдық жерлерде ағылшын тілін үйрету тек сөз үйретумен ғана шектеледі, грамматикаға көп көңіл бөлінбейді.

Грамматикалық дағдыны қалыптастыру үшін де жоғарыдағы үш сатыдан тұратын жұмыстар жүруі тиіс.

Алынған жаңа грамматикалық тақырып әр сабақ сайын қайталанып отыруы керек. Өйткені грамматикалық дағды қайталанып отырмаса, ұмытылып қалуы мүмкін.

III. Келесі – сөйлеу дағдыларын қалыптастыратын сабақ, бұл сабақтар белгілі бір мәтін негізінде беріледі.

Әрбір тақырып алынғаннан кейін мұғалім үйге осы тақырып бойынша түсінгенін айтып келуге тапсырма береді.

Ал оқушының бұл тапсырманы орындау үшін екі түрлі жолы бар, біріншісі – өз сөздерімен айтып беру, екіншісі – мәтінді толықтай жаттап алу.

Бірінші жолмен орындаса көп қате жіберуі мүмкін, ал екінші жолымен жаттап алып айтса, кішкене болса да, пайда болады, бірақ бұл да дұрыс жолы емес, сондықтан оқушы сөйлеу дағдыларын дамыту керек.

Сөйлеу дағдыларын қалыптастыратын көптеген жаттығу түрлерін орындату керек.

IV. Монологты сөйлеуді дамыту сабақтары – шет тіліне оқытудағы негізгі сабақтардың бірі.

В.Л.Скаткиннің пікірінше, монологтық сөйлеу дегеніміз – ойлауға, еске күш түсіретін сөз, сөйлем шығару процесі.

Монологты сөйлеуді дамыту сабақтарының міндеттері мынадай:


1. Қарым-қатынас жасаудың белгілі бір шартында, белгілі-бір адамға қаратып сөйлеу.

2. Өз ойын толық түсіндіруді көздеу.

3. Логикалық бір-бірімен жалғасқан ойды жеткізу.

4. Фразалары тоқтамайтын жылдамдықпен сөйлеу.

V. Диалогтық сөйлеуді дамыту сабақтарынсыз шет тіліне үйрету мүмкін емес. Монологтық сөйлеу алдына әзірленуді талап ететін болса, диалогтық сөйлеу алдына жоспарланбайды, сөйлесу кезінде пайда болады. Мысалы, диалогтық сөйлеудің мынадай үлгісін алайық:



Диалогтық сөйлеуді дамытуда дискуссия-сабақ, конференция-сабақ, экскурсия-сабақ, ойын-сабақ, талқылау-сабақтарының рөлі зор.)

VI. Оқуға үйрету сабақтарын дұрыс жоспарлау үшін мұғалім екі нәрсені білуі керек:

1. Оқи білу дегеніміз не?

2. Қандай жаттығулар арқылы оқуды дамытуға болады?

Оқи білу дегеніміз – оқудың техникасын игеру, яғни, сөздің көрінісін жылдам танып, оны дауыстай білу.

Оқуға үйретуде мұғалімнің алдында мынадай міндеттер тұрады:

1. Мәтінді ұсынудың бірлігін ұлғайту.

2. Мәтінді бірінші оқығаннан ұғынуға үйрету.

3. Оқудың жылдамдығын өсіру.

4. Белгісіз сөздердің мағынасын түсінуге тырысу.)

VII. Шет тіліне үйретудің алғашқы екі жылы оқытудың алғашқы сатысына жатады, яғни, 4-5 сыныптар, ал

6-7-8 сыныптар ортаңғы сатысына, 9-10-11 сыныптар жоғарғы сатысына жатады.

Оқытудың төменгі сатысында балалар шет тіліне қызыға қарайды, сондықтан бұл сатыдағы әр сабаққа көрнекіліктер, суреттер, үлестірмелі материалдар, түрлі сызбаларды қолдану керек.

Ойынның түрлері, өлеңдер, қысқа рифмовкалар арқылы жаңа материалды алу бұл сатыда өте қолайлы.

Барлық алынатын сөздің негізі төменгі сатыдан алынады.

VIII. Шет тіліне оқытудың жоғарғы сатысында оқушылар жасының ерекшелігіне көп көңіл бөліну керек.

Өйткені, жасөспірім балаларда психологиялық ерекшеліктері болады. Жоғары сыныптың оқушысы оқыту іс-әрекетінің бірінен соң бірін тез байқап көруге тырысады. Бұл шақта әрбір жасөспірім өз бетімен үйрету әдісімен келіспей, өзінің ойын дәлелдеуге әзір тұрады.

### **Сабақтың құрылымы және оны ұйымдастыру**

Сабақ ұйымдастыру бірлігі 40-45 минут. Оның құрылымын анықтайтын болсақ, сабақ белгілі бір мақсатты көздейтін бірнеше бөліктерден тұратын ұйымдастыру бірлігі. Сабақтың құрылымында бір қалыпты және өзгертуге болатын кездер болады. Бір мақсатты көздейтін болғасын әрбір сабақтың кіріспе бөлігі, негізгі және қорытынды бөлігі болады. Сабақтың кіріспе бөлігі 3-5 минуттың ішінде жылдам қарқынмен өтуі керек. Оның мазмұны: мұғалімнің амандасуы, ұйымдастыру бөлігі, сабақтың барысымен таныстыру, фонетикалық жаттығулардан тұрады. Мұғалімнің амандасуы қысқаша өтеді, ол сөйлеу жаттығуларымен ұштасады. Мысалы, сабақ барысындағы бір мезгілде болған үзілістен кейін (мерекелерден, демалыстан немесе оқушының денсаулығына байланысты үзілістен кейін) осы уақытта оқушылардың не істегені туралы мұғалім мен оқушының арасындағы әңгіме түрінде өтеді.

Ұйымдастыру бөлігі кезекші мен мұғалімнің арасындағы диалог ретінде өтеді немесе мұғалімнің алдағы уақытта өтетін байқау, олимпиада, экскурсия, кеш туралы хабарламасынан тұрады. Мысалы: I am on duty today. Who is absent? I think he is ill. We shall visit him today. The group is ready for the lesson.

Сабақтың міндеттерін, тапсырмаларын таныстыру арқылы оқушыларды белгілі бір істерге алдын ала әзірлейді. Мысалы, мынадай сұрақтар қою арқылы оқушыларға тапсырма беріледі:


- So, what is the theme we are working at now?
- Whom (what) did we speak (read) last time?
- What proverb did we learn?
- Where did we stop at the last lesson?

Сөйлеу жаттығулары арқылы сабақта мұғалім мен оқушылар арасында қарым-қатынас орнатылады және сабақтың негізгі бөлігіне өтеді. Егер мұғалімнің амандасуы созылып кетсе, ол байқаусызда сөйлеу жаттығуына ұласып кетуі мүмкін. Орта және жоғары сыныптарда кезекшімен сұхбат міндетті түрде болуы қажет емес. Мұғалім жоқ оқушыларды өзі-ақ түгендейді.

### Ағылшын тілі сабағын оқытудың әр кезеңдеріндегі құрылымы

Оқу әрекетінің түрлері	Оқыту кезеңдері		
	бастауыш	орта	жоғарғы
Сөйлеу	25	30	20
Тыңдап түсіну	8 – 10	4 – 6	10 – 12
Оқу	2	3 – 4	8 – 10
Жазу	6 – 8	5 – 6	2 – 3

## Сабақты ұйымдастыру жолдары



## Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Сабақ жоспары дегеніміз не?
2. Ағылшын тілі сабағына қандай талаптар қойылды?
3. Сабақтың қандай түрлері бар?
4. Ағылшын тілі сабағы қандай бөліктерден тұрады?
5. Ағылшын тілі сабағының әр кездегі құрылымының ерекшеліктері қандай?
6. Оқу-әдістемелік кешенінің құрамына кіретін:
  - ағылшын тілі оқулығымен (Старков, 7-сынып)
  - мұғалім кітабымен
  - оқуға арналған кітабымен танысып, талдаңыз.
7. 7-сыныптағы бір ағылшын тілі сабағының жоспарын жасаңыз.
8. Сабақтың түрлерін анықтай отырып грамматикалық дағдыны қалыптастыру сабағының жоспарын жасаңыз.
9. Жасаған сабақ жоспарын пайдалана отырып сабақтың бөліктерін беріп жаттығыңыз.

## Күнтізбелік күнделік және сабақ жоспары

### **Жоспар:**

- Мұғалімнің сабаққа әзірленуі
- Күнтізбелік жоспар
- Күнделікті сабақ жоспары

Мұғалімнің сабаққа әзірленуі. Ағылшын тілі сабақтары оқу жылына арналған, "мұғалім кітаптары" берілген үлгі жоспары бойынша әр сыныпқа арналып жасалады. Үлгі жоспарда барлық оқылатын оқу материалы тоқсандарға бөлініп, қарым-қатынас әрекетінің барлық түрлеріне (сөйлеу, тыңдап-түсіну, оқу, жазу) негізделіп, сыныпта, үйде орындалатын жаттығуларға бөлініп беріледі. Осы үлгі бойынша мұғалім өзінің жоспарын жасайды.

"Мұғалім кітабында" сабақтардың үлгі жоспары ғана емес, сол сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар беріледі. Нұсқаулар берілмеген сабақтардың жоспарын мұғалім өз сыныбының ерекшеліктерін ескере отырып өзі жасайды.

Сабақ жоспары тек үлгі ретінде берілген, ол нақты сыныптың ерекшеліктерін, оқушыларының білім деңгейін, сабақтың ұйымдастыру жағдайларын басқа да жағдайларды қамти алмайды.

Мұғалім сабақ жоспарына өзінің түзетулерін, толықтыруларын, өзгертулерін, топтағы сабақ жағдайларын ескере отырып енгізуі қажет.

Сабақ жоспары – сабақтың негізгі көрсеткіші. Сондықтан мұғалім үлгі-жоспарды пайдалана отырып қажет болған жағдайда сабақ жоспарын өзі жасауы керек.

Осы жағдайлардың бәрі мұғалімнің сабақ ұйымдастыруда және өткізуде шығармашылықпен әзірленуін талап етеді. Мұғалім бұл үшін тек "Мұғалім кітабын" ғана емес, оқу-әдістемелік жинағына кіретін оқулықты, оқу кітабын, әдістемелік кітаптарды қолдана алады. Сабақ жоспарын шығармашылықпен әзірлегенде, мұғалім әдістемелік қағидаларды қатаң сақтауы керек.

Ол жоспарға өзінің жаңа тәсілдерін, жаттығулардың түрлерін қоса отырып, негізгі қағидалық жүйені сақтауы керек.

Бұл әсіресе, жас мұғалімдер үшін өте қажет. Жас мұғалім сабақтың барлық әдістемелерінің қағидаларын меңгеріп, өзінің әдістемелік әдіс-тәсілдерінің түрлерін үйреніп болғанша "Мұғалім кітабында" берілген нұсқаларды пайдаланғаны жөн.

Мұғалімнің сабаққа әзірлігі мынадай кезеңдерден тұрады:

1. Жоспарланған сабаққа қатысты үлгі-жоспарды "Мұғалім кітабынан" іздеп тауып онымен танысу керек. Сабақтың жаңа материалымен танысу керек.

2. Сабақтың үлгі жоспарын талдап, оқып қарау керек. Сабақтың құрылымын, бөліну тәсілдерін анықтау керек.

3. Өткен сабақтағы оқу материалының игерілгендігін, сөйлеу, тыңдау, жазу және оқу әрекеттерінде кеткен қателерді талдауы керек.

4. Жазбаша, ауызша жаттығулардағы қателерді ескере отырып, оқушылардың білім деңгейін ескеріп, жаңа сабақта не істеу керектігін анықтау керек.

5. Берілген жоспарға енгізілген анықтаулар, толықтыру, түзетулер болса сабақтың жоспарын, мәтінін толық жазу керек. Сабақ жоспарының толықтығы мұғалімнің тәжірибелігіне байланысты, тәжірибелі мұғалімдер жоспарды қысқа жазады, онда сабақтың негізгі кезеңдерін көрсетіп, әрбір нәрсеге толық тоқталмайды.

6. Ағылшын тілі сабағының тәрбиелік мүмкіндіктері өте зор. Сондықтан әр сабаққа әзірленгенде тәрбиелік жұмыстардың түрлері мен тәсілдерін тыңдап, құралдарды, көрнекіліктерді әзірлеу керек.

7. Сабақ жоспарының жаңа үлгісін жасағанда оған қолданатын оқу материалын және техникалық оқыту құралдарымен танысып, сабаққа қолдануға әзірлеуі керек (магнитофон жазбаларын, диафильмдер, көрнекіліктер).

Ағылшын тілі сабағын дұрыс ұйымдастыру үшін мұғалім оқу жинағында берілгенін түсініп, оның құры-



лымын, оқу материалын біліп, түсініп тыңдаудың, сөйлеудің, жазудың, оқытудың негізгі әдістемелік тәсілдерін біліп, сабаққа шығармашылықпен дайында-лып келуі керек.

**Қорытынды:**

1. Шет тілінің негізгі оқыту бірлігі – ол сыныпта өткізілетін сабақ. Сабақта мұғалімнің ұйымдастырушылық, оқыту, тәрбиелеу және бағалау қызметі толық көрінеді, әрі сөйлеу, оқу, тыңдау әрекеттері табысты, жүйелі түрде жүзеге асырылады.

2. Ағылшын тілі сабағы өзінің жан-жақтылығымен ерекшеленеді, бұл сабақта сөйлеуге, тыңдауға, оқуға, жазуға, сондай-ақ қабылдау мен кері айта білуге үйрету қызметтері атқарылады. Сондықтан ағылшын тілі сабағы құрылымды сабақ.

3. Ағылшын тілі сабағы мынадай кезеңдерден тұрады:

1) ұйымдастыру кезеңі

2) жаңа сабаққа әзірлеу. Фонетикалық, сөйлеу жаттығулары

3) жаңа сабақпен таныстыру

4) өткен сабақты қайталау, сөйлеу түрлерін жаттықтыру

5) жаңа сабақты бекіту

6) қорытынды кезең. Жұмысты қорытындылау. Бағалау.

4. Сабақтың негізі – жаттығулар, бүкіл сабақ тыңдауға, сөйлеуге, оқуға, жазуға арналған жаттығулар жүйесінен тұрады. Жаттығулар өзара байланысты.

5. Жаттығуларды жасау реттілігі (хормен, топтық, жұптық-топтық, жұптық жеке) жалпы ауызша-жазбаша сөйлеу әрекетін ұйымдастыру жағдайымен тікелей байланысты.

6. Оқытудың әр кезеңінде сабақ құрылымының өзгерісі байқалады:

1-кезең қабылдау кезеңінде сабақтың бөлшектігі байқалады

2-кезең, яғни, тұтастық байқалады

3-кезеңде әрі қарай үйренуде тіл негізгі құрал ретінде қолданылады.

7. Ағылшын тілі сабағы тұтас бір жүйені құрайды.

8. Сабақтағы бақылау оқушылардың тыңдау, сөйлеу, оқыту, игеру деңгейін көрсетеді.

Мұғалімнің сабақ беру жұмысы – күнтізбелік және күнделікті жоспармен сай жүргізілуі керек.

### ***Сұрақтар мен тапсырмалар***

1. Сабақ жоспары не үшін керек?

2. Күнтізбелік жоспардың күнделікті сабақ жоспарынан айырмашылығы қандай?

3. Сабаққа әзірлік қандай кезеңдерден тұрады?

4. Сабақ жоспарының құрылымы қандай?

5. Мұғалім кітабынан күнтізбелік жоспардың үлгісін қарап, оқып, талдаңыз.

6. Сабақ жоспарын өздігіңізден жасап, сосын мұғалім кітабында берілген үлгімен салыстырыңыз.

7. Сабақ жоспарын зерттеп талдаңыз.

### **Ағылшын тілі сабағында оқушылардың білімін бақылау және бағалау**

#### ***Жоспар:***

- Ағылшын тілі сабағын бақылау
- Бақылаудың түрлері
- Оқушының білімін бағалау

Шетел тіліне үйрету жүйесінің жұмысы үнемі бақылауды талап етеді. Бақылау екі жақты әрекет. Ол мұғалім мен оқушыны байланыстырады. Оқушының білімін тексеру оның дайындық деңгейін анықтайды және оны оқуға итермелеп отырады.

Оқушының іс-әрекетін, сабағын бақылай отырып, мұғалім оның білімінің сандық, сапалық көрсеткіштерін анықтайды, баға қояды, бұл баға сынып журналына қойылады, күнделігіне қойылады, оған мұғалім қысқаша анықтама береді. Мұғалімнің бағаға берген түсініктемесі оқушының оқудағы жетістігін, тілді үйренудегі қиындық-

тарын анықтауға мүмкіндік береді. Осылайша, бақылаудың бағалық және ынталандыру негізі қаланады, ол оқушыны белсенді жұмыс істеуге ынталандырады. Оқушының оқуын бақылауды тек жеке сұрау деп түсінбеу керек, сұраудың бұл түрі көп уақыт алады және бұған оқушылардың аз бөлігі қамтылады.

Бұл бақылаудың орнына аралас бақылау түрін ұйымдастырған жөн, мұнда жаттығулардың түрлері қолданылады, оқушылардың сабаққа тілдік және жалпылай әзірлігі тексеріледі. Бұл бақылау түрінде көп оқушыны қамтып, жылдам тексеруге болады және белгілі бір уақыт алмайды, сабақтың басынан аяғына дейін тексеруге болады. Осы жағдайда оқу әрекетінің екі түрі тексеріледі:

– біріншіден, оқушының тыңдап түсінудегі, оқудағы тілдік әзірлігі тексеріледі, тілдік әзірлік мәтінді оқып түсінгенін айтуға, оқиғаны немесе суретті бейнелеуде, әңгіме айта білуде көрінеді. Бұл жұмыстардың түрі бағалауға болатындай толық түрде орындалуы керек. Бағаны бірден тапсырма орындағаннан, тексерілгеннен кейін қою керек, оқушы сонда ғана бағаны салмақтайды, оның әсері жоғары болады.

– екіншіден, бүкіл сабақ кезіндегі оқушының жұмысы бағаланады, оның жаттығуға белсенді қатысуы тексеріледі. Барлық жұмыстың түрлері бағаланып, сабақтың соңында қорытынды баға қойылады.

Бағаны осылай қорытындылап қою оқушының белсенділігін көтереді, оқу материалын тез және нақты игеруге көмектеседі.

Бақылаудың осы екі формасын тиімді пайдалану – сабақта көп оқушыны тексеріп, бағалауға мүмкіндік береді.

Әр тоқсанның аяғында тоқсанда өтілген оқу материалының негізінде сөйлеудің әр түрі бойынша бақылау жұмысы өткізіледі.

Бұл бақылау жұмыстары осы сыныптың бағдарламалық талаптарын орындағанын әр тоқсан бойынша тексеруге мүмкіндік береді.

Бұл бақылау жұмыстары сөйлеу әрекетінің түрлерінің ерекшеліктеріне байланысты ұйымдастырылады:

– түсініп тыңдау (аудирование) – мәтінді оқушының түсінгенін бақылау

– сөйлеуді бақылау – соңғы сабақтарда оқиганы суреттеумен немесе оқиганы әңгімелей білуді тексеру

– бақылау оқуы – бұл бір мәтінді іштей оқып, түсінгенінен сұрақ қою арқылы жеке тексеру немесе жаттығу-тапсырма түрінде жазып беру.

Бақылау жұмыстарын өткізу әдістемесі мұғалім кітабында берілген, бақылау оқуына арналған мәтіндер оқулықта беріледі.

Күнделікті бақылау кезінде мұғалім бағаның қызықтырушылық маңызын ескеруі керек, сонымен бірге бағаның дұрыстығын сақтауы керек және оқушының үлгерімін анық бағалауы керек. Оқу жылының аяғында қойылатын қорытынды баға тыңдап түсінудің, сөйлеудің, оқудың бағдарламалық талаптарына сай оқушының тәжірибелі тілде сөйлеуді меңгеру деңгейін дәл анықтауы қажет.

Ал қойылған бағалар мұғалімге оқу әрекетінің жалпы тілдік өзірліктің қандай деңгейде екендігін көрсетеді. Бұл үшін мұғалім оқушылардың жіберген қатесінің түрлерін анықтап, жиілігін, біржақтылығын оқушылардың оқу, түсіну, сөйлеуді игеру деңгейін, оның бағдарламаға сәйкестігін анықтайды.

Осы көрсеткіштерді талдау мұғалімге оқу әрекетін дұрыс бағалауға, оқытудың әлсіз жақтарын анықтауға, жалпы кемшіліктердің себебін анықтауға, оларды болдырмау жолдарын қарастыруға, оқу жұмысына түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

Сыныпты топқа бөліп оқыту шет тілін оқуды бағалауға мүмкіндік береді. Үлгерімді бақылау жұмыстың 4 түрін салыстырмалы түрде бақылау жұмысын жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Тоқсан бойынша әр оқушы жұмыстың әр түрінен 2 рет баға алуы керек. Тоқсан аяғында сөйлеудің әр түрінен (тыңдап-түсіну, сөйлеу,

жазу, айту) бақылау жұмыстары өткізіледі. Алдыңғы бағаларға бақылау жұмысының бағасы қосылып, қорытынды тоқсандық баға шығарылады.

Бақылау мен үлгерімді салыстырмалы түрде жүргізу оқушының тілді меңгеру деңгейін дәл анықтауға, оқыту бағдарламасын, ауызша және жазбаша сөйлеу әрекетін толықтыруға, жаңартуға мүмкіндік береді.

### **PRESENT SIMPLE (1)**

1. Where ... you from
2. How old ... you? How old ... your brother?
3. What ... your aunt's name?
4. I ... glad to see you. How ... you?
5. The dog ... in the garden.
6. Tom's parents ... travel agents.
7. ...your father a carpenter? ... No, he ....
8. John ... (not) a student, he ... a doctor.
9. That book ... (not) very interesting. Take this one.
10. The best seats ... 10 \$.
11. Moscow ... the capital of Russia.
12. I ... hot. Open the window, please.
13. What ... the weather like today?
14. I ... (not) interested in football at all.
15. ... Tom and Bob good football players?
16. ... you hungry?
17. The news ... (not) very bad today.
18. What ... your parents address?
19. Your money ... in your handbag.

### **PRESENT SIMPLE (2)**

1. How much ... this sweater cost ? a) is
2. How much ... this sweater ? b) does  
c) do

3. It ... rainy in summer.           a) don't  
  b) doesn't
4. It often rains in summer.       c) isn't
5. I ... stay at home on Sunday.   a) am not  
  b) doesn't
6. I ... at home on Sunday.       c) don't
7. He ... have much money.       a) isn't  
  b) doesn't  
  c) don't
8. He ... rich.
9. Mag and her sister ... live in Rome. a) aren't  
  b) doesn't
10. Mag and her sister ... in Rome.   c) don't
11. Pat's mother ... teach students.   a) in't  
  b) doesn't
12. Pat's mother ... a teacher.       c) don't
13. It ... cost much to stay at that hotel. a) doesn't  
  b) isn't
14. That hotel ... expensive.       c) don't

### PRESENT SIMPLE (3)

1. – Hello, I ... Kate Kern. And what ... your name?
2. – Hi, my name ... Ann Brown. I ... glad to meet you.
3. – Where ... you live, Ann?
4. – I ... from Leeds. And where ... you from?
5. – I ... from London. ... there a sports centre in Leeds?
6. – Yes , there ... big sports centres in my town.
7. – What ... your favourite sport?
8. – I like swimming. And what about you? ... you like tennis.
9. – No, I ... . But my best friend ... . And I like ... tennis.
10. – ... you any hobbies? ... you like reading?
11. – Yes , I ... .
12. – What ... your favourite books?
13. – I like detective stories. And do you?
14. – No, I ... . ... you ... any brothers or sisters?

15. – No, I... the only child.
16. – And I .. a brother.
17. – How old ... he?
18. – He ... 4. He ... to school. I help him much.
19. – You ... a happy girl!

### **PRESENT SIMPLE (4)**

1. My mother ... a bad headache.
  - a) have got
  - b) am
  - c) has got
  
2. Where the Johnsons (live)?
  - a) Where do the Johnsons live?
  - b) Where are the Johnsons live?
  - c) Where does the Johnsons live?
  
3. Margie and her sister – wonderful voices.
  - a) does
  - b) has got
  - c) have got
  
4. I (not/understand) that man because I (not/know) English.
  - a) not understand, don't know
  - b) don't understand, not know
  - c) don't understand, don't know
  
5. – ... you – any time to help me? – Sorry, I ... .
  - a) Do you have, don't
  - b) Have you got, am'not
  - c) Do you have, have got
  
6. Everybody in our family (help) Mummy about the house. Dad (walk) the dog, I (water) the flowers, and my brothers (clean) the rooms.

- a) help, walks, water, clean
- b) helps, walks, cleans, water

7. – Jane Smith (speak) English?

- a) is speak
- b) does speak
- c) do speaks

8. The Browns ... a nice house in the country.

- a) has got
- b) have got

9. ... you (like) swimming?

- a) Do you like
- b) Does you like
- c) Are you like

10. Dad ... any brothers or sisters?

- a) Has Dad got
- b) Does Dad god
- c) Does Dad has

11. ... your sister often (go) to the theatre?

- a) Is go
- b) Does go
- c) Do go

12. We ... a car, but we are going to buy it.

- a) don't have
- b) aren't have
- c) hasn't

13. ... Bob (know) what I want?

- a) Bob knows
- b) Do Bob knows
- c) Does Bob know

14. They can't go out because they ... raincoats and umbrellas.



- a) have got
- b) aren't have
- c) don't have

15. Jack lives not far from us, but we (not ... see) him often.

- a) not see
- b) doesn't see
- c) don't see

16. Don't give him a cigarette. He (not ... smoke).

- a) isn't smoke
- b) doesn't smoke
- c) don't smokes

17. Can you help me? I (not ... know) the way to the market.

- a) am not know
- b) not know
- c) don't know

18. ... Pete ... any beer in the fridge?

- a) Does Pete have
- b) Do Pete has
- c) Have Pete got

19. My daughter Mary (not ... like) apples, but she likes oranges.

- a) not likes
- b) doesn't likes
- c) doesn't like

20. What's the matter? You (look) very happy.

- a) look
- b) looks

## PRESENT CONTINUOUS

1. – Where are our children? It's quiet at home.  
– They (lie) on the carpet and (draw).
2. – What you (do) now ?  
– I (look for) my key. I can't open the door.
3. Listen! Somebody (sing) a lovely song.
4. Why you (put on) the coat? It's sunny today.
5. Don't make too much noise. I (try) to work.
6. Why you (cry)? Is something wrong?
7. Let's go for a walk. It (not ... rain) now.
8. Why you (not ... hurry)? I (wait) for you.
9. I don't speak any foreign languages, but I (learn) English now.
10. We (spend) next weekend at home.
11. I (meet) Liz tonight. She (come) from Cork.
12. He (go) to speak to his parents.
13. My Dad (work) overtime this week.
14. They (live) in a rented house these days.
15. I (take) dancing lessons this winter.
16. At the moment we (fly) over the desert.
17. Have some hot tea. It (get) chilly.
18. I (die) to see him.

**TEST 8**  
**PRESENT SIMPLE & PRESENT CONTINUOUS**

1. It (often/rain) in this part of the world
  - a) is often raining
  - b) often rains
  
2. Take your umbrella. It (rain) cats and dogs.
  - a) rains
  - b) is raining
  
3. Granny is in the kitchen. She (make) a plum-cake.
  - a) is making
  - b) often makes
  
4. My wife (often/make) plum-cake.
  - a) is often making
  - b) often makes
  
5. Can you phone a bit later, please? Jane (have a bath).
  - a) is having a bath
  - b) has a bath
  
6. Run downstairs. Your sister (wait) for you.
  - a) is waiting
  - b) waits
  
7. I don't know Spanish, but i (learn) it now.
  - a) am learning
  - b) learn
  
8. John (still/work) in the garden.
  - a) is still working
  - b) still works
  
9. Dad (usually/work) on Saturdays.
  - a) is usually working
  - b) usually works

## The USA

- 1) What part of the Northern American continent is the USA situated in
  - a) Northern
  - b) Central
  - c) Southern
  
- 2) How many square km-s is the area of the USA
  - a) about 8 mln
  - b) over 10 mln
  - c) over 9 mln
  
- 3) Where are the Appalachian Mountains situated
  - a) in the East
  - b) in the West
  - c) in the North
  
- 4) How high is the highest peak in the Appalachian Mountains
  - a) 2,037
  - b) 3,037
  - c) 4,037
  
- 5) Where are the Rocky Mountains situated
  - a) in the East
  - b) in the West
  - c) in the South
  
- 6) How many metres high is the highest peak of the Cordilleras in the USA
  - a) 9,193
  - b) 6,193
  - c) 7,193
  
- 7) Where are the five Great Lakes located
  - a) between the USA and Canada
  - b) between the USA and Mexico

**8) Where is Great Salt Lake**

- a) in the North
- b) in the South
- c) in the West

**9) What do hot winds blowing from the Gulf of Mexico often bring**

- a) cyclones
- b) typhoons
- c) hurricanes

**10) What region is known for its changeable weather**

- a) around the Great Lakes
- b) along the Atlantic coast
- c) along the Pacific coast

**11) What is the population of the USA**

- a) about 206 mln
- b) more than 236 mln
- c) more than 256 mln

**12) How many million black people are there in the USA**

- a) 26,5
- b) 36,5
- c) 46,5

**13) What is the capital of the USA**

- a) New York
- b) Chicago
- c) Washington

**14) Which city is the financial and business centre in the USA**

- a) New York
- b) Washington
- c) Los Angeles

15) How many Universities are there in Boston

- a) 1
- b) 2
- c) 3

16) What is the second largest city in the USA after New York

- a) Washington
- b) Chicago
- c) Boston

17) What kind of industry is highly developed in Philadelphia

- a) heavy
- b) light
- c) show business

18) Where is Detroit situated

- a) In the Great Lakes district
- b) on the Pacific coast
- c) on the Atlantic coast

19) Which is a big port and ship – building centre

- a) Washington
- b) San Francisco
- c) Chicago

20) In which city is Hollywood

- a) Los Angeles
- b) Las Vegas
- c) San Francisco

21) What kind of state is the USA

- a) a parliamentary monarchy
- b) a federal republic
- c) a monarchy

22) How many states are there in the USA

- a) 48
- b) 49
- c) 50

23) Which is the biggest state in the USA

- a) Alaska
- b) New York
- c) Michigan

24) Who was the first President of the USA

- a) Abraham Lincoln
- b) George Washington
- c) Thomas Jefferson

25) When and where was the present Constitution proclaimed

- a) 1820, New York
- b) 1765, Boston
- c) 1787, Philadelphia

26) Who is the leader of the State and Government nowadays

- a) the Prime Minister
- b) the President
- c) the Secretary of State

27) How many houses does the US Congress consist of

- a) 1
- b) 2
- c) 3

28) How many members are there in the House of Representative

- a) 435
- b) 335
- c) 535

29) How many senators are there in the Senate

- a) 98
- b) 100
- c) 102

30) In which month is the Election Day

- a) September
- b) October
- c) November

### *Сұрақтар мен тапсырмалар*

1. Оқушының білім деңгейін бақылаудың қандай түрлері бар?

2. Бақылау жұмыстарын қандай жиілікте өткізуге болады?

3. Бағаның сабақ процесіндегі маңызы мен орны қандай?

4. Баға қандай оқу құжаттарына қойылуы керек?

5. Сабақта өткізілетін ауызша бақылау жұмысын жасаңыз.

6. Оқушының оқи білу дағдысын бақылауға арналған бақылау жұмысын даярлаңыз.

7. Оқушының жазу біліктілігін бақылауға арналған қысқаша тест әзірлеңіз.

8. Тоқсандық бақылау жұмысының үлгісін әзірлеңіз.

### **Тілдік материалдар**

#### ***Жоспар:***

- Тілдік материалды қолдануға қойылатын талаптар
- 1-2 сыныптағы тілдік материалдар
- 3-4 сыныптағы тілдік материалдар
- 5-9 сыныптағы тілдік материалдар
- 10-11 сыныптағы тілдік материалдар



## Тілдік материалды қолдануға қойылатын талаптар

Сөз әрекетінің сөйлеу, тындап-түсіну икемділігі, оқу икемділігі сияқты негізгі түрлерін дамытуға қойылатын талаптарды олардың әрқайсысына сәйкес келетін лексикалық, грамматикалық, фонетикалық дағдылар қалыптасқанда ғана жүзеге асыруға болады.

Осыған байланысты мектепте өтетін шет тіліндегі барлық материалда көп қолданылатын сөздер (рецептивті) арқылы меңгеру дәрежесіне жету керек, яғни оқығанда тұлғалық белгілеріне, сызба, ережелерге сүйене отырып, өтілген материалды таба және түсіне білулері керек.

Бұл материалдың ішінде мектеп тақырыбы көлемінде ауызша сөзде жиі қолданылатын, басқа сөздермен тіркесіп, көптеген сөз тіркестері мен сөйлемдер құрайтын бөлігі ұтымды меңгеріледі, яғни оқушылар ауызша соларды сөздердің тіркесу ережесіне, тілдің әр түрлі деңгейінің бірліктерін тіркеу ережелеріне сүйене отырып, қарым-қатынас жағдайына сәйкестендіріп өз бетімен, шығармашылықпен қолдана білуге тиіс.

Меңгерілетін материалдың рецептивті және өнімді болып бөлінуі ортаңғы сыныптардан басталады. Төменгі сыныптарда барлық тілдік материал рецептивті әрі продуктивті жолмен меңгеріледі.

Мәтіндерді оқуға үйрету үшін қажетті лексикалық материалды ағылшын тілінде жиі қолданылатын сөздердің сөздігі негізінде іріктеп алуға болады.

Оқушылардың оқу мүмкіндіктерін арттыру үшін алғашқы күннен бастап-ақ сөздік қорын неғұрлым молырақ қалыптастыру қажет (бұл тұста ана тілінде, орыс тілінде және үйреніп жүрген шет тілінде түбірлер мен сөз тудыру тәсілдерінің ортақтығы негізге алынады).

Грамматикалық материалды меңгеру үлгі сөйлемдер арқылы, сол сияқты нұсқаулық, жинақтау ережелері негізінде жүзеге асуы керек.

Оқытудың тәжірибелік, тәрбиелік, білімдік және жетілдіру мақсаттары, сондай-ақ дұрыс сөйлеу дағды-

ларына қойылатын талаптар кешенді түрде шет тілінде жүргізілетін барлық оқу-тәрбие барысында, әсіресе, сабақ үстінде жүзеге асуы тиіс.

Сабақ, үй жұмысы және сыныптан тыс жұмыстар арасында табиғи байланыс оқушыларды сабақта алған білім дағдыларын күнделікті өмірде қолдана білуге төселдіру қажет.

Тек сонда ғана оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуін жетілдіріп, тілдік қатынасын, білімдік, әлеуметтік белсенділіктерін арттыра түсуге болады.

### 1-2-сынып

#### *Фонетика.*

Ағылшын тіліндегі барлық дыбыстарды толық меңгеруді, әрі олардың өзіндік ерекшеліктерін білу, хабарлы сөйлемдердің (бұйрықты, сұраулы) дұрыс ырғақтарын меңгеруі тиіс.

#### *Лексика.*

Меңгерілетін сөз көлемі 250, сан есімнің жұрнағы — есеп:

#### *Грамматика.*

"To be", "to have" етістіктері Present Indefinite. Хабарлы сөйлемнің болымды және болымсыз түрлері, сұраулы сөйлемдер, олардың түрлері. Зат есімнің көпше және жекеше түрі. Зат есімнің тәуелденуі. Белгілі және белгісіз артикльдер, жіктік және тәуелдік жалғаулар, сілтеу есімдіктері, сын есім (жай шырай), сан есім (1-20).

### 3-сынып

#### *Фонетика.*

2-сыныпта өткен фонетикалық материалдарды қайталау. Сұраулы сөйлемдердің дауыс ырғағы.

#### *Лексика.*

250 сөз. Сын есімнің жұрнақтары *ty, ts*.

#### *Грамматика.*

Past Ind, Future Ind., модальдық етістіктер (*can, may, must*) *there is, there are* сұрақтарын тіркестіреді. Сөйлемдердің болымды және болымсыз түрлері, жалпы,

арнаулы, баламалы сұрақтар. Етістік және 100-ге дейінгі реттік сан есімдер.

#### 4-сынып

##### *Фонетика.*

Айтылуы қиын тиетін дыбыстарды қайталау, сұраулы сөйлемдердің дауыс ырғағын білу.

##### *Лексика.*

300 жаңа сөз меңгеру, зат есімнің жұрнақтары -er, -or, -tion, -ing, сын есімнің жұрнағы -y.

##### *Грамматика.*

Present Cont., Past Cont. "To be going" тұрақты тіркесі, сын есімнің шырайлары, үстеу және оның шырайлары, сұрақтың түрлері, оларды дұрыс қоя білу. Бөлшекті сұрақ 100-ден жоғары сан есімдер.

#### 5-сынып

##### *Фонетика.*

Құрмалас сөйлемдердің дауыс ырғағы, түрлі сұрақтардың дауыс ырғағы. Осы грамматикалық құрылымда сұрақтардың барлық түрлерін қоя білу. Құрмалас сөйлемдер.

#### 6-сынып

##### *Лексика.*

400 жаңа сөз. Зат есімнің жұрнақтары -ment, -ism, -ist, сын есімнің жұрнақтары -ic, -al, -ical. Жұрнақтар mis-, dis-.

##### *Грамматика.*

Етістіктер "to be", "to have to" тіркестері. Future Ind., Present Ind. Осы жүйелердің болымды және болымсыз түрлері, белгісіз есімдіктер some, any, no сұраулы сөйлемнің түрлері.

#### 7-сынып

##### *Лексика.*

400 жаңа сөз. Зат есімнің жұрнақтары -ance, -ence, -ant, -ent, -hood, етістіктің жұрнақтары -ize, -en, -ate, -y.

### *Грамматика.*

Direct, Indirect speech, Future Perfect, Future Cont.  
Осы жүйелердің болымды және болымсыз түрлері.

### 8-сынып

#### *Лексика.*

300 жаңа сөз. Сын есімнің жұрнақтары -ive, -ous.  
Етістіктің жұрнағы -en, сөз алдына қойылатын жұрнақ  
-anti.

#### *Грамматика.*

Gerund, Complex Object, Present Ind., Passive Past and  
Passive Ind. болымды және болымсыз түрлері. Сұрақтар-  
дың барлық түрлерін қою.

### 9-сынып

#### *Лексика.*

300 жаңа сөз меңгеру, тұрақты сөз тіркестері.

#### *Грамматика.*

Шартты сөйлемдердің түрлері Mood, модалды  
етістіктер, Perfect Ind., Perfect Participle.

### 10-сынып

#### *Лексика.*

250 жаңа сөз, тұрақты сөз тіркесі.

#### *Грамматика.*

Present Perfect Continuous, Past Perfect Continuous,  
Future Perfect Continuous.

### 11-сынып

#### *Лексика.*

150 сөз. Барлығы 3000 сөз меңгеріледі (11 сыныптың  
аяғында), тұрақты сөз тіркестері.

#### *Грамматика.*

**ABSOLUTE PARTICIPLE CONSTRUCTIONS.**

"Оқушыларға арналған кешен"

Оқулық фонограмма (күйтабақ) видеограммалар, диа-  
фильмдер, зертханалық жаттығулар, оқу кітаптары, жат-  
тығулар жинағы, сөздіктер, анықтамалар, т.б.

Бағдарламада тілдік материалдың деңгейге қарай бөлініп берілуі оқушы мен мұғалімге оқу мақсатын айқын көрсетіп, білім сапасын неғұрлым әділ өлшеуге мүмкіндік береді, әрі оқу үрдісін демократияландырады. Мұғалім бағдарлама арқылы оқушыға шет тілін қандай деңгейде меңгергенін біліп, көмектесіп жоспарлы нәтижеге қол жеткізуіне жол сілтеп өзіне-өзі есеп беруге дағдыланады.

Шет тілінде оқушының техникалық білік дағдыларын қалыптастыру ғана емес, елтану білімімен қарапайым түрде болса да, сөйлеу дағдысын меңгерудің маңызы үлкен. Шет тілінде білім алуға оқушының сол тілді өз ана тілімен салыстыру негізінде жалпы филологиялық көзқарасын, білімін толықтыру да жатады.

Сонымен, жаңа бағдарлама республикада болып жатқан тарихи жайттарды ескереді, әрі мектептің белгілі бір түріне арналады да, білімнің базалық түрін қамтиды. Сондай-ақ, сол жоспарланған білім нәтижесінде қол жеткізу динамикасын, оқыту параметрін көрсету арқылы тексеру, бақылау құралы болуы қажет.

### *Сұрақтар*

1. 1-2-сыныптарда меңгерілуге тиіс материалдарды атаңыз.

2. 6-сыныпта меңгерілетін жаңа сөздердің көлемі қандай?

3. 5-сыныптағы грамматикалық материалдың көлемі мен мазмұны қандай?

4. 11-сыныпта қанша жаңа сөз меңгерілуі керек?

### **Ағылшын тілі сабағын талдау**

**Жоспар:**

- Сабақ талдау туралы түсінік
- Сабақ талдау сызбасының үлгісі
- Бағалау нормасы

Сабақ талдау дегеніміз не?

Сабақ талдау – мұғалімнің ең басты істерінің бірі. В.А.Сухомлинский: "Бүкіл педагогикалық процестің нәтижесі сабақты дұрыс талдауға байланысты" деген болатын. Мұғалімге қойылатын сын-талаптар әділ орындалса ғана оқыту процесі жақсы нәтиже беретіні бұрыннан белгілі.

Сабақты талдау – өте күрделі іс. Бұл іс сабақтың құрылымын, кезеңдерін әдістеме тұрғысынан жақсы білуді талап етеді.

Өкінішке орай, кейде толық білмеуден, кейде еріншектіктен: "Мынау маған ұнады" немесе "Анау маған ұнаған жоқ" деген жұқа сөздермен ғана шектелеміз.

Бұл оқыту процесіне жаны ашитын мұғалімдердің сөзі емес. Сабақты талдауға қатысқан әрбір мұғалімнің өз пәнін білу дәрежесін, оның әдістемесін аңғаруға болады. Демек, әрбір мұғалімнің сабақты талдауына қарап, оның қандай мұғалім екенін білеміз. Әр түрлі сабақтар әр түрлі талданады. Сондықтан барлық сабақтардың түріне ортақ талдаудың жалпы үлгісі болады.

Сондықтан, бұл кітапта сабақты талдауды көрсету мүмкін емес, ол үшін бір сабақты басынан аяғына дейін көріп шығу керек.

Сабақты талдау негізіне әдістемеде алынған барлық тәсілдер мен әдістер, принциптер жатады.

Сабақты талдау – бұл оқыту процесінің нәтижесін көрсететін, көп бөліктен тұратын шығармашылық іс.

Сабақты талдаудың жалпы үлгісі:

1. Белгілі бір тақырыпқа берілген сабақтың ағартушылық, дамытушылық, тәрбиелік мақсаттарын және міндеттерін анықтау.

2. Ең соңғы жаттығуға, оқушылардың жауабына қарай сабақтың мақсатына жеткен-жетпегенін анықтау.

3. Сабақтың міндеттерін орындауда жаттығулардың тақырыпқа сәйкес келуі.

Сабақтың нәтижелі (я болмаса нәтижесіз) болуын көрсететін тағы да үш көрсеткіш бар:

1) жаттығулар арасындағы қарым-қатынасты анықтау;

2) жаттығулардың жүйелі түрде берілуі;

3) сабақта уақытты ұтымды пайдалану: негізгі мақсатқа жету үшін, оқушының, оқытушының сөйлеген уақыты және т.б. Сондықтан сабақ жоспарын жазған кезде әрбір мұғалім сабақтың әрбір бөліміне тиісті уақытты көрсетуі керек;

4. Сабақтың жалпы құрылымын, мазмұнын, тәрбиелік жағын анықтау;

5. Сыныптағы әрбір оқушының сабаққа қатысуын, әр оқушының жеке ерекшелігін, мұғалімнің ескеруін, жеке жұмыстар орындалуын, қателерді жою жолдарын қадағалау;

6. Мұғалімнің әр кезең алдында анық етіп тапсырма беруін, оның сабақтың технологиясын меңгеруін анықтау;

7. Мұғалімнің өзін-өзі ұстауы, мәдениеті, киім киісі, бәрі де ескеріледі.

### **Сабақты талдау сызбасы**

Мектептің тәжірибелі басшысының өз сызбасы, сабақты талдайтын өз жоспары болуы керек. Олар міндетті түрде зерттеуші рөлін атқаруы тиіс. Сабаққа талдау жасау сабақтың түріне мұғалімнің жеке ерекшеліктері мен мектептің әдістік тақырыбына және басқа да жағдайларға байланысты екенін ұмытуға болмайды.

Қандай да сызбалы талдаудың шартты салыстырмалары:

1. Оқытудың негізгі принциптерін ең жақсы үйлесімді шаралар мен ғылыми жағынан түсінікті көрнекі құралдармен байланыстыра отырып, жүзеге асыру.

2. Сабақты жоспарлау міндеттерін бақылау, сабақтың тәрбиелік маңызы оқушының ой-өрісін, ерік-ықтиярын, дүниетанымын, тануын арттыру. Сабақтың түрлі кезеңдеріне насихаттық-тәрбиелік міндеттерін өзара байланыстыруын бағалау.

3. Педагогикалық анықтаудың негізгі қорытындыларын, міндеттерін анықтауды бағалау.

4. Оқушылар алдына сабақтың мақсатын қоя білу.
5. Түрлі кездерде сабақтың құндылығын, оның негізгі маңызын түсіне біліп, терең білім алуды ажырата білу.
6. Мұғалімнің оқушыға сабақ беруінде әр түрлі негіздерді таңдап алып қолдана білуі – таңдаудың негізділігі.
7. Сабақ барысында оқытудың түрлі амалдары мен әдістерін жетілдіру, әдісті таңдау негізділігі.
8. Оқыту жұмыстарында түрлі әдістерді пайдалану, оның орындылығы.
9. Пәнге деген оқушылар ынтасын арттыру.
10. Мұғалімнің және оқушының еңбек мәдениеттілігін бақылау.
11. Оқушының білім алуын, меңгеруін, тәрбиесін, дағдысын қалыптастыру. Сұрақтар мен тапсырмаларға жауап беруді бағалау. Оқушының білім дәрежесін, сәйкестігін бағалау.
12. Оқушыға жеке-жеке қарым-қатынас жасауды бағалау, оның көлемі, қиындық дәрежесі, оқушыларға көрсетілген көмектің дәрежесі.
13. Оқу еңбегін ұйымдастыруда оқушының дағдылығын тиімді меңгеру.
14. Үй тапсырмасының көлемі, өзгешелігі, ерекшелігі оны орындауға кететін уақытты бағалау (басқа да пәннің кететін күнін есептеу).
15. Сабақтың құрылымын рационалды бағалау, оның түрлі кезеңдеріне кететін мөлшерін анықтау.
16. Мұғалім мен оқушының өзара қарым-қатынасын байқау.
17. Оқу кабинетін пайдаланудың мүмкіндігі. Оқу жабдықтарын пайдаланудың қажеттілігі.
18. Сабақта мектепке қойылатын гигиеналық талаптардың орындалуы (жарық,  $t_0$ , ауа тәртібі, оқушыларды отырғызу).
19. Бұрынғы жасалған ескертпелер мен ұсыныстарды және нұсқауларды қадағалау.



Апта-сына	Сабақ	Грамматикалық материал	Лексикалық материал	Жаттығулар	Үй тапсырмалары	Қосымша үй тапсырмасы
1	3	–	Lourest	Ех: 15-19 р-225	Ех: 20 (а,б)р-226	–

## Бағалау нормасы

Оқушылардың икемділігі мен дағдыларын бағалаудың үлгі нормалары. Әр сынып бойынша икемділік пен дағдыға қойылатын бағдарлама талаптарын сабақтың белгілі бір кезеңдерінде тексерілетін нысанды анықтауға негіз болып табылады. Мұндай нысандар сөз қолдану икемділігі сөйлеу, тыңдап-түсіну, оқу және тілдік материалды (лексикалық, грамматикалық, фонетикалық, орфографиялық) қолдана білу дағдысы.

### *Сөз қолдану икемділігі.*

Оқушылардың жетістіктері, олардың сөзі негізгі және қосымша көрсеткіштерге қаншалықты сәйкес келетіндігін бағалау керек.

### *1. Монологты сөйлеудің негізгі көрсеткіштері.*

1.1. Бағдарламада берілген тақырып бойынша оқушылардың сөйлей алуы.

1.2. Айтылған сөйлемдердің бір-бірімен қисынды байланыстылығы.

1.3. Шет тілінің үлгілері бойынша құрылған сөйлем саны.

1.4. Қолданылған сөйлем үлгілерінің әр түрлілігі.

### *2. Көмекші көрсеткіштер.*

2.1. Оқушылар сөзінің лексикалық, грамматикалық, фонетикалық жағынан дұрыстығы.

2.2. Оқушының сөзінде негізгі және көмекші көрсеткіштер толық сақталса, оған "5" қойылады. Егер көмекші көрсеткіштердің біреуі орындалмаса, онда "4"

қойылады. Ал оқушының сөзі тек негізгі көрсеткіштерге ғана сәйкес келсе "3" қойылады.

*3. Диалог түрінде сөйлеудің негізгі көрсеткіштері.*

3.1. Сөз әрекетінің тілдік қарым-қатынас жағдайына сәйкес келуі.

3.2. Дұрыс құрылған реплика саны және оның әр түрлілігі.

Көмекші көрсеткіштер және диалог сөзді бағалау талаптары монолог сөздеріне ұқсас. Оқушылардың мәтінді оқуы және сөзді тыңдау арқылы қалай түсінгендерін тексеру көрсеткіштеріне негізгі фактілер саны және олардың мағыналық байланысы жатады. Негізгі фактілерді және олардың арасындағы фактілердің мағыналық байланысын толық түсінсе "5" қойылады. Негізгі фактілерді 75% түсінсе – "4". Негізгі фактілерді түсіну 50% кем болса, "3" деген баға қойылады. Грамматикалық, лексикалық, фонетикалық және орфографиялық дағдылар сөзді меңгергендігін анықтауда елеулі рөл атқармайды. Себебі, бұлар оқушының тілдік материалды өз сөзіне қолдана білу қабілетін ғана білдіреді. Оқыту барысында күнделікті және тексеру жұмыстары жүргізіледі. Күнделікті тексеру икемділік пен дағдыны қалыптастыру барысында жүргізіліп, мұғалімге оқушының әр сабақты оқи білу жетістіктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Қорытынды тексеруде оқушының сөз икемділігіне өткен материалды іс жүзінде қолдана білу дәрежесін анықтап, оны оқыту жоспары бойынша белгілі талаптарын салыстыруға мүмкіндік туады.

### ***Сурақтар мен тапсырмалар***

1. Ағылшын тілі сабағына қандай талаптар қойылды?
2. Сабақты талдаудың негізгі қағидалары қандай?
3. Бағалау нормаларын білу не үшін қажет?
4. Қандай жағдайда "5" деген баға қойылады?
5. Қандай жағдайда "3" деген баға қойылады?
6. Сабақты талдау сызбасымен танысыңыз.

7. Өзіңіз қатысқан сабақтағы оқушының білімін бағалап, баға қойыңыз және оны мұғалімнің қойған бағаларымен салыстырыңыз.

8. Сабақты талдау сызбасын пайдаланып өзіңіз қатысқан сабақты талдаңыз.

9. Өзіңіз қатысқан сабақты жаттығулардың жүйелі түрде берілуі қағидасы бойынша талдаңыз.

## Орта мектептің оқу бағдарламасы

### *Жоспар:*

- Орта мектепте ағылшын тілін оқытудың кезеңдері
- Ағылшын тілін оқытудың бастауыш кезеңінің тарихы
- Шет тілін үйретудің орта кезеңі
- Шет тілін үйретудің жоғарғы кезеңі

Шетел тілі орта мектепте үш кезеңге бөлінеді: бастауыш, орта, жоғары сыныптар. Әрбір кезеңнің өзіне тән ерекшелігі бар. Сондықтан әр кезеңге кеңірек тоқталайық.

### *Бастауыш кезең*

Бастауыш сынып оқушыларының шет тілін үйренуге ынтасы өте зор болады. Олар шет тілінде сөйлегісі және түсінгісі келеді. Олар көптеген жаттығуларды орындайды және олармен сабақ үстінде көп жұмыс жасауға мүмкіндік бар. Бастауыш сыныпта ауызша оқуға көп көңіл бөлінеді. Әрине, оқу процесінің тыңдау, сөйлеу, жазу, оқу түрлері де беріледі.

1. Шет тілін үйрету ауызша үйретуден басталады. Әуелі шет тілінің фонетикасының тек өзіне тән дыбыстарымен танысады, оның дауыс ырғағы, екпіні, ритмі үйретіледі. Жаңа әліпби, әріп ерекшеліктері ескерілді.

Тілдің әріптер мен дыбыстарын үйренгеннен кейін сөздердің жазылу-оқытылуын үйрене отырып, сөйлем

құрастырып, сөйлеуге қолдана бастайды. Яғни, сараптамалық ойлаудан синтетикалық ойлауға ауысады.

Бұл әдістің жетістігі сол ол тілді үйренудің оқу, жазу, сөйлеу сияқты барлық түрлерін түгел қамтиды. Сондықтан бастауыш сынып оқулықтары ауызша бөлімнен басталады.

Мысалы: жаңа сөзбен таныстыру. "Chair" сөзі

Teacher: This is a chair.

Is this a chair? Yes, it is.

Is this a table? No. It is not. It is a chair?

Оқушылар мұғалімді тыңдай отырып жаңа сөзді бірнеше рет естиді, жекелеп айтады.

### **Орта мектептегі ағылшын тілін оқытудың бастауыш кезеңінің тарихы**

Орта мектепте ағылшын тілін оқытудың тарихы 1947 жылдан басталады. 1947 жылы Министрлер Кеңесінің "Орта мектепте шет тілін оқытуды жақсарту туралы" қаулысы шетел тілін оқытудың әрі қарай дамуына ықпал еткен құжаттар болды.

Содан кейінгі 1961 жылы шыққан "Шет тілдерін оқытуды жаңарту" туралы Қаулы кейінгі онжылдықтағы мақсат-міндеттерді айқындап берді. 1977 жылы "Орта мектепте оқытуды, тәрбиелеуді дамыту туралы" Қаулыдан кейін көптеген өзгерістер болды.

Оқытудың бірінші кезеңі қарым-қатынас ретінде тілдің негізін қалау арқылы анықталады. Осы бастауыш кезеңде әрі қарай шет тілін оқып-үйрену жалғастырылады. Тілді қарым-қатынас құралы ретінде қолдануға 2 жылдай әзірлік курсы керек. Тілді пайдалану үшін тілді таңдау, сөйлеу, жазу, оқуды білуі керек.

Бірінші кезең – тілді оқып үйренуде өте маңызды кезең, осы кезеңде оқу қалай басталса, солай жалғасады. Ағылшын әдіскері Г. Пальмер бұл кезең туралы былай деген: "Take care of the first two stages and the rest will take care of itself".

1947 жылғы қаулыдан кейінгі өзгерістер.

Сол ғасырдың 50-жылдар кезеңі мектептерде ағылшын тілін оқыту әдістемесінің елеулі кезеңі болды.

1947 жылғы қаулыдан кейін орта мектепте ағылшын тілі 3-сыныптан бастап оқытылды, ағылшын тілінде және ағылшын тілін оқытатын арнайы мектептер ашылды.

Орта мектепте шет тілін оқыту 3 немесе 5-сыныптан басталды. Бұл кездегі бағдарламада қойылған негізгі талаптар: оқыту, түсіну және шет тіліндегі мәтінді аудару білу. Ауызша сөйлеуді түсіну, ауызша мен жазбашаның негізін қалау.

Бағдарламада бөлімнің екі түрін рецептивті және өнімділікті айқындайды.

Бастауыш кезеңде де бірінші орынға оқып-түсіну және аудару қойылады.

– оқушылар таныс емес сөздерді оқып білу

– сөздіксіз мәтінді оқып-түсіне білу

– шет тілін туған тілге ауызша аудару білу

– жазбаша аудару білу

Жазбаша оқытуда мынадай талаптар қойылады:

– мәтінді көшіріп жаза білу

– қысқа сөйлеуді жаза білу

**Лексикалық талап:** 5-сынып – 450 сөз, 3-сынып 200 сөз білуі керек.

1955 жылы шет тілін оқытудың бір нұсқасы 5-сыныпта сақталып қалды.

1955 жылғы бағдарламада бірінші орынға тәжірибелік мақсат қойылды. Мұнда лексикаға қойылатын талап өзгеріп, 350 сөз білуге тиісті болды. Бұл кезеңде де негізгі талап оқу және аудару болды. Ауызша сөйлеу мұғалімнің қойылған сұрақтарына жауап берумен, сыныпта айтылатын сөздермен шектелді.

1961 жылғы қаулыдан кейінгі өзгерістер. Бұл кезеңдегі бағдарлама бойынша бірінші орынға тәжірибелік мақсат қойылды.

Ауызша сөйлеуде шет тілінде өз ойын айта алу және ауызша хабарлама жасауға (монолог) және шет тілінде өңгіме жүргізе білуге (диалог) мән берілді. Оқуға қойылатын талап та өзгерді. Аудармаға аз көңіл бөлінді.

Тәжірибелік мақсатқа жету үшін бірінші рет магнитофон таспасын, күйтабақты қолдану және үйге оқуға берілетін мәтіндер пайдаланыла бастады.

*Орта мектепте мынадай талаптар қойылды:*

- шет тілінде әңгімелесе білу
- сөздіксіз күрделі емес мәтінді оқып-түсіну
- оқи білу

Жазуға көмекші рөлі берілді. Лексиканың көлемі азайды.

*Оқудың екі түрі:* дауыстап және ішінен оқу бөлініп көрсетілді.

- 1) оқушылар сұрақ қойып, жауап беруге
- 2) диктант жаза білуге тиіс болды (30 сөз)

Осы өзгерістер ескеріле отырып, С.К.Фоломкина, Э.И.Каар және Г.М. Уайзер сияқты авторлар 5 және 6-сынып оқушыларына арналған жаңа оқулықтар шығарды.

Халықаралық қатынастардың дамуына байланысты ағылшын тілін үйретудің маңызы өсті. Оқушылармен бірге мұғалімге арналған әдістемелік кітап және үйден оқу кітабы шығарылды. Саны 25-тен асатын сыныптар екі топқа бөлінді. Балалар бақшасы мен бастауыш сыныпта ағылшын тілін оқыту бағдарламасы жасалды. Оқытуды ұйымдастырудың негізгі 2 бағыты:

1. Сөйлеудің барлық түрін бірге дамыту (ауызша алдын-алу, авт. Г.М. Уайзер).

2. Сан біртіндеп оқыту (кіріспе ауызша курспен, авт. А.П. Старков). Шет тілі 5-10 сыныптар аралығында оқытылды. 1962 жылы ағылшын тілінен жаңа бағдарлама жасалып, оқулықтар шығарылды. Бағдарламада тілді тәжірибелік білу жағына баса назар аударылды.

2-сыныптың оқушысы ауызша сөйлеуден мынаны білуге тиіс:

- 1) мұғалімнің сөзін түсіну
- 2) өткен тілдік материал негізінде сұрақтарға жауап беру
- 3) суреттерді бейнелеу және сұрақтарға жауап беру
- 4) ауызша әңгіме айта білу
- 5) тақпақты жатқа айта білу

3-сыныпта бұл талаптар ұлғайды:

1) мұғалімнің айтқанын түсіну

2) мәтінді түсіндіре білу

3) сұрақ қою, оған қысқа және толық жауап беру

60-жылдар ағылшын тілін оқытудың әдістемесіндегі жемісті жылдар болып саналады. Осы жылдары әдістемеге байланысты көптеген ғылыми еңбектер жазылып, мектепте тәжірибе жүзінде қолданыла бастады.

Қазіргі кезеңде орта мектепте ағылшын тілін оқыту 3 кезеңнен тұрады:

*Бірінші кезең* – оқытудың бірінші жылы, екінші кезең – барлық 10 сыныпқа дейінгі сыныптар, үшінші кезең – 10-11 сыныптар. Оқытудың бірінші кезеңінде ауызша сөйлеудің және оқудың негізі қаланады, өз атынан қысқаша сөйлемдер айту, берілген материалды қабылдау және дауыстап оқуға үйретіле бастайды. Бағдарлама бойынша бекітілген уақытқа дейін созылатын ауызша кіріспе бөлімінен басталатын бірінші кезеңнің негізі – ауызша сөйлеу болып табылады.

*Екінші кезең* қабылдау механизмі қалыптасады және өз атынан сөйлем айтуға дағдыланады, күнделікті қарым-қатынас тіліне үйренеді, тыңдап түсіну, дауыстап оқу, оқығанын аудармасыз түсіну іс-әрекеттері дамиды. Бұл кезеңде де ауызша сөйлеу негізгі іс-әрекет болып есептелінгенмен де, оқуға да үлкен ден қойылады.

*Үшінші кезеңде* ауызша сөйлеу күнделікті қарым-қатынас тілінен бағдарламада көрсетілген қоғамдық-саяси тақырыптар бойынша сөйлеу деңгейіне дейін, сонымен қатар көркем әдебиет, ғылыми-ағарту тақырыптары да қамтылады. Бұл үшінші соңғы кезеңде ауызша сөйлеу мен оқу бірдей деңгейде алынады.

### ***Сұрақтар мен тапсырмалар***

1. Орта мектепте шет тілін үйретудің неше кезеңі бар?
2. Оқушылардың шет тіліне деген қызығушылығы әр түрлі болады. Ол неге байланысты?
3. Бастауыш кезеңде шет тілін үйретуде сөйлеу іс-әрекетінің қай түріне көп көңіл бөлінеді?

4. Әр түрлі екі автордың "Мұғалімге арналған оқулығын" алып 5-сыныптың бірінші сабақтарын салыстырып қараңыз.

5. 5-сыныптың бірінші сабағына өз сабақ жоспарыңызды құрыңыз.

6. Орта кезеңдегі бір сыныптың бір сабағына жоспар құрыңыз.

7. Жоғарғы кезеңдегі бір сыныптың бір сабағына жоспар құрыңыз.

## Орта мектепте сабақ машығында кездесетін кемшіліктер, сабаққа қойылатын талаптар

### Жоспар:

• Мектепте сабақ беру машығында қалыптасқан кемшіліктер

• Сабаққа қойылатын негізгі талаптар

Мектепте сабақ тәжірибесінде қалыптасқан кемшіліктер	Сабаққа қойылатын талаптар
1. Бір сабақты екінші сабақпен байланыстыра жүргізуді ескермеу, жоспар жасаумен әдістену, сабақтың технологиясын нашар білу және әр сабақтың ерекшелігін ескермеудің салдарынан біржақты болып шығуы, шығармашылық пен жоспарлы әдістік пәнді қарама-қарсы қою	1. Сабақта жоспарлы әдістік талаптарды дәл және шығармашылықпен орындау, сабақтың түрін сауаттылықпен анықтау, тақырыптағы, бөлімдегі, курстағы орны, ішкі курс жүйесіндегі байланысы, әр сабақтың ерекшелігін білу
2. Жеке оқушының және сынып ұжымының ерекшеліктерін шала білуі, осыдан түрлі сыныптарда егіз сабақтардың пайда болуы, оқушылардың ерекшеліктеріне арқа сүйенудің болмаушылығы, оқытудағы элементтік бөлшектің мүмкінсіздігі, білім берудегі кемшіліктерді жоюға бағытталған жоспарлы жұмыстың жүргізілмеуі	2. Әр түрлі жастағы оқушылардың, сыныптардың оқуға деген ынтасының жайын білу, олардың әдептілігі және ақыл-ой өрісінің дамуы, сынып ұжымының құрылымы жағынан жетілуі, оқушылардың мұқтаж-дығы, сауал-сұрағы, құштарлығын ескеру, білім алудағы кемшіліктерді мақсаттылықпен жою үшін қолданылатын шаралар
3. Сабақтың негізгі мақсатын алдынала ойластыруды бағаламаушылық, оларды жоспарлаудағы кемшілік, психикалық дамудың міндеттерін елемеушілік, кешенді емес ойластыру, бір мақсатты екінші мақсатпен	3. Білім, тәрбие беру, дамыту мақсаттарын ойластыру және бірлесе шешу. Білім беруде арнаулы және жалпы оқулық, іскерлік пен дағдыны, тапқырлық қабілеттілікті, өз бетімен



<p>байланыстырмау, осы өткізілетін сабаққа-сыныпқа қойылатын міндетті, мақсатты бөліп алмау, осыдан барып сабақта оқушыларға үлкен салмақ түседі</p>	<p>білім алуға дайындығын қалыптастыру. Тәрбие ісінде дүниетанымын, өмірлік көзқарасын, белсенділігін, мінез-құлқы және қарым-қатынас ережесі тәжірибесін қалыптастыра отырып, бұл бағалы қасиеттерді тұрақты, аса өнегелік жеке қасиетке айналдырып, өзін-өзі тәрбиелеуге дайындау және психиканың дамуы ақыл-ой, ілтипат, түсіну, ойлау, қиялдау, сөйлей білуді дамыту оқушыларды тәрбиелеуде басты рөл атқарады, сынып ұжымының ерекшеліктері мен мүмкіншіліктерін ескере отырып, сабақтың өз дәрежесінде етуі үшін бір нақты мақсатқа, тақырыпқа құрған жөн</p>
<p>4. Дағдыға айналған сабақтың құрылымы, құрылым бөлшектерін тұрақты және сол қалпында қиыстырылған сабақ, бағаларды көп жинауға талпынушылықтың салдарынан көп ретте сұрақтың рөлін арттыру</p>	<p>4. Өз алдына қойған мақсаттар мен міндеттерді және сабақ уақытын тиімді пайдалануды толық қамтамасыз ету үшін сабақты түрлендірудің тақырыбы мен ұтымды құрылымын таңдап алу</p>
<p>5. Оқу материалдарының шамадан тыс көптігі, болмашы материалдардың көптігі, оқулықтан дәлелсіз шығып кету</p>	<p>5. Оқушылардың көңілін оқу материалында тәрбиелік маңызы бар ғылыми түсініктерді, теориялық жағдайларды, дүниетанымдылықты, оқу мазмұнындағы негізгі мәселелерді талдай білуге шоғырландыру, сабақтың мазмұнын нөмірмен, қоғамның қажеттілігімен тіке байланыстыра білу, сөйтіп уақытты үнемді пайдалануды қамтамасыз ету бірінші кезектегі мәселе</p>
<p>6. Білімді қолдануға жеткілікті көңіл бөлмеу, теориялық білімді пайдаланудан қол үзушілік</p>	<p>6. Оқу процесінде тәжірибелік, мамандық бағытты қамтамасыз ету, оқушылардың алған білімдерін, іскерлігін, дағдысын тәжірибеде, өндірісте қолдана білуіне қолайлы жағдай жасау</p>
<p>7. Оқытудың әдістерін таңдай алудың жарлығы, бірде-бір әдісті пайдалануға бір жақты қараушылық, немқұрайдылықпен түрлі әдістерді пайдалана салуға ұмтылу</p>	<p>7. Белсенді, үдемелі, ең жақсы, үйлесімді, орнықты әдісті қолдана отырып, оқыту барысында түрлі әдістерді пайдалану, оқуда ауызша және жазбаша тілмен білдіретін шығармашылықты, көрнекі құралды, дауыс зорайтқышты және оқытудың проблемалық әдістерін пайдалана отырып, мұғалімнің басшылығымен оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуін қамтамасыз ету, оқушылардың танымдық ынтасын, сезім борышын, жауапкершілігін және тәртіпті-</p>

	лігін күшейту, оқушыларға оқу хабарларын терең жеткізе отырып, білгіштігін, құштарлығын арттыру
8. Топталған және дербестік оқытудың дамуы, тиімсіз әдісті пайдалану, ұжымның құштарлығын дамытуға сабақтың қызықсыз өтуі, тәрбиелік маңызына көңіл бөлмеу	8. Сабақта жұмыстың жалпы сыныптық түрі, топталған және дербестік түрлерімен үйлестіріліп, оқу еңбегін ұйымдастыруды ұжымдық қызметке ұмтылдыру
9. Оқытуда бір жақтылықпен қарап оның мазмұны және тәрбиелік маңызын, дифференциялап оқытуға көңіл бөлмеу, оқу материалының көлемі және күрделілігін ескермеу	9. Оқушылардың пөнге, оқуға қатынасын әр түрлі дәрежесіне байланысты, оларға ерекшелігіне қарай, жәрдем жасау, оқу мүмкіншіліктерін анықтау.
10. Оқу процесіне мектеп оқушыларының бір бөлігінің енжар қараушылығы, оқу еңбегін және сабақтан тыс жұмыстарды, үйірмелер, факультативтер, т.б. ұйымдастыруда жүйеліліктің болмауы	10. Барлық оқушыларды өздерінің оқу қызметіне жауапкершілікпен және белсенділікпен қарауын қадағалау, сабақта дағдыны тиімді қалыптастыру, оқу сабағында олардың ақыл-ой өрісін дамытуға бірден-бір себеп болатын тәрбие жұмыстарын пайдалану және оны дұрыс ұйымдастыру
11. Оқудың сапасын арттыруда мұғалім мен оқушының өзара қарым-қатынастарын қалыптастыруда жеке адамның факторлық есебінің дұрыс жүргізілмеуі	11. Жоғары талапкерлік принципі негізінде оқушылармен байланыс жасай отырып, сынып ұжымының көлеміне сүйеніп, әр оқушыны сыйластыққа тәрбиелеу. Сөйтіп, әр мұғалімнің жеке басының үлгісі арқылы ықпалды тәрбие жұмысын қалыптастыру
12. Оқудың қалыптасқан кешенді емес әдісін орынсыз пайдалану	12. Ғылыми-техникалық прогрестің талаптарына сай оқудың кабинеттік жүйесін дамыта отырып, оқыту жабдықтарының оқу көрнекі құралдары, ТСО, хабарлама, ЭВТ құралдарын мақсатты, тиімді және кешенді пайдалану
13. Оқудың эстетикалық және гигиеналық жағдайын дұрыс бағаламау	13. Сабақ жұмысында гигиенаны және эстетиканы жетілдіруге қолайлы жағдай жасау
14. Сабақта уақытты тиімді пайдаланбау, басты мәселені түсіндірудің ашылмай, көлеңкеде қалып, осыдан барып оқушыларға ұй тапсырмасын көп беру. Ұй тапсырмасын орындау жөнінде нақты түсінік берілмейді, бұл білгіштік белсенділігі мен шығармашылығына кері әсер етеді	14. Қалған уақытты есептей отырып, үйге берілетін тапсырманың мазмұны мен көлемін анықтау, оқушыларға шамадан тыс тапсырма беруге жол бермеу. Оқыту, көбінесе сабақ үстінде жүзеге асырылады

<p>15. Сабақта пайда болған ешбір жағдайға қарамастан алдын-ала белгіленген жоспарды орындауға ұмтылу, осы орайда есепке алуда формальдылыққа ұрыну қосымша әдістік нұсқаның болмауынан болмашы есепке жол берілмеуі.</p>	<p>15. Сабақ жоспарының түпкі мазмұнын дәл анықтай отырып оқу жайын өзгеру жағдайына байланысты құра отырып, басы артық нұсқалық әдісті қолдануға көшу қажет</p>
<p>16. Материалды меңгерудің бір сабақпен екінші сабақтың арасында байланыстың нашар болуын анықтау мақсатында мұғалім өзін-өзі тексеріп отыру керек</p>	<p>16. Сабақтың барысында мұғалімнің өзі сабақ жүйесіне талдау жасай отырып, оқушыларды тәрбиелеу және оның ақыл-ой өрісінің дамуын анықтаумен қатар, оны педагогтар алдына қойылған міндеттермен салыстыру арқасында сабақта ең негізгі жетістіктер мен кемшіліктерді тауып, келесі сабаққа жоспар жасауда бұл кемшіліктерді болдырмаудың алдын-алуы керек</p>

### ***Сұрақтар мен тапсырмалар***

1. Машық кезінде байқалатын кемшіліктер қандай?
2. Бір сабақты екінші сабақпен байланыстыра жүргізудің маңызы қандай?
3. Сабақ мақсатының сабақ жоспарын жазудағы маңызы қандай?
4. Әр сабақтың ерекшелігін ескеру қажет пе?
5. Сабақтың түрін анықтаңыз.
6. Сабақтың оның алдындағы сабақпен байланысын анықтаңыз.
7. Сабақтың әр бөліміндегі кететін уақытты анықтаңыз және оны ұтымды пайдаланудың жолдарын қарастырыңыз.
8. Сабақта пайдалануға болатын жұмыстардың жалпы, топтық, дербес түрлерін анықтаңыз.
9. Сабақта сөйлеу дағдысының деңгейін анықтаңыз.
10. Сабақтағы үйге берілетін тапсырманың мазмұны мен көлемін анықтаңыз.

### **ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ**

1. Жаңа сөздің мағынасын түсіндірудің (семантизация) дұрыс әдісін табыңыз:

а) ана тілге аудару, антонимдер, синонимдер, көрнекілік арқылы

ә) антонимдер, синонимдер, сөз жасау белгілері бойынша жазылуын түсіндіру

б) сөздің анықтамасы арқылы түсіндіру, оқылуын түсіндіру, сөз жасау белгілері бойынша түсіндіру

*2. Сөздердің айтылуын және жазылуын, оқыту әдісін табыңыз:*

а) оқыту ережесі, жазу, имитация, транскрипция

ә) имитация, аналогия, транскрипция, оқыту ережесі

б) тонограмма, имитация, аналогия, транскрипция

*3. Факультативті сабақтардың негізгі сабақтардан айырмашылығы неде?*

а) әдіс-тәсілдер

ә) оқыту принциптерінде

б) оқыту құралдарында

*4. Факультативті сабақтарға қандай оқушылар қатысады?*

а) тек үздік оқушылар

ә) тек білім деңгейі төмен оқушылар

б) барлық тілге қызығушылығы бар балалар

*5. Факультативті сабақтарда балалардың білімі қалай бағаланады?*

а) тек "бес" деген бағаға

ә) тек "төрт" пен "бес" деген бағаға

б) баға қойылмайды

*6. Сабақ жоспары дегеніміз ...*

а) мұғалімге арналған оқулықтың бір бөлігінің көшірмесі

ә) мұғалімнің оқыту құралы

б) оқушының сабақ үстіндегі әрекетін анықтайтын құжат

*7. Әрбір оқушы ағылшын тілі сабағы курсы аяқталған кезде*

а) 3000 сөз білуі керек

ә) 4000 сөз білуі керек

б) 5000 сөз білуі керек

8. *Шет тіліне үйретудің жоғарғы сатысына қандай сыныптар жатады?*
- а) 10-11
  - ә) 9-10-11
  - б) 8-9-10
9. *Бастауыш мектеп оқушыларының негізгі әрекеті қайсысы?*
- а) ойын әрекеті
  - ә) оқу әрекеті
  - б) сөйлеу әрекеті
10. *Сабақтың барысымен танысу сабақтың қай бөлігіне жатады?*
- а) кіріспе бөлігіне
  - ә) негізгі бөлігіне
  - б) қорытынды бөлігіне
11. *Сабақтың барысында мұғалім фонетикалық жаттығуды неге өткізеді?*
- а) өзіне оқушылардың назарын аудару үшін
  - ә) дұрыс айту дағдыларын дамыту үшін
  - б) балалардың білімдерін бағалау үшін
12. *Шет тілінің негізгі оқыту бірлігі не?*
- а) мұғалім кітабы
  - ә) оқулық
  - б) сабақ
13. *Шет тілін үйрету тіл әрекетінің қандай төрт түрлі дамуын көздейді?*
- а) тыңдап түсіну, сөйлеу, жазу, оқу
  - ә) сөйлеу, тыңдап түсіну, оқу, жауап беру
  - б) сөйлеу, жазу, тыңдап түсіну, әңгімелесу
14. *Шет тілін оқытудың қай кезеңінде ауызша сөйлеу әрекетінің негізгі түрі болып есептеледі?*
- а) бастауыш
  - ә) орта
  - б) жоғары

**Жауаптары:**

- 1) а 2) ә 3) а 4) б 5) б 6) ә 7) а 8) а 9) а 10) а 11) ә 12) б 13) а 14) а

## IV ТАРАУ

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ

**Мектепке дейінгі жас балаларды және бастауыш  
сынып оқушыларын ағылшын тіліне үйрету**

### ***Жоспар:***

- Мектепке дейінгі жас балаларды және бастауыш сынып оқушыларын ағылшын тіліне оқыту
- Бастауыш сынып оқушыларына шет тілін үйретудің мазмұны мен мақсаты
- 6-7 жастағы балалардың психологиялық ерекшеліктері

1. Қазақ сөздері мен ағылшын сөздерін бір сөйлемде араластырмай балаларды оқыту әдісін қолдану, яғни, олар бір тілде ғана сөйлесу керек. Сөйлем арасына басқа тілді қоспағанда, сөйлеу дағдысы тереңірек дамыған болады.

2. Мектеп оқушыларына қарағанда мектепке дейінгі жастағы балалардың еліктегіш қасиеті жақсы дамыған, сондықтан олар ағылшын тілінің дыбыс жүйесін үйренгенде аса қиналмайды. Сонымен қатар, олар ағылшын дыбыстарын, сөздерін, сөйлемдерін қайталағанды ұнатады. Бастауыш мектеп балалары да еліктеу арқылы үйренеді, бұл балаларға дыбыстарды дұрыс айтқызу үшін сөйлеу мүшелерінің жұмыстарын түсіндіруге болады.

3. 5-6 жастағы балалардың негізгі іс-әрекеті ойнау болып табылады, сондықтан ағылшын тілін үйрету үшін мұғалім әр түрлі ойындарды пайдалануы керек. Ойындар арқылы мұғалім балаларға жаңа сөздерді, сөз тіркестерді үйрете алады.

7-9 жастағы балалар да ойнағанды ұнатады, бірақ оларға ағылшын тілін үйрету үшін тек ойындарды ғана емес, әр түрлі тапсырмалар, жаттығуларды орындатқызу керек.

### **Оқытудың мақсаттары**

Бала-бақшадағы балаларды ағылшын тіліне үйретуге арналған бағдарлама бар. Осы бағдарлама бойынша шет тіліне оқытудың мақсаттары белгілі бір шет тілі бойынша оңай біліктіліктерге үйрету, яғни, қарапайым әңгімені түсінуге үйрету және шет тілінде сөйлеуге үйретуге негізделеді. Шет тілін үйрету балалардың ой-өрісінің дамуына себепші болады. Бала-бақшада шет тілін үйретудің нәтижесінде балалар төмендегіні білуі қажет:

– бағдарлама бойынша құрылған тіл материалын қолданып қысқа әңгімелерді, шет тілінде айтылған өтініштерді, бұйрықтарды түсіну;

– ойын барысында сұрақтарға жауап беру және сөйлемдер құру;

– қысқа тақпақтарды, өлеңдерді айту.

### **Оқытудың мазмұны**

Мектепке дейінгі жастағы балалар 100-150 сөзден тұратын 200-250 сөйлемдерді құра білуі, 8-10 тақпақты жатқа білуі тиіс.

Төмендегі тақырыптарды білуі керек:

1) амандасу, танысу, өтініш білдіру;

2) ойындар, ойыншықтардың аттары, іс-қимыл білдіретін сөздер, ойын барысында қолданатын сөздер;

3) фразалар және сөйлемдер (жуыну, ойнау, шай әзірлеу, үйді жинастыру);

4) мерекелер, кейбір мерекелердің аттары, мереке-лерге дайындалуға қатысты сөздер.

Мектепке дейінгі жастағы балалар ағылшын тілін 5-6 жастан бастап үйренеді. Олар аптасына 25-30 минуттан тұратын төрт сабақ өтуі керек.

### **6-7 жастағы балалардың психологиялық ерекшеліктері**

Алға қойған мақсаттарға жету үшін мұғалім 6-7 жастағы балалардың психологиялық ерекшеліктерін білуі қажет. Бұл жастағы балалар шет тілін үйренуге икемді: олар тіл құбылыстарын тез түсінеді және тілдің құпияларын түсінуге тырысады. Олар қысқа тіл материалын оңай жаттап алып, оны айтып бере алады. Өскен сайын бала бұл қабілеттерін жоғалта бастайды.

Психологтардың айтуы бойынша бастауыш сыныптардың балалары ойын іс-әрекетінен оқу іс-әрекетіне көшеді.

Дегенмен, ойынның маңызы бұл жаста мол. Балалар 10-12 жасқа дейін ойнайды. Балалар мектепті ұнатады, бірақ балалардың сабаққа деген қызығушылығын ойын элементтері, мұғаліммен қарым-қатынас арттырады. Ойын арқылы балалар шет тілінде жеңіл қарым-қатынас жасай алады және ойын кезінде оқушылар шаршағандығын сезбей, қызыға отырып шет тілін тез үйренеді.

Ойынмен оқыту процесіне кедергі емес, пайда әкелуі тиіс. Сонымен қатар, ойын белгілі бір іс-әрекетті дамытады, шет тілінде екінші біреумен қарым-қатынас жа-сауға үйретеді.

6-7 жастағы балалардың қызығушылығы мол. Жаңа тақырыпты қабылдағанда әдемі, қызықты заттарға назар аударады, бірақ олардың назары тұрақсыз болып келеді. Балалар мұғалімнің 2-3 минуттан астам әңгімесін тыңдай алмайды, сондықтан сабақ түсіндіргенде сұрақ-жауап тәсілін қолданған жөн.

Бастауыш сынып оқушылары қимылсыз ұзақ отыра алмайды, тез шаршағыш болады, сондықтан 10-15 ми-



нут сайын ойындар, жаттығулар өткізген жөн немесе жұмыстың түрін өзгерту қажет.

Жұмыстың бір түрінен екінші түріне, бір іс-әрекеттен екінші іс-әрекетке көше отырып, балаларға бағыт беріп отыруды ұмытпау керек.

Қызықты түрде түсіндірілген тақырып тез және жақсы қабылданады.

Бұл жастағы балалардың ой-өрісі жақсы дамыған болып келеді және олар шығармашылық жұмысқа жақсы икемделген.

Осыны ескере отырып, белгілі бір сөйлеу үлгілерін бекіту үшін ойыншықтар, құрылыс құралдарын қолдануға болады. Ойыннан оқу іс-әрекетіне көшу үшін ойыншықтардан суреттеуге көшуге болады.

Бастауыш сыныпта оқитын балалар сыныптас балалары мен өздерін бағалай алады.

Әдетте 6-7 жастағы балалар жалпы жасалған нұсқауларды қабылдамайды, сондықтан тапсырма беру үшін әр балаға жеке ескерту жасаған жөн.

Балаларды мектеп өміріне үйрету үшін "сабақ үстінде тұруға болмайды", "сұрақ қойғың келсе қолыңды көтер" деген ескертулерді айтып отыру керек. Олар бұл ескертулерді жылдың аяғына қарай толық орындайды. Бұл ескертулер сыпайы, өтініш ретінде айтылуы керек. Әрине, осы ескертулер орындалмаған жағдайда мұғалім реніш емес, тек өкініш қана білдіруі керек.

6-7 жастағы балалардың мінездері әр түрлі, оған себепші баланың балабақшадан, отбасынан алған тәжірибесі болып табылады, сондықтан, мұғалім баланың жеке ерекшеліктерін де жақсы білуі тиіс.

## **Бастауыш сыныптарда ағылшын тілін оқытудың мақсаттары мен міндеттері**

Ағылшын тілін оқытудың сапасын көтеру үшін ағылшын тіліне оқытуды бастауыш сыныптардан бастаған дұрыс. Бастауыш сыныптардан бастап оқытудың нәти-

жесі осы кезеңдегі балалардың жас ерекшеліктерін пайдалану болып табылады. Ағылшын тілін оқыту арқылы мұғалім баланы жан-жақты тұрғыдан дамытуға тырысуы керек.

**Мұғалімнің мақсаты** – қоғамдық жұмысқа белсенділігі мол, өз бетімен жұмыс жасай алатын, іскер жанды тәрбиелеу. Сондықтан ағылшын тілін бастауыш сыныптардан оқыту белсенділік жетілдіру, тәрбиелеу, тәжірибелік мақсаттарын көздейді. Оқыту процесінің барлық жиынтықтарының ең бастысы – тәжірибелік мақсатқа жету.

**Тәрбиелік мақсаттар** балалардың ағылшын тілін оқуға деген қызығушылығын арттыруды, оқу дағдыларын дамытуды көздейді.

**Жетілдіру мақсаттары** – ағылшын тілін оқыту барысында балалар өздерінің ой-өрісін, сезімдерін, зейінін, қиялын, ерік-жігерін, есте сақтау қабілетін, сөйлеу қабілеттерін дамытады, сонымен қатар, оқушылар ағылшын тілін зерттей отыра, өздерінің ана тілінің құбылыстарын да терең түсінеді. Балалар бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, өз бетімен жұмыс жасауға, басқа оқушылардың жұмысын қадағалауға үйренеді.

**Оқу-ағарту немесе тәжірибелік мақсаттар** – оқушыларды белгілі бір тақырыпқа ағылшын тілінде қарым-қатынас жасауды көздейді. Бұл тақырыптар бағдарламаға сай болуы керек.

**Тыңдауға үйрету.** 1-сынып. Оқушылар бір қалыпты жылдамдықтағы мұғалімнің сөзін немесе үнтаспаға жазылған мәтінді тыңдап түсіне алуы тиіс. Бұл материал бағдарламаға сай болуы керек және ойнау, оқу және тұрмыстық іс-әрекеттерімен қамтамасыз етуі керек. Балалар шет тіліндегі мәтіндерді жоғары дәрежеде түсінуі тиіс: олар мұғалімнің және құрбыларының өтініштерін қабылдап, сұрақтарға жауап бере алуы, өздерінің келісетінін немесе келіспейтінін, бір затты қолдайтынын немесе қолдамайтынын білдіре алуы тиіс.

Тыңдауға арналған мәтіндер біреудің қысқа немесе толық ойы ретінде, жай мәтін ретінде немесе мұғалімнің

әңгімесі ретінде дайындалған болуы тиіс. Мәтіннің ұзақтығы 0,5 минуттан аспауы керек. Сонымен қатар оқушылар сабақ барысында қолданылған мұғалімнің нұсқауларын түсінуі керек.

**Сөйлеуге үйрету. Диалогтік сөйлеу.** Оқушылар сұрақ-жауап, өтініш айту, нұсқау беру және т.б жұмыстар ретінде қарапайым іс-әрекеттерді жасай алуы тиіс. Балалар бөлік элементтерден жаңа, тұтас жағдай құра алуы керек. Оқушылар жалпы арнаулы сұрақтарды қоя алуы, әр түрлі сұрақтарға жауап бере алуы, өтініш, бір нәрсемен келісетінін немесе келіспейтінін білдіре алуы керек. Оқушылардың сөйлеу қарқынын өсіру қажет және әр оқушы сөйлегенде екі репликадан айтуы тиіс.

### **Монолог сөзі**

Оқушылар бағдарламаға сай әр түрлі жағдайлар туралы дайындықсыз өз ойларын жеткізе алуы тиіс. Осы жағдайлар ойын, оқу, тұрмыс іс-әрекеттерімен бірге байланысты болуы керек. Сөйлеудің көлемі – дұрыс құрылған 2-3 фразадан аз болмауы керек және олар суреттеу (суреттер, заттар), әңгімелеу (досы, отбасы мүшесі, үй жануарлары туралы) сияқты жұмыстармен байланысты болуы қажет.

Бірінші сынып оқушыларын ағылшын тілінде оқуға және жазуға үйретпейді.

### ***Сұрақтар мен тапсырмалар***

1. Ағылшын тілін үйретуді ерте жастан қолға алу нәтижелі дегенмен келісесіз бе?

2. Егер ағылшын тілін мектепке дейінгі балаларға немесе бастауыш сынып оқушыларына үйретуге тиісті болсаңыз, оқытуды неден бастар едіңіз?

3. 6-7 жастағы балаларға шет тілін үйретуде қандай қиыншылықтар кездеседі?

4. Шет тілін мектепке дейін және бастауыш сыныпта үйрету бойынша қысқаша мақала әзірлеңіз.

## **Шет тілін үйретуде ойын элементтерін пайдалану**

Шет тілін үйрету кезінде ойын элементтерін пайдалану оқушының шет тіліне деген қызығушылығын арттырып, жаңа тақырыпты жақсы түсінуіне әсер етеді. Ойын арқылы балалар шет тілінде жеңіл қарым-қатынас жасай алады және ойын кезінде оқушылар шаршағандарын сезбей, әсерлене, қызыға отырып шет тілін тез үйренеді.

Егер мұғалім ойынды тек балаларды көңілдендіруге, демалдыру үшін ойнатса, одан пайда болмайды. Ойын белгілі бір білім беруді мақсат етіп ойналған кезде ғана нәтижелі болады.

Ойын кезінде баланың мінез-құлқын, білімін, ой-өрісінің кеңдігін анықтауға болады және осы қасиеттер ойын кезінде қалыптасады.

### **Ойын дегеніміз:**

- 1) іс-әрекет (әсіресе, тілдік)
- 2) зорлықтың, қыстаушылықтың жоқтығы
- 3) жеке адамға ғана тән іс-әрекет
- 4) ұжым арқылы тәрбиелеу және білім беру
- 5) баланың психикасын, ой-өрісін дамыту
- 6) қызықтыра отырып үйрету

Сондықтан ойын элементтерін шет тілінде үйретуге пайдаланған кезде көп талаптар қойылады.

Ойынды мынадай мақсаттар қойып пайдалану керек:

- 1) белгілі бір қабілетті қалыптастыру
- 2) белгілі бір тілдік іс-әрекетті дамыту
- 3) шет тілінде екінші біреумен қарым-қатынас жасауға үйрету
- 4) қажетті мүмкіндік пен психикалық қызметті дамыту
- 5) білім беру
- 6) тілдік материалды еске сақтау

И.Н. Скаткин: "Балалар ойынның осы білім беру мақсаттарын байқамай ойын ойнап, көңіл көтере отырып, өзінің бір нәрсеге үйренгенін түсінуі керек", – дейді.

Шет тілінде лото, карта, домино, жұмбақтар, сөзжұмбақтар, байқаулар түрінде де, лингвистикалық ойындар, бөлмедегі жиһаздарды орнына қою, дүкендерді аралау, нәрселер сатып алу, т.б. түрінде де ойналады. Шет тілін үйрету ойынының мынадай түрлері бар:

- 1) фонетикалық ойындар
- 2) лексика-грамматикалық
- 3) рөлдегі
- 4) режиссерлік
- 5) орфографиялық

Шет тілі сабағының әр кезеңінде ойын элементтерін пайдалануға болады. Мысалы, сабақтың басында ұйымдастыру бөлімі кезінде алынатын фонетикалық рифмовка алған кезде: "Ал кәне, кім мына өлеңді бірінші жаттап алып, маған айтып берер екен", – деп жарыс ойынын ұйымдастырса және эстафета таяқшасын дайындап алып барып, оны алда отырған оқушыға берсе, ол оқушы өлеңді айтып болып, келесі оқушыға берсе, балалар жарыса отырып өлеңді қалай жаттап алғандарын байқамай да қалады.

Сабақ процесінде ойынды пайдаланылған кезде баланы "Не істеймін?", "Қалай айтам?", "Қалай жеңем?" деген сұрақтар ойландырады.

Шет тілін нашар білетін бала ойын кезінде басқалармен бірдей үйретіліп жатқан тілде сөйлеп, "Мен де басқалармен бірдей екенмін ғой", "Мен де біледі екенмін" деген ойда болады.

"Disjunctive Question" грамматикалық тақырыбы кезде "Бұл кімнің құйрығы?" – "Whose tail is it?" ойынын алуға болады. Ол үшін алмалы-салмалы құйрығы бар аңдардың суретін саламыз. Аңның денесіне сөйлем жазылады, ал құйрығына жалғасы жазылады.

"The tiger can sing", ал құйрығында "Can't it?" Осылайша әрбір аңның құйрығын қосып табу керек.

"Appearance" тақырыбын алған кезде "Whose birthday is today?" ойынын алуға болады. Мұғалім балаларға "One of you has a birthday today. Guess who he is".

Оқушылар:

What colour is her hair?

What colour are her eyes?

What is her nose like?

What is she wearing?

What is her hobby?

"20 Questions" ойынын да алуға болады. Лексикалық ойындар жаңа алынған сөздерді балалардың тез жаттауына, олардың түрлі жағдайларда пайдалануына, әрі тілін дамытуға көмектеседі.

Фонетикалық ойындар дыбыстарды дұрыс айтуға көмектеседі.

Жалпы шет тілін үйретуде ойын элементтерін пайдалану тілді үйренуді жеңілдетеді.

## **Ағылшын тілі сабағында қолданылатын сабақтық ойындар**

Төменде берілген ойындар костюм, арнайы орынды қажет етпейді, бұл ойындарды сабақ үстінде де, сабақтан тыс уақытта да қолдануға болады.

### **1-ойын**

Тақтада "Bingo" сөзі жазулы тұрады. Мұғалім балалармен бірге дөңгеленіп айнала отырып тақпақтың екі жолын айтады:

The farmer's dog is at our door.

And Bingo is his name.

Bingo, Bingo,

And Bingo is his name.

"Name" сөзіне келгенде барлығы тоқтайды. Балалардың біреуі тақтаға қарап B [bi:] әрпін айтады. Содан өзінің сол жағындағы көршісін көрсетеді. Ол келесі әріпті айтады I [ai], т.б. Осылайша сөздің соңғы әрпіне дейін жалғасады. Соңғы жолды балалар хормен айтады. Басқа да аттарды айтуға болады: Rex, Spot, Berry.

## 2-ойын

Сыныпқа жұмбақ берместен бұрын, оқушы өз отбасы туралы айтып береді:

"My family is large. I have a mother, a father, a grandmother, a grandfather and sister Mary. I have uncles and aunts, too".

Guess my riddle: His name is John.

He is not my uncle.

He is not my father.

He is not my grandfather.

Who is he? (answer: He is your brother)

## 3-ойын

Мұғалім сыныппен бірге айтады: "Will you count to two?"

Оқушылар: one, two.

Мұғалім: Will you count to three?

Guest like me: one, two, three.

Оқушылар: One, two, three.

Мұғалім: Will you count to eight?

Оқушылар: One, two three... eight.

Мұғалім: Don't be late.

Will you count to nine?

Оқушылар: One, two... nine.

Мұғалім: That's fine.

And we then count to ten.

Оқушылар: One, two... ten.

## 4-ойын

Барлық оқушыларда түрлі-түсті қарындаштар болуы керек. Мұғалім ойынның шартын түсіндіреді. "Балалар, сендер жаңбырдан кейін кемпірқосақ шығатынын білесіңдер. Осындай кемпірқосақты салып көрейік. Бірақ мынандай шарт бар: мен ағылшын тілінде түстерді атаймын, сендер сол бойынша сурет саласындар. Мынандай ретте салайық: red, orange, yellow, green, blue, violet.

Оқу процесінде ойын ойнау аса маңызды. Оқушыларды рөлге бөліп ойнату – олар үшін пайдалы, себебі өз білімін күнделікті өмірдегі нақты жағдайда қолдана білуге

үйретеді. Оқушы еркін де тез және ұтымды сөйлеуге үйренеді. Бірте-бірте ағылшын тілінде ойлау қабілеті арта түседі. Ойын кезінде бұрынғы өткен сөздер мен сөз тіркестері және грамматикалық материалдар қайталаанады.

## **Поэзия мен прозалық тақырыптарды жаттау кезіндегі жұмыстар**

Поэзиялық өлеңдер мен прозалық тақырыптарды жаттап айту оқушының шет тіліндегі тіл байлығын дамытады, оқу жылдамдығын арттырады, дыбыстарды айту деңгейін жақсартады. Өлеңдер, прозалық тақырыптар жазылған материалды толық түсінгеннен және дұрыс дыбысталғаннан кейін ғана жатталады.

Оқытудың бірінші кезеңінде қысқа өлеңдер мұғалімнің қайталауымен жатталады:

All About Me  
Things I do slowly  
Treasures I have  
People I like  
Things that annoy me  
Games I like to play  
Foods I like to eat  
Things that scare me  
Places I'd like to visit

Фонограмма мен кестені пайдаланайық.

Қысқа өлеңдер мен қара сөз үзінділерін жаттаудың мынадай үлгісі бар.

1. Егер өлеңнің ішінде жаңа сөз кездесе, мұғалім сөзді дұрыстап түсіндіріп, керек кезінде тақтаға аудармасы мен транскрипциясын жазуы керек.

2. Мұғалім өлеңді өзі жатқа айтуы керек және оқушылар синтагмаға бөлінген өлең жолдарын мұғалімнің артынан қайта-қайта қайталауы керек:

- а) хормен
- ә) жеке өзі

Мұғалім өлеңді екі жолдан оқиды. Оқушылар соңынан қайталайды.



3. Ең соңында мұғалім толығымен оқиды. Ал оқушылар хормен түгелдей қайталауы тиіс, кейбір қабілетті оқушылардан жатқа айтуын сұрайды. Екінші және жоғарғы кезеңдерде егер ағылшын классиктерінің өлеңдері алынатын болса, мұғалім автор туралы қысқаша айтып кетуі тиіс және автордың портретін немесе суретін қолдануына болады. Содан кейін өлең беріледі.

Сынып оқушылары мәтін немесе өлеңді оқиды. Бұдан кейін өлең немесе мәтін аударылады. Мұғалім тағы бір рет оқып шығады, оқушылар жеке-жеке бөлгеннен кейін түгелдей оқиды. Өлеңді немесе мәтінді жаттап келуге үйге тапсырма беріледі де, келесі сабақта тексеріледі.

Жаттауға берілетін мәтіндер бұрыннан белгілі тақырыптан алынуы тиіс және өте ұзын болмауы керек.

Оқытудың алғашқы кезеңінде ол 2-3 жол ғана болса, ал жоғары сыныптарда 5-6 жол болуы керек, бірақ ол бір-бірімен байланысқан, аяқталған толық ойды беретін болуы тиіс.

## ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. *Мектепке дейінгі және бастауыш сынып оқушыларына ағылшын тілін қай түрде үйреткен тиімді?*

- а) ойынның іс-әрекеті арқылы
- ә) сұрақ-жауап түрінде
- б) оқу іс-әрекеті арқылы

2. *Бала-бақшада шет тілін үйретудің нәтижесінде балалар нені білуі қажет?*

- а) монологтық сөз сөйлеуді
- ә) мәтінді оқып түсінуі керек
- б) қысқа әңгімелер айтып, шет тілінде айтылған өтініштерді, бұйрықтарды түсінуі керек

3. *Қай кезеңнің балалары ойын іс-әрекетінен оқу іс-әрекетіне көшетінін анықтаңыз:*

- а) мектепке дейінгі балалар
- ә) бастауыш сынып оқушылары
- б) орта кезеңнің оқушылары

*4. Ағылшын тілін ерте оқытудың негізгі мақсатын көрсетіңіз:*

а) балаларды ағылшындармен қарым-қатынас жауауға өзірлеу

ә) ағылшын тілінде түпнұсқа кітаптарын оқу үшін

б) ағылшын тілін оқытудың сапасын көтеру үшін

*5. Бірінші сынып оқушыларына ағылшын тілін үйреткенде қандай*

іс-әрекетке көп көңіл бөлінбейді?

а) ауызша сөйлеу іс-әрекетіне

ә) оқу іс-әрекетіне

б) ойын іс-әрекетіне

*6. Шет тілін оқытуда ойын элементтерін пайдалану қандай мақсатты көздейді?*

а) белгілі-бір қабілетті қалыптастыру

ә) тілдік материалды еске сақтау

б) монологтық сөйлеуге үйрету

*7. Поэзия және прозалық тақырыптарды жаттау қандай мақсатты көздейтінін анықтаңыз:*

а) шет тіліндегі тіл байлығын дамыту, оқу жылдамдығын арттыру, дыбыстарды айту деңгейін жақсартады

ә) шет тілінде екінші біреумен қарым-қатынас жауап, әңгімелесуге үйретеді

б) қажетті мүмкіндік пен балалардың психологиялық мүмкіндіктерін дамытады

*8. Поэзиялық өлеңді үйретуде мұғалім өзі қалай айтуы керек?*

а) жатқа айтуы керек

ә) оқып айтуы керек

б) аударып айтуы керек

*9. Жаттауға берілетін мәтіндер қандай түрде берілетінін анықтаңыз.*

а) бұрыннан белгілі тақырыпта

ә) белгісіз тақырыпта

б) көлемі өте ұзын тақырыпта

**Жауаптары:**

1) а 2) б 3) ә 4) б 5) ә 6) б 7) а 8) а 9) а

## **Бастауыш мектепте ағылшын тілі пәні бойынша сабақтан тыс жұмыстарын жүргізу туралы әдістемелік нұсқаулар**

Шет тілі пәні бойынша жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстар деп мұғалім көмегі арқылы немесе өздігімен жасайтын оқушы жұмысын атаймыз.

Сыныптан тыс жұмыс – бұл оқушылардың тілін дамыту үшін қолданатын қосымша шаралардың жүйесі болып табылады, ол оқушылардың біліктіліктері мен дағдыларын дамытады және оның тәрбиелік маңызы зор.

Әр сыныптағы оқытудың кезеңіне сай өткізілетін шаралар әр түрлі болуы тиіс.

### **Үйірме жұмысы**

Үйірме – сыныптан тыс жұмыстың бір түрі. Үйірмедегі жұмыстың түрлері көп және оның мазмұны да алуан түрлі. Төмендегі үйірмелердің түрлерін ұсына отырып, олардың әр түрлі мақсаттарына, мазмұнына және формаларына назарларыңызды аударамыз.

#### *1. Дұрыс сөйлеу дағдыларын дамытатын үйірмелер*

Үйірменің міндеттері дұрыс сөйлеуге үйрену үшін қосымша уақыт, жеке жұмыс талап ететін оқушылардың үйірме арқылы сөйлеу, тыңдау қабілеттерін дамыту. Әрине, сөйлеу біліктіліктерін әлі де жақсартуды мақсат ететін, үздік оқитын балалар да қатыса алады.

Бұл үйірмеде жаттығу жұмыстарына көп көңіл бөлінеді.

Дауыс ырғағымен жұмыс дыбыстардың, сөздердің, сөйлемдердің айтылу жолдарына үйрену – осы үйірменің негізгі мазмұны.

Бұл үйірмеде балалар сөйлемдермен, қысқа мәтіндермен, тақпақтармен жұмыс жасайды. Сондықтан оқытудың техникалық құралдары кеңінен қолданылуы керек.

Дәстүрлі сабаққа қарағанда, үйірмеде мұғалім оқушылардың фонетикалық білімдерін, сөйлеу біліктіліктері мен дағдыларын түсінікті және қызықты түрде кеңейтеді. Техникалық оқыту құралдары, ойын элементтері бұл үйірмеде кеңінен қолданылуы керек.

## *2. Мәнерлеп оқу үйірмесі*

Мәнерлеп оқу үйірмесінің маңызы зор. Бұл үйірмеде оқушы өзінің ойларын тек лексикалық, грамматикалық құралдармен ғана емес, сонымен қатар фонетикалық құралдармен де білдіре алады, себебі олар сөздердің айтылу жолдарымен, сөйлемдердің дауыс ырғағымен, әуенімен көп жұмыс жасайды.

Мәнерлеп, дауыстап оқу барысында, оқушы өзінің сөзін бағалауға, қате жасамауға тырысады.

Оқытудың бастауыш кезеңінде дауыстап, мәнерлеп оқу балалардың оқылып жатқан мәтіндердің мазмұнын түсінуіне ықпал етеді.

Мәнерлеп оқуға үйрету үшін проза, поэзия үзінділерін пайдалану керек. Балалардың жетістіктерін бағалау үшін және олардың қызығушылығын арттыру үшін әр түрлі оқу сайыстарын өткізу керек.

Бұл үйірмеде жаттығу жұмысы да, жетілдіру жұмысы да жүргізіледі.

Үйірмені ұйымдастырып, басқару үшін мұғалім шетел әдебиетін, шет тілдегі мәтіндерді түсіндіре білуі керек. Сонымен қатар, мұғалім шет тіліндегі мәтіндерді өзі мәнерлеп оқып, оқушылар оқып жатқан материалдарды тыңдап, түсіне алуы керек.

## *3. Драма үйірмесі*

